

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



*Қазақстан*  
**КОММУНИСТІ**



# Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

4 АПРЕЛЬ 1969 | 1921 жылы сентябрьден бастап шығып келеді

## М А З М Ұ Н Ы

### ЛЕНИНИЗМ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Бас мақала — Жеңімпаз ұлы туымыз . . . . .	3
З. Әйтімов — Жасампаз еңбектің қуатты қайнары . . . . .	10

### ЛЕНИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

А. Неклюдов — Республикамыздың інжу-маржаны . . . . .	15
М. Сужиков — Баспалардың мерекелерге тартуы . . . . .	22

### КӨСЕМНІҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

В. И. Ленин өмірбаянының қысқаша очеркі . . . . .	26
Ғ. Гребенников — Ильичтің жұмыс күні . . . . .	36
С. Шошанов — Ұлы өмір белестері . . . . .	40

### ҰЙЫМДАСТЫРУ-ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫ

Коммунистің үлгі-өнегесі . . . . .	45
А. Жеглов — Біздің селоға көмегіміз . . . . .	51

### ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ө. Көкебаева — Бұқараның шалқар шабыты, К. Балтекова — Саяси жұмыстың арқауы . . . . .	54
К. Шамаева — Насихатшылар көмекшісі . . . . .	57

### АРДАҚТЫ, АБЗАЛ ЖАНДАР

С. Бейсенбаев — Партияның адал перзенті . . . . .	60
---	----

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫҢҚА

С. Сартаев — химия өнеркәсібінің кең өрісі . . . . .	65
--	----

### ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНДА

Қазақстанның мол астығы үшін . . . . .	70
Бүгінгі күннің тыныстары . . . . .	71

Облыстық газеттерден . . . . .	72
--------------------------------	----

### СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

К. Әбілдаев — Асқан парасатты адам . . . . .	77
Жаңа кітаптар . . . . .	79

# СОДЕРЖАНИЕ

## ЛЕНИНИЗМ И СОВРЕМЕННОСТЬ

- Передовая — Наше великое непобедимое знамя . . . . . 3  
З. Айтимов — Могучий источник трудового героизма . . . . . 10

## ЛЕНИН И КАЗАХСТАН

- А. Пеклюдов — Жемчужина республики . . . . . 15  
М. Сузжиков — Издатели — к знаменательным датам . . . . . 22

## СВЕТЛЫЙ ОБРАЗ ВОЖДИ

- Краткий биографический очерк о В. И. Ленине . . . . . 23  
Г. Гребенников — Рабочий день Ильича . . . . . 36  
С. Шошанов — Вехи великой жизни . . . . . 46

## ОРГАНИЗАЦИОННО-ПАРТИЙНАЯ РАБОТА

- Личный пример коммуниста . . . . . 45  
А. Жеглов — Мы помогаем селу . . . . . 51

## ВОПРОСЫ ИДЕОЛОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ

- О. Кокебаева — Широкая активность масс, К. Балтекова — Главное в политическом воспитании . . . . . 54  
К. Шамасва — Наставник пропагандиста . . . . . 57

## БОРЦЫ ЗА НАРОДНОЕ СЧАСТЬЕ

- С. Бейсембаев — Верный сын партии . . . . . 60

## НА ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ТЕМЫ

- С. Сартаев — Горизонты химической промышленности . . . . . 65

## В ПАРТИЙНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

- За большой казахстанский хлеб . . . . . 70  
Будни наших дней . . . . . 71  
По страницам областных газет . . . . . 72

## КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

- К. Абильдаев — Самый человечный человек . . . . . 74  
Новые книги . . . . . 79

ГОС. БИБЛИОТЕКА  
КСС им. А. С. Пушкина  
Книг. № 16960



## Жеңімпаз ұлы туымыз

Бұл күндері барлық елдердің жұмысшы табы мен еңбекшілері, барлық маркстіл-лениншілдері жаңа тұрпатты большевиктер партиясын құрған, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің іргесін қалаған асқан кеменгер көсеміміз, жалпы әлемдегі пролетариат пен халықаралық коммунистік қозғалыстың ең сүйікті жолбасшысы Владимир Ильич Лениннің туғанына 99 жыл толуын ежелгісіндей тасқын жігермен, шарықтаған шабытпен атап өтуде. Енді бір жылдан кейін барша прогресшіл адамзат тарихта теңдесі жоқ революциялық ақыл-ой данышпанының 100 жылдығын ең сәулетті, ең қуанышты мерекесі ретінде тойлайтын болады.

Совет адамдары бұл күндері В. И. Лениннің ақыл-парасатымен, мезгеуімен жүріп өткен жолына көз жібереді, кешегісі мен бүгінгісі салыстыра келіп, жеткен биік мәртебесін, самғап шыққан асқар шыңның мақтаныш етеді, бүкіл еліміздің, әрбір республика мен облыстың, қала мен ауданның, коллектив пен семьяның тарихынан, тұлғасынан, бейнесінен, көркінен көсемнің өшпес идеяларының құдіретті шапағатын көреді де, еңбекші атаулыға істеген бар жақсылығы үшін оған шын жүректен шексіз алғысын айтады, Ильич идеялары мен өсиеттерінің нұрлы шұғыласымен ертеңгі алар асуларын, мезгеулі мақсат-мұратына, арман-тілегіне жеткізетін жолдарын белгілейді.

Совет халқы КПСС XXIII съезінің шешімдерін жүзеге асыру, бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын татымды тартулармен қарсы алу жолындағы күресте былтырғы жылды да келелі жеңістермен аяқтады.

Елімізде, оның ішінде Советтік Қазақстанда 1968 жылдың жоспары өнеркәсіпте барлық негізгі көрсеткіштер бойынша асыра орындалды. 1967 жылғымен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі өткен жылы Одақ бойынша 8,1 процент, біздің республикада 8,6 процент өсті. Бұл жерде ескерте кететін бір жайт, өнеркәсіп өндірісінің өсу қарқыны Қазақстанда бүкіл еліміздегі орташа мөлшерден едәуір жоғары болды. Өнеркәсіптің металлургия, машина жасау, химия, мұнай шығару, электр қуатын өндіру сияқты аса маңызды тараулары өте-өте шапшаң өркендеді.

1968 жылы біздің республикада 1967 жылмен салыстырғанда 3,8 миллиард киловатт-сағат электр қуаты, 1,8 миллион тонна мұнай, 238 миллион текше метр газ, 2,2 миллион тонна көмір, 34 мың тонна болат, 448 мың тонна прокат, 73 мың тонна минералдық тыңайтқыш артық өндірілді. Халықтың қажетіне орай киім, аяқ киім, мебель, азық-түлік тағамдары сияқты товарлар да өткен жылы едәуір көп шығарылды.

Лениндік партияның алғыр ойынан, данышпандық ақыл-парасатынан туған жаңа экономикалық саясат игі жемістерін беріп отыр. 1968 жыл басталғанға дейін елімізде жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесі бойынша 27 мың өнеркәсіп орны жұмыс істеді. Өткен жыл ішінде елімізде өндірілген бүкіл өнеркәсіп өнімінің 72 проценттен көбірегі, түскен пайданың 80 проценттен астамы жанаша жұмыс

істеуші өндіріс коллективтерінің үлесіне тиеді. Қазақстанда жаңа жүйе бойынша жұмыс істеуші 900 кәсіпорын республика өнеркәсіп өнімінің 70 процентін өндіреді, барлық пайданың 85 процентін, өнеркәсіп өнімі өсімінің 60 процентін береді.

Бұл табыстарға еңбек өнімділігін арттыру, қаражат, материал мен еңбек күштерін, техника мен құрал-жабдықтарды барынша тиімді пайдалану, өндіріс технологиясын жетілдіре түсу арқасында қол жетіп отыр.

1968 жылы елімізде 300-ден астам жаңа ірі кәсіпорындар іске қосылды. Қазақстанда былтыр пайдалануға берілген кәсіпорындардың ішінде Ермак электр станциясының 1-номерлі турбинасы, Жамбыл қос суперфосфат заводы, Павлодар трактор заводының бас корпусы, Алматы мақта-мата комбинатының бірінші кезектегі әрлеу өндірісі және басқалары бар.

Өткен жылы Совет Одағында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 81 миллиард сом болды, ал мұның өзі бұдан бұрынғы жылдардағыдан анағұрлым артық. Былтыр Қазақстан ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1961—1965 жылдардағы орташа жылдық дәрежеден 25 процент, 1967 жылғы дәрежеден 7,5 процент асып түсті. Былтыр астықтың жалпы түсімі 1961—1965 жылдардағы орташа жылдық мөлшерден 5 миллион тонна, яғни 34 процент артты. Өткен жылы Орал, Шымкент, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Ақтөбе, Қызылорда облыстарының колхоздары мен совхоздары бітік егін өсірді. Былтыр республикамызда күріш түсімі 197 мың тонна болды, бұл 1961—1965 жылдардағы орташа мөлшерден 3,4 есе артық. Нақ сол жылдардағымен салыстырғанда фабрикалық қант қызылшасының өнімі 46 процент көбейді. Бұрнағы жылғымен салыстырғанда өткен жылы өндірілген және мемлекетке тапсырылған мал шаруашылығы өнімдерінің мөлшері де едәуір артты.

Ауыл шаруашылығы бұрынғыша үздік техникамен мол жабдыкталып отырды. 1968 жылы республиканың ауыл шаруашылық өндірісіне мемлекет пен колхоздар тарапынан 840,8 миллион сом күрделі қаржы жұмсалды, 22,5 мың нақты трактор, 6,2 мың жүк автомобилі, 8,4 мың астық комбайны және басқа көптеген құрал-сайман берілді, егіс далаларына 1 миллион 52 мың тонна минералдық тыңайтқыш жеткізілді, яғни бұл бұрнағы жылғыдан 297 мың тонна артық.

Бесжылдықтың үш жылы ішінде ұлттық табыс, өнеркәсіп өндірісінің көлемі, транспорт, жүк тасымалы, бөлшек сауда айналымы, халықтың нақты табысы, жұмысшылар мен қызметшілердің орташа жалмақысы, колхозшылардың еңбекақысы сияқты аса маңызды көрсеткіштер бойынша халық шаруашылығының өсу қарқыны КПСС XXIII съезінің Директиваларында белгіленген мөлшерден, яғни бесжылдықтың орташа жылдық қарқынынан жоғары болып отырды.

В. И. Ленин үйреткендей, социалистік құрылыстың мақсаты — «коғамның барлық мүшелерінің толық әл-ауқатын және жан-жақты еркін дамуын» қамтамасыз ету. Көсемнің бұл қаридасы Коммунистік партияның саясатының негізгі арқауы, жетекші принципі болып отыр. Социализм мен коммунизм орнату процесінде бұл принциптің өмір шындығына айналғанын, совет адамдарының әл-ауқаты мен мәдени дәрежесінің үздіксіз өсе түскенін мына мысалдардан айқын көруге болады.

Біздің республиканың ұлттық табысы 1968 жылы бұрнағы жылмен салыстырғанда 9,2 процент, жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысы 3,7 процент өсті; халыққа берілген түрлі төлемдер мен жеңілдіктер 2,8 миллиард сом болды, яғни 1967 жылғыдан 13 процент артық. Былтыр жалпы көлемі 6 миллион 218 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, 66,1 мың шәкіртке арналған жаңа мектептер, мектеп жасына дейінгі 17,8 мың бөбекті баулып өсіретін тәрбие жайлары салынды. Медицина және мәдени ағарту мекемелерінің саны едәуір көбейді, халыққа медициналық және мәдени қызмет көрсету ісі айтарлықтай

жақсартылды. Сондай-ақ қалаларды, қалалық поселкелер мен аудан орталықтарын көркейту жөнінде көп жұмыс істелді.

Қазіргі кезде республиканың жалпы білім беретін мектептерінде 3 миллион 65,4 мың, жоғары дәрежелі және арнаулы орта дәрежелі оқу орындарында 393,3 мың адам оқиды. Ғылыми мекемелерде, жоғары оқу орындарында және басқа ұйымдарда істейтін ғылыми қызметкерлер саны 23,5 мыңға жетіп отыр.

В. И. Ленин ғылымды буржуазияның шырмауынан, капиталдың қыспағынан тек социализм ғана азат ете алады, ғылымның керемет табыстары мен мол жемістерін тек социализм ғана халықтың игілігіне айналдыра алады деген еді. Кеменгер көсеміміздің мезгіл айтқаны дәл келіп отыр. Коммунистік партияның дана басшылығымен баянды етілген совет құрылысы ғылыми ойдың шырқау биікке көтерілуіне, халықтың қалың ортасынан шыққан өрендердің дарыны мен талантының, шабыты мен өнерінің шарықтап өсуіне кең өріс ашты.

Біздің заманымыз шын мәнісінде космос заманы болып отыр. Совет адамы космос әлеміне бірінші болып жол салды. Таяуда ғана адамзат әлем кеңістігін игерудегі тағы бір таңғажайып кереметтің куәсі болды. Биылғы жылдың бас кезінде ұшқыш космонавтар Владимир Шаталов, Борис Волинов, Евгений Хрунов және Алексей Елисеев аса қиын ғылыми-техникалық экспериментті жүзеге асырды. Орбитада ұшқан сапарында «Союз-4» және «Союз-5» корабльдері сәт рет маневр жасай отырып, бір-бірімен жақындаса келіп, тұтасып тіркесті. Соның нәтижесінде тұңғыш рет эксперименттік космос станциясы құрастырылып, ойдағыдай жұмыс істеді. Космонавтар А. С. Елисеев пен Е. В. Хрунов космос кеңістігі арқылы бір корабльден екінші корабльге өтті. Космосты игеруде жаңа тарихи кезеңді бастаған совет адамдарының ерен ерлігі, совет ғылымы мен техникасының жаңа салтанаты жалпы әлемді тандандырды.

Биыл март айында Коммунистік Интернационалдың құрылғанына 50 жыл толды. В. И. Лениннің тікелей жетекшілігімен ұйымдастырылған Коминтерн 1919—1943 жылдар бойында дүние жүзі жұмысшы табының революциялық күресінің ұйтқысы болды, халықаралық коммунистік қозғалысты дамытуда зор роль атқарып, оның заманымыздағы ең қуатты да беделді күшке айналуына негіз қалады. Коминтерн пролетарлық интернационализм туын жоғары көтеріп, оппортунизмге, ревизионизмге, ұлтшылдық көріністеріне үзілді-кесілді қарсы шықты, марксизм-ленинизм идеялары мен принциптері үшін қажырлы күрес жүргізді.

В. И. Ленин өзінің данышпандық еңбектерінде халықаралық коммунистік қозғалыстың теориялық, саяси және ұйымдық мәселелерін зерттеп шешті, марксизм идеялары негізінде, үш революцияның от-жалынында өсіп шыныққан большевиктер партиясының тәжірибесін терең талдау нәтижесінде коммунистік партиялардың стратегиясы мен тактикасын белгілеп берді.

Коминтерннің басшылығы арқасында жер шарының барлық континенттерінде коммунистік партиялар қалыптасып, тәрбиеленді, идеялық жағынан өсіп, шынықты, жұмысшы табының жеңіске бастайтын шынайы революцияшыл ұйымы шыңдалды. Сондықтан да Коминтерннің лениндік дәстүрлері, оның жинақтаған тәжірибесі қазіргі заманда өмірлік маңыз алып отыр.

Халықаралық коммунистік қозғалыстың проблемалары Совет Одағы Коммунистік партиясының қызметінде көрнекті орын алып келеді. Бұл проблемалар партияның XXIII съезінде, КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдарында талқыланды.

Қазіргі кезде марксист-лениншіл партиялардың халықаралық Кеңесін өткізу мәселесі алға қойылып отыр. Бұл Кеңестің мақсаты — коммунистік және жұмысшы партияларының бірлігін нығайту, барша революцияшыл отрядтар жинақтаған тәжірибе мен мүмкіндіктерді империализм мен реакцияға қарсы жұмсау, революциялық процесті бөге-

мек болатын, социализм елдерінің арасына ірткі салғысы келетін реакцияшыл күштерге тойтарыс беру әдістері жөнінде келісіп алу, коммунистік қозғалыстағы елеулі алауыздықтарды жойып, барлық прогресшіл және революцияшыл күштерді біртұтас майдан етіп біріктіру.

Үстіміздегі жылы июнь айында Москвада өткізілетін Кеңес жұмысшы табының түпкі мақсаттары жолындағы күресте коммунистік қозғалысты жаңа белеске шығармақ.

Социалистік идеология мен буржуазиялық идеология арасындағы күрес барған сайын шиеленісе түсуде. Социалистік елдер мен коммунистік қозғалыстың бірлігін әлсіретуге, социалистік қоғамды іштен ірітуге әрекеттену қазір империалистік мемлекеттердің ең басты нысаны, негізгі саясаты болып отыр. Әсіресе олар социализм системасында ең шешуші күш болып отырған Совет Одағына қарсы қолдан келген қаскүнемдігін істеп бағуда. Бұл ретте ақты қара етіп көрсету, түрлі өтірік-өсек, жалған лақап тарату, көрнеу жала жабу — империалистік насихаттың ең үйреншікті әдісі. Мәселен, Чехословакиядағы оқиғаларға байланысты империализм итаршылары осы әдісін кеңінен қолданды, күні бүгінге дейін қолданып та келеді.

Империалистік және реакцияшыл күштер өздерінің жауыздық ниетін іске асыру үшін радионы барынша пайдалануда. Соңғы жиырма шақты жылдың ішінде Совет Одағына қарсы хабар тарататын радио станцияларының саны да, радио хабарларының аумағы да еселеп өсті. Мәселен, 1948 жылы дүшпандардың біздің елге қарсы радио насихаты аптасына екі сағаттан аспайтын, ал 1968 жылы ол 1 400 сағатқа жетті. Әсіресе «Америка үні» (АҚШ), «Би-Би-Си» (Англия), «Неміс толқыны» (Батыс Германия) сияқты кең салалы радио станциялары күн сайын біздің елге қарсы нағыз өшпенділікпен жын-көбігін шашуда. Бұлардың аппаратында мындаған адам қызмет етеді, осынау империализм малайларының ішінде өз Отанын сатып кеткен опасыз, азғын элементтер де бар.

Шетел радио станциялары Совет Одағын мекендейтін түрлі ұлттарға арнап ұдайы дүшпандық хабар таратып отырады. Хабар барлық одақтас республикалар мен кейбір автономиялы республикалардың тілдерінде жүргізіледі. Тегінде бұлар Совет Одағы халықтарының достығын бұзу, бір халықтың мүдделерін өзге халықтардың мүдделеріне және совет халықтарының ортақ мүдделеріне қарсы қою, жеке халықтардың ұлттық мәдениеттерін бір-біріне қарсы қою, орыс халқының көп ұлтты Совет мемлекетінің тіршілігінде атқаратын ролін бұрмалап көрсету ниетін көздейді.

Қазіргі тарихи заман Ленин есімімен тығыз байланысты. Ленин идеялары адамзаттың дамуына күдіретті әсерін тигізуде. Ленинизм — дүние жүзілік коммунистік және жұмысшы қозғалысының туы, ұлт-азаттық күштерінің, барша прогресшіл күштердің туы. Дүние жүзінде бұрын еонды бірде-бір кемеңгер ойшылдың еңбектері нақ В. И. Лениннің данышпандық еңбектеріндей көп тараған емес, барлық континенттер мен елдерде еңбекшілердің ақыл-парасаты мен сана-сезімін нақ мұншалық терең баурап алған емес. Ленин еңбектері жер шарын мекендейтін жүзден астам халықтың тілінде басылып шықты, планетамыздағы халықтар тіліне аударылу аумағы жағынан бұл еңбектер бірінші орын алып отыр. Империалистер Лениннің ұлы ілімінен, оның идеялық күшінен өлердей қорқады. Сондықтан да олар ленинизмнің жетекші қағидалары мен принциптерінің беделін түсіруге, маңызын кемітіп көрсетуге жан таласып әрекеттенуде. Осы мақсатпен империализм жаршылары марксизм-ленинизмге қарама-қарсы «халықтық капитализм», «демократиялық социализм», «капитализм мен социализмнің жымдасуы» дейтін сияқты алуан түрлі теориясымақтарды ойлап шығаруда.

Совет Одағы мен біздің Коммунистік партияға неше түрлі жаға жабуға келгенде, совет халқының тіршілік-тынысын дақтап, қаралауға



келгенде Пекин радиосы да империалистік суайттардан қалыспай отыр. Әсіресе соңғы кезде, Советтік Қиыр Шығыстағы Дамаң аралында болған оқиғаларға байланысты Мао Цзэ-дун тобы СССР-ге және басқа социалистік елдерге қарсы бастаған идеологиялық науқаның нағыз дұшпандық, қаскүнемдік бағытта жүргізуде. Осыған байланысты «Нью-Йорк таймс» газеті: қазіргі антисоветтік науқан Джонсоннан бастап Мао Цзэ-дунға дейін ерекше «біртұтас майдан» сияқты сипат алып отыр деп қуана жазды.

Батыс Германия реваншистері мен неофашистері маошылдардың Совет еліне шаптыққан шулы науқаның, Қиыр Шығыстағы совет шекарасында жасаған арандатушылық әрекеттерін барынша қолпаштап, Мао Цзэ-дунды «ұлы адам» деп дәріптеп отыр. «Еруліге қарулы» дегендей, маошылдар герман реваншистеріне тәжім етіп, екінші дүние жүзілік соғыстан кейін қалыптасқан шекараларды қайта қарау жөніндегі олардың сорақы талаптарын мақұлдап келеді. Ол тұрсын, Мао Цзэ-дун тобы атышулы реваншист Штраустын және Гитлердің идеялық мұрагері фон Тадденнің әуеніне төңкеріліп, Герман Демократиялық Республикасы түріндегі суверенді социалистік мемлекетті өз атымен атамай, советтік оккупация аймағы деген көнетоз терминді қолданып отыр.

Американ империализмін, осынау «қағаз жолбарысты» жойып жібермек болып, маошылдар күні кеше ауызша және қараз жүзінде айбат шегіп жүрмеп пе еді?! Ал бүгін оның бәрін ұмытқан маошылдар нақ сол империалистерді жамандауын қойып, олармен мәмлеге келу жолын іздестіруде, оларға жылы шырай білдіруде!

Югославия басшыларын ревизионистер деп айыптап, маошылдардың оларды жермен-жексен етіп жүргені күні кеше емес пе еді?! Ал Чехословакиядағы оқиғалар тұсында маошылдардың нақ сол ревизионистермен тіл табысқанын, солармен бірге нағыз реакцияшыл және оңшыл элементтерді барынша көтермелеп отырғанын кім білмейді!

Мынадай сұрау туады: ержүрек вьетнам халқының американ империализміне қарсы күресін қолдап, оның жеңіп шығуына барынша көмектесу орнына Мао тобының совет қару-жарағын Қытай жері арқылы вьетнамдарға жеткізуге көбіне бөгет жасап, американ империалистерімен мәмлеге келуге ашықтан-ашық бет бұрғаны қалай? Араб елдерінің бостандығы мен тәуелсіздігіне қатер төндірген Израиль агрессорларын ауыздықтауға көмектесу орнына маошылдардың нақ сол соғысқұмарларды және оларға дем беруші империалистерді қолдап отырған себебі не? Европадағы және дүние жүзіндегі халықтардың бейбіт өмірі мен қауіпсіздігін тағы да бұзғалы жүрген Бонн басшыларының милитаристік талаптарына үзілді-кесілді тыйым салу қажет болып отырғанда Мао Цзэ-дун тобының реваншистермен, неофашистермен ауыз жаласуы қалай? Империализмге қарсы, бейбітшілік, демократия және социализм жолында күресуші революцияшыл және прогресшіл күштерді барынша қолдау, олардың ынтымағы мен бірлігін нығайта беру керек болып отырғанда өздерін революцияшылдар деп, маркешіл-лениншілдер деп атайтын қытай басшыларының халықаралық коммунистік қозғалыстың қатарына ірткі салып отырғанын, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетке, ленинизм Отанына нағыз дұшпандықпен тиісіп отырғанын, тіпті совет шекарасында ең сұмпайы арандатушылық әрекет жасап, қан төгуге дейін барғанын қалай түсіндіруге болады? Мұның сыры неде?

Мұның сыры мынада. Біріншіден, Мао Цзэ-дун тобының ішкі саясаты толық күйреп қалды. Маошылдар жүзеге асырып отырған «мәдени революция» дейтін нәрсе қытай халқы үшін сөйқанды болып шықты. Елдің экономикасы құлдырап, жұмысшылар мен шаруалардың тұрмысы нашарлап кетті, демократиялық принциптер, мәдениет мұралары мейізгі дәстүрлер аяққа басылды, Мао Цзэ-дунның саясатына қосылмағандар қатты қуғынға ұшыратылды, Қытай Коммунистік партиясы іс жүзінде таратылып, әскери-бюрократтық диктатура орнатылды. Осының

бәрі қалың еңбекшілер арасында наразылық туғызбай қойған жоқ. Маошылар өздерінің ішкі саясатының онбай күйрегенін бүркеу үшін, ел ішіндегі наразылықтың бетін басқа жаққа аудару үшін қытай халқының басына түскен барлық машақаттар жөнінде Совет Одағын айыптап, санасы жетілмеген топтар арасында, әсіресе жастар арасында өшпенділік пен ұлтшылдық уын таратып отыр.

Екіншіден, Мао Цзэ-дун тобы басқа елдерді өз ықпалына бағындыру, оларға үстемдік орнату мақсатымен авантюристік, гегемоншылдық саясат жүргізіп келеді. Бірақ маошылардың бұл саясаты да сәтсіздікке ұшырады, өйткені олардың шын сипатын таныған халықтар іргесін аулақ сала бастап отыр. Қытай басшылары бұл жөнінде де Совет Одағын кінәлі етіп көрсеткісі келеді.

Үшіншіден, Мао Цзэ-дун тобы социализм системасы мен капитализм системасы арасындағы шиеленісе түскен қайшылықты пайдаланып, өзіне олжа түсіруді, атап айтқанда АҚШ пен Батыс Еуропа империалистеріне жағынып, олардан кредит, қару-жарак, құрал-жабдық түрінде көмек алуды көздеп отыр. Маошылардың өте-мөте қазіргі кезде анти-советтік науқанды күшейте түсіп отырған себебі, ежелгі орыс жері — Даман аралына сұғын қадап, қанды шенгелін салған себебі міне осы. Ал «территория дауы» дейтін сылтауға келетін болсақ, дүние жүзіндегі адал ниетті адамдар маошылар талабының мүлде қисынсыз екенін көріп біліп отыр. Өйткені шын қытай жерін қайтарып алуды көздейтін болса, маошылар Тайвань аралын америка империалистерінен, Гонконг түбегін ағылшын отаршылдарынан, Макао өңірін үнділердің үлгісі бойынша Португалия жыртықтарынан неге азат етпейді?!

Қорыта айтқанда, Мао Цзэ-дун тобының қазіргі опасыздық іс-әрекеті олардың революцияшылдығынан түк те қалмағанын, марксизм-ленинизмнен мүлде қол үзіп, қара түнек реакцияшыл күшке айналғанын айқын дәлелдейді. Түптеп келгенде маошылар идеологиясы социалистік идеологияға қарама-қарсы ұсақ буржуазиялық идеологияға айналып отыр; олардың мінез-құлқы, Лениннің сөздерімен айтқанда, «құтырған ұсақ буржуаның мінез-құлқынан» мүлде аумайды.

В. И. Лениннің үйретуінше, «буржуазияның жұмысшыларға жасайтын ықпалы құлдырап, әлсіреп, нашарлаған сайын буржуазия барлық жерде және әрқашан да барып тұрған сорақы өтірік-өсекті қолданып келді және қолдана бермек», сондықтан біздің міндетіміз — «буржуазиялық идеология қандай сәнді және әсем пішінде көрінсе де, оған қарсы қажымай-талмай күрес жүргізу».

Осыған орай партия ұйымдары, біздің коммунистеріміз, насихатшыларымыз империализм итаршыларының және маошылардың қаскүнемдік айла-шарғыларын, өтірік-өсектерін, арандатушылық әрекеттерін ауызша, баспасөз бетінде, радио мен телевизия хабарларында және басқа амалдар мен құралдар арқылы нақты фактілермен, нанымды дәлелдермен ұдайы әшкерелеп отыруға тиіс. Совет адамдарын, әсіресе жастарымызды буржуазиялық ықпалдың қандай түріне болса да берілмейтін табандылық, асқан қырағылық рухында, марксизм-ленинизм идеяларына, коммунизм мақсаттарына сенімділік рухында, советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында, лениндік ұлт саясатының ең үлкен жемісі және біздің күш-қуатымыздың қайнар бұлағы — халықтар достығы мен бірлігін барынша нығайта беру рухында тәрбиелеу керек.

Ұлы Ленин шыңдап өсірген біздің Коммунистік партия шын мәнісінде заманымыздың ақыл-парасаты, абыройы, ар-ұжданы болып отыр. Партиямыздың коммунизм орнату жолындағы шешімдері мен жетекші нұсқаулары, бүкіл ішкі және сыртқы саясаты халықтың көкейтесті мүдделерін көздейді. Сондықтан да совет адамдары партияның, оның лениндік Орталық Комитетінің іс-әрекетін бірауыздан мақұлдап, қолдауда, оның төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса түсуде.

Біздің партия социализм елдеріндегі барлық туысқан партиялармен бірлесе отырып, адамзатты жаңа дүние жүзілік соғыс қаупінен құтқару үшін, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы және Таяу Шығыстағы соғыс ошақтарын жою үшін, империалистік реакция мен реваншизм күштерін ауыздықтау үшін дәйекті күрес жүргізуде. Варшава договорына қатысушы мемлекеттердің таяуда Будапеште болып өткен Кеңесінің шешімдерін барлық адал ниетті адамдар, халықтардың бейбітшілігі мен қауіпсіздігін қымбат санайтындар түгел қостап отыр.

Совет адамдары Коммунистік партия мен Совет үкіметінің Мао Цзэ-дун тобының арандатушылық әрекеті жөніндегі бағытын, батыл іс-әрекетін бірауыздан, толық қолдайды. Бұл күндері қытай қарақшыларына мықтап тойтарыс берген, Отанымыздың Қиыр Шығыстағы қасиетті шекарасын жан-тәнімен қорғаушы жауынгерлердің таңғажайып батырлығы мен ерен ерлігі ел аузындағы аңызға айналып отыр. Совет халқы өзінің абзал ұлдарының есімдерін ардақтап, мақтаныш етуде, сонымен қатар маошылдардың жан түршігерлік опасыздық әрекеттеріне шексіз ашу-ызамен нағлет айтуда.

Партия мен халықтың мызғымас бірлігі таяуда болып өткен жергілікті Советтердің сайлауы кезінде тағы да айқын көрінді. Совет азаматтары коммунистер мен партияда жоқтардың одағы ұсынған кандидаттарды, еліміздің қалаулы ұлдары мен қыздарын халықтық өкімет органдарына бірауыздан сайлап, Ленин партиясына деген жалынды сүйіспеншілігін, марксизм-ленинизм ісіне жан-тәнімен берілгендігін тағы да паш етті.

Совет халқы бесжылдықтың үш жылын абыроймен атқарып, төртінші жылына батыл сеніммен, тасқын жігермен аяқ басып отыр. Коммунистік партияның басшылығы арқасында сол үш жылда тындырған игі істеріміз көп-ақ. Оған сүйсінуге де, мақтануға да болады. Бірақ еліміздің ер-азаматы табысқа мастанбайды, өйткені істегенімізден істеп үлгірмегеніміз көп екенін ол жақсы біледі. Сондықтан да кәсіпорындар мен құрылыс орындарының, колхоздар мен совхоздардың коллективтері бесжылдықтың төртінші жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау үшін, В. И. Лениннің жүзге толуын жаңа табыстармен, келелі жеңістермен қарсы алу үшін жұмыла қимылдап отыр.

В. И. Ленин той-мерекені атап өтудің ең оңды әдісі шешілмей жатқан мәселелерге, істелмей жатқан істерге баса назар аудару деп үйретеді. Ал шынын айтқанда өткен жылы және үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында шаруашылық саласында кемшіліктер аз болған жоқ. Жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді жою жөнінде нақты шаралар белгілеп, жүзеге асыру, қабылданған социалистік міндеттемелерді абыроймен орындап шығу — әрбір партия ұйымының, әрбір өндірістік коллективтің ардақты борышы.

Алдағы уақытта да ленинше жұмыс істеп, өмір сүрейік, Владимир Ильичке арналған тамаша ескерткішті — оның мәңгі жасайтын идеяларының ұлы және лайықты бейнесі — коммунизм сарайын орнатайық.

# Жасампаз еңбектің

## қуатты қайнары

Партиямыз бен халқымыздың өмірінде бұдан 40 жыл бұрын, 1929 жылғы апрель айында өткен ВКП(б) XVI конференциясының маңызы ерекше. Бұл конференция талқылаған ең басты мәселе — индустрияландыру мен коллективтендірудің бүкіл барысы әзірлеген бірінші бесжылдық жоспар еді. Онда халық шаруашылығының дамуы қала мен деревняда социалистік сектордың мықтап өсуі бағытында белгіленді. Бұл жоспар елді индустрияландырудың негізі ретінде өндіріс құрал-жабдықтарын барынша көп шығаруды, ауыл шаруашылығының өнеркәсіптен тым артта қалуын жоюды, жұмысшылар мен шаруалардың материалдық және мәдени дәрежесін едәуір көтеруді, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуды және басқа міндеттерді шешу ісін қамтамасыз етуге тиісті еді.

Совет мемлекетінің тұңғыш бесжылдық жоспары елеулі ішкі және сыртқы қиыншылықтарға тап болды. Біріншіден, техникалық-экономикалық жағынан әлі мешеу елге осы жоспардың өзі ауыр болатын. Екіншіден, миллиондаған бытыранды шаруалар шаруашылығын коллективтік еңбектің негізінде қайта құру міндеті қойылды. Капиталистік қоршау мен ішкі тап күресінің шиеленісіп тұрған кезінде бұл міндетті орындау оңай емес еді.

Мұндай ұлы жоспарды жұмыс сапасын батыл түрде жақсартып, халық шаруашылығының барлық саласында еңбек тәртібін күшейткенде ғана жүзеге асыруға болатын еді. Сондықтан да конференция былай деп атап көрсетті: «Осы қиыншылықтарды жеңу және бесжылдық жоспарды жүзеге асыру жалпы алғанда еңбекші бұқараның және әсіресе жұмысшы табының белсенділігі мен ұйымшылдығының аса зор көтерілуінің негізінде ғана, жұмысшы табының миллиондаған бұқарасын социалистік құрылыс пен шаруашылық басқару ісіне барынша тарту негізінде ғана, социалистік жарысты барынша өрістету негізінде, мемлекеттік аппаратты бюрократтық бұрмалауларға қарсы миллиондаған бұқараның төменнен көтерілген өзара сынын мықтап дамытудың негізінде ғана жеңуге болады» («КПСС қарарлары...», екінші бөлім, 613-бет).

Халық шаруашылығын дамытудың бірінші бесжылдық жоспарын бекіткен партиямыздың бүкіл одақтық XVI конференциясы «Совет Одағының барлық жұмысшылары мен еңбекші шаруаларына» Үндеу қабылдады. Бұл В. И. Ленин ұйымдастырған Коммунистік партияның халық бұқарасының жасампаз күшіне кәміл сеніп, оған арқа сүйейтінінің жарқын бір көрінісі еді. Үндеуде еліміздің еңбекшілері алдына тарих қойған өрасан зор міндеттер, шаруашылық құрылысының бесжылдық жоспарының негізгі бағыттары, осы жолда кездесетін кедергілер мен қиыншылықтар талдап айтылды. Әсіресе жұмысшы табы көрсетер бастамаға ерекше мән берілді.

Мұның өзі түсінікті де, Антагонистік қоғамда қанаушы таптар еңбекші бұқараны өз мүдделері үшін зорлап жұмыс істетудің зымияндық әдістері мен тәсілдерін қолданып келді және қазірде де қолданып отыр. Ал Советтер елінің еңбекші бұқарасы, Ұлы Октябрь социалистік револю-

циясының жеңісінен кейін, адамзат тарихында тұңғыш рет ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйеніп, өзі үшін, өз қоғамы үшін еңбек етуге мүмкіндік алды. Осыны сезіну небір тамаша бастамалар мен гибрат аларлық өнегелердің туындауына ықпал жасауда. Владимир Ильич Ленин «ұлы бастама», тылдағы жұмысшылардың ерлігі деп атаған азамат соғысы жылдарындағы коммунистік сенбіліктер мұның алғашқы айғағы еді. Халықтың творчестволық өрлеуінен туған социалистік жарыстың тұңғыш шеруі еліміздің тарихына ұлы өзгерістер жылы болып енген 1929 жылдан басталды.

Партияның бүкіл одақтық XVI конференциясы жұмысшылар мен еңбекші шаруаларды социалистік құрылыстың қиыншылықтарын жеңу үшін, қала мен деревняның капиталистік элементтеріне мұнан бұлай да шабуылды үдете түсу үшін, бесжылдық жоспарды орындау үшін, экономика мен мәдениет салаларының бәрінде жұмысты жақсарту үшін социалистік жарысты ұйымдастыруға шақырды.

Коммунистік партия жарыс туралы ұран көтергенде бұл жөніндегі лениндік нұсқауларды басшылыққа алды. «Социалистік үкімет, — деген болатын В. И. Ленин, — өкіметті билеп отырған кезде, біздің қазіргі міндетіміз — жарысты ұйымдастыру» (Шығармалар, 26-том, 402-бет). Владимир Ильич социалистік жарыстың еңбекшілер бұқарасына жасайтын ұйымдастырушылық ықпалы буржуазиялық бәсекеден аса жоғары дәрежеде болатынын көрсетіп, оны кеңінен өрістетуді талап еткен-ді.

Үндеуде социалистік жарысты ұйымдастырудың лениндік идеялары қалай жүзеге асырылып жатқаны баяндалды. Сол кездің өзінде-ақ еңбекке коммунистік көзқарастың принциптері өндіріске кеңінен енгізіле бастаған-ды. Кәсіпорындар мен мекемелерде екпінді бригадалар құрылып жатты. Өндірістік байқаулар, конкурстар, кеңестер мен конференциялар өткізуге ерекше ден қойылды. Осының бәрін қорыта келіп, конференция өзі қабылдаған Үндеуде былай деп жазды: «Бесжылдық жоспар — жұмысшы табының капиталистік элементтерді жеңуі жолындағы күресінің жоспары, бұқараны социалистік рухта қайта тәрбиелеудің жоспары... Социалистік жарыс — бесжылдық жоспарды орындау үшін бұқараның инициативасын оятудың және ұйымдастырудың мықты құралы... Жарыс және бесжылдық жоспар бірімен бірі біте қайнасқан нәрсе» («КПСС қарарлары...», екінші бөлім, 661-бет).

Партиямыздың бүкіл одақтық XVI конференциясының тарихи маңызы мынада: ол экономиканы нығайтудың қажетті шарты — советтік бесжылдық жоспарларға сара жол салды; асқар асулар мен биік белестерге көтерілудің тұғыры социалистік жарыс деп санап, оны кең өрістетуге бүкіл еңбекшілер қауымын шақырды. Партияның шақыруына еліміздің барлық жұмысшылары мен шаруалары қызу үн қосып, социалистік жарысты жыл өткен сайын кеңінен қарыштата түсті.

Социалистік жарысты кең өрістетудің арқасында жұмысшы табының алдыңғы қатарлы шағын тобы ғана көрсеткен белсенділік пен жауапшылықтан, еңбектің ең қарапайым түрінен еңбекшілердің қалың көпшілігін қамтитын анағұрлым күрделі, жаппай творчестволық өрлеуге қол жетті. Елімізде жүзеге асырылған әлеуметтік-саяси, мәдени өзгерістерге орай социалистік жарыстың формалары мен әдістері де жаңарып, жетілдіріліп келеді.

Мысалы, елді социалистік жолмен индустрияландыру жұмыстың аса жоғары қарқынын, еңбек өнімділігін барынша арттыруды талап еткен кезде екпінділер қозғалысы өріс алды. Бірінші бесжылдық тұсында социалистік жарыс «Бесжылдықты төрт жылда орындаймыз!» деген ұранмен өрістеді. Социализм орнатып жатқан еліміздің қоғамдық өміріндегі түбірлі өзгерістерге сай стахановшылар қозғалысы туды. Олар жаңа техниканы ұтымды да тиімді пайдаланудың нәтижесінде еңбек өнімділігін еселеп өсіріп, өз нормаларын едәуір артығымен орындап отырды.

Сол тұста елімізде қанат жайған екпінділер қозғалысы туралы КПСС Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының елу жылдығына арнаған Тезистерінде былай делінді: «Халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында және алғашқы бесжылдықтар тұсында еңбекшілердің көрсеткен жалпай қаһармандығы — қоғамымыздың тарихындағы ұмытылмас беттер. Совет адамдары еліміздің экономикалық жағынан мешеулігін жойып, оны қуатты социалистік державаға айналдыру үшін күшін аямай жұмсады, мұқтаждыққа саналылықпен төзіп, еңбектегі ерлік пен қажырлы жігердің үлгілерін көрсетті. Магнитканы, Кузбасты, Турксибті, Днепрогэсті, Амурдағы Комсомольскіні және индустрияның көптеген басқа да тұңғыш кәсіпорындарын салу, социалистік жарыс пен екпінділікті кеңінен өрістету — осының бәрі еңбекке жаңа, социалистік тұрғыдан қараудың көріністері».

Ұлы Отан соғысы жылдарында социалистік жарыс: «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!», «Майдандағыдай жұмыс істейік!» — деген ұрандармен өрістеді. Бұл қозғалысқа қатысқан тылдағы әрбір еңбекші екі-үш кісінің жұмысын атқаруға тырысты. Мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруды, фашист басқыншыларын талқандау үшін майданды не қажеттің бәрімен жабдықтауды қамтамасыз етті.

Бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру, ғылыми-техникалық прогрестің негізінде халық шаруашылығын одан әрі дамыту мақсатын көздеген соғыстан кейінгі бесжылдықтар кезінде бірнеше мамандықты игеру, бірнеше станокта жұмыс істеу, үнемшілдік пен ұқыптылық жолындағы күрестің тамаша үлгілері пайда болды. Бұқараның жасампаздық творчествосы бұдан кейінгі жылдарда да небір ғажап өнегелер көрсетті.

Совет елінің коммунистік құрылысты кеңінен өрістету кезеңіне аяқ басуы социалистік жарыстың жаңа да жоғары сатысын — коммунистік еңбек жолындағы қозғалысты туғызғаны мәлім. Партияның ХХІ съезінің қарсаңында, 1958 жылдың күзінде Москва-Сортировочная депосының коллективі жаңа бастамаға мұрындық болды. Бұл жарысқа қатысушылар өндірістік жоғары көрсеткіштерге жетуден бірге өздерінің жалпы білімі мен мәдени дәрежесін көтеруге, өз бойларына адамгершілік асыл қасиеттерді сіңіруге, былайша айтқанда, коммунизмделіше еңбек етіп, тұрмыс құруға талпынуда.

Коммунистік партияның қолдауы мен қамқорлығына бөленген социалистік жарыс және оның жоғары түрі коммунистік еңбек жолындағы қозғалыс аса маңызды қоғамдық-экономикалық күшке айналып, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға тікелей ықпал етуде. Қазір республикамызда социалистік жарысқа 3 миллионнан аса адам қатысады. Кәсіпорындар мен ұйымдардың 214 коллективі, 7 376 цех пен учаске, смена, 24 706 бригада, 570 мыңнан аса жұмысшы коммунистік еңбек коллективі мен екпіндісі деген жоғары атаққа ие болып отыр. Бұлар республика экономикасын өрлету жолындағы күрестің алдыңғы сапында келеді.

Коммунистік партия социалистік жарысты ұйымдастырудың кең жариялылық, көрнекілік, нәтижелерді салыстыру, өзара достық көмек, озық тәжірибені тарату, маңдай алды еңбеккерлерді мадақтап көтермелеу мен материалдық жағынан ынталандыру сияқты леңиндік принциптерді бұлжытпай орындап, одан әрі дамытуға әрдайым көңіл бөліп келеді. Еңбек адамдарының творчестволық бастамаларының кеңінен өркен жаюына әсіресе КПСС Орталық Комитетінің 1964 жылғы октябрь Пленумынан кейінгі уақытта аса қолайлы жағдайлар туғызылды.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан жаңа экономикалық реформа қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға, еңбекшілерді өндірісті басқаруға неғұрлым кеңінен қатыстыруға, социалистік жарысты барынша өрістетуге негіз қалап отыр. Қазір республикамызда барлық өнеркәсіп өнімінің 70 проценттен астамын өндіретін және барлық пайданың 85

проценттен астамын беретін 900-ге жуық кәсіпорны жоспарлау мен экономикалық жағынан көтермелеудің жаңа жүйесі бойынша жұмыс істеуде. Жаңа жүйе бойынша жұмыс істеген кәсіпорындар өнім өткізу мен пайда жөніндегі көтеріңкі жоспарларды асыра орындап, еңбек өнімділігін еселеп арттырып келеді.

Жаңа экономикалық реформа жағдайында социалистік жарысты ұйымдастыруда ең жақсы көрсеткіштерге жету үшін күресумен қатар барлық еңбеккерлерді коллектившілдік, коммунистік саналылық, жоғары жауапкершілік рухында тәрбиелеу талап етіледі. Оның ерекшелігі міндеттемелер мен шарттарды жасаудан да айқын көрінуде. Олар нақты және неғұрлым өскелең техникалық-экономикалық жетістіктерге негізделіп, еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру, өндіріс техникасы мен технологиясын жетілдіру, озат тәжірибені тарату тұрғысынан жасалады.

Партияның ХХІІІ съезінде КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев: «Біз бүгін таңда данқты озаттарымыз, еңбек шеберлері жұмысты қалай істеп отырған болса, нақ солай жұмыс істеуге алдымен еңбекшілердің көпшілігін, ал содан кейін барлық еңбекшілерді үйретуге тиіспіз» деп атап көрсетті. Съезд социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістетіп, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарын еңбекшілер арасындағы тәрбие жұмысын жақсартып беруге шақырды.

Бұл орайда ВЦСПС Президиумының «Социалистік жарысты ұйымдастыруды жақсарту туралы» 1966 жылғы 23 сентябрьде қабылдаған қаулысының маңызы елеулі. Мұнда социалистік жарыс пен оның жоғары сатысы — коммунистік еңбек жолындағы қозғалыстың барысы егжей-тегжейлі қорытылып, оның өміршең күші атап көрсетілді. Сонымен бірге қаулыда жарысты ұйымдастыруда кеңсешілдік, қара дүрсін, даурықпалы әдістің әлі жойылып бітпегені атап көрсетілді. Мұның ең алдымен социалистік міндеттемелерді әзірлеуге және қабылдауға тікелей қатысы бар еді. Бұл ретте әрдайым жаңа межелерге жету үшін қандай резервтерді пайдалану керектігі үнемі ескеріле бермейтіні айтылды.

ВЦСПС Президиумының қаулысында партиямыздың шешімдері негізінде социалистік жарысты, әсіресе коммунистік еңбек жолындағы қозғалысты ұйымдастырудың келелі міндеттері белгіленді. Бұл арада ерекше атап кететін жай, коммунистік еңбек қозғалысына қатысушыларды материалдық және моральдық жағынан ынталандырудың қосымша шаралары қарастырылып, атақ беру тәртібіне кейбір өзгерістер енгізілді. Ендігі жерде жоғары атақ жылдың қорытындысы бойынша берілетін болды. Коммунистік еңбек коллективі мен екіпінділері құрметті атақты жыл сайын өздерінің еңбек ету және білім алу жөніндегі жетістіктерімен, коммунистік мораль нормаларын мінсіз орындауымен дәйектеп, ақтап отыруға тиісті. Ал жұмыс көрсеткіштерін нашарлатқан, міндеттемелерді, тағы басқа талаптарды орындамаған жағдайда коллективтерге, жұмысшыларға, колхозшылар мен қызметшілерге құрметті атақтар берілмейді.

В. И. Лениннің жеке кәсіпорындардың, қалалардың, деревнялардың өндірісті социалистік негізде ұйымдастыру жөніндегі бағалы тәжірибесін бұқараның игілігіне айналдыру, түрлі кәсіпорындардың жұмыс нәтижелерін салыстыру, таңдаулыларының тәжірибесін үйрету жөніндегі нұсқаулары партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарына, шаруашылық органдарының қызметкерлеріне үлкен міндеттер жүктейді.

В. И. Ленин жарысты өрістетіп, озат тәжірибені таратуда баспасөзге ерекше маңыз берді. Оның ойынша, баспасөз еңбек мәселелерін жазуды бірінші кезекке қойып, еңбекшілерді алдыңғы қатарлы заводтар мен фабрикалардағы жұмыстың жайымен таныстырып отыруға, шаруашылық қызметіндегі кемшіліктерді батыл ашкерелеп, сол кемшіліктерді жоюға көмектесіп отыруға міндетті. Кеменгер көсемнің бұл нұсқауын біз әрқашан да жадымызда берік ұстап, оны мүлтіксіз орындап отыруға тиістіміз.

Социалистік жарыстың күші қағаз жүзіндегі қаулылар мен уәделерден емес, бұқараның нағыз еңбек өрлеуінен, творчестволық шалқар шабытынан көрінеді. Қазіргі кезде әрбір еңбек адамының қоғам алдындағы жауапкершілігі мейлінше өсіп отыр. Демек, экономиканы одан әрі дамытудың шын мәніндегі күрескері болу үшін жарысқа қатысушы әрбір еңбеккерден байсалдылық, мәдениеттілік, техникалық және экономикалық білімдерден мол хабардар болу, қоғамдық ортақ мүдделер мен міндеттерді айқын түсіну, еңбек тәртібін қатаң сақтау, жұмысқа творчестволықпен қарау талап етіледі.

Бізде социалистік жарысты өндірістік жоғары көрсеткіштерге жету, шаруашылық науқандарын табысты өткізу, даңқты мерекелерді лайықты қарсы алу мақсатында өндіріс салалары мен мамандықтар бойынша ұйымдастыру дәстүрге айналған. Әрбір еңбеккер өзінің жеке жоспары мен міндеттемесі бойынша да жарысқа түседі. Осының бәрі бір арнаға — халық шаруашылығында жаппай өрлеу туғызу арнасына саяды.

Ұлы көсеміміз Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлік еліміздің еңбекшілерінің творчестволық ынта-жігерін тасытып отыр. Қалалар мен селоларда, өнеркәсіп орындары мен құрылыстарда, колхоздар мен совхоздарда, мекемелер мен ұйымдарда ұлы мереке қарсаңындағы бүкіл халықтық социалистік жарыс кеңінен өріс алып, небір тамаша бастамалар туындауда.

Батыс Сибирь металлургия заводы коллективінің қара металлургия кәсіпорындарындағы жұмыс істеп тұрған және жаңадан іске қосылатын агрегаттардың жобалық қуаттарын мерзімінен бұрын игеру жөніндегі КПСС Орталық Комитеті мақұлдаған бастамасы біздің республикамызда да қызу қолдау тапты. Еңбек өнімділігін арттыру, өндірістік қорларды тиімді пайдалану, шығарылатын өнімдердің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміту жолындағы қозғалыс кең өріс алды. Қазір республикамызда Қарағанды бассейніндегі № 70 шахта коллективінің бастамасы бойынша артта қалған учаскелерді озаттар қатарына тенеу жолындағы жарыс өрістеуде.

Бесжылдықтың төртінші жылына аяқ баса отырып, республиканың өнеркәсібі мен транспортының алдыңғы қатарлы кәсіпорындары В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алу үшін жаңадан көтеріңкі міндеттемелер қабылдап, 1969 жылды лениндік бесжылдықтың екпінді жылына айналдыруға ұйғарды. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мақұлдаған бұл бастама республиканың Атыраудан Алтайға дейінгі шар тарабында құлаш сермеуде.

Даңқты мерекені татымды тартулармен қарсы алу жолындағы жарысқа республикамыздың ауыл шаруашылығының еңбеккерлері де белсене қосылып отыр. Қостанай облысындағы Ленин ауданы еңбекшілерінің белгілі бастамасына үн қосқан олар егішшілік мәдениетін арттыру, мал шаруашылығын өркендету жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Социалистік жарыс талай-талай кезендерден өтті. Барлық кезде де ол бұқараның творчестволық белсенділігі артуының жарқын көрінісі, қоғамды дамытудың қозғаушы күші екенін танытты. Социалистік жарысты ұйымдастырудың лениндік принциптерін бұлжытпай орындай отырып, бұқараның творчествосын коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға жұмылдыру — партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының абзал борышы.

З. ӘЙТІМОВ,

тарих ғылымының кандидаты.



# РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ ІНЖУ-МАРЖАНЫ

*А. НЕКЛЮДОВ,*

*Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші секретары*

Халқымыз біздің облысты республиканың інжу-маржаны деп атайды. Расында да Шығыс Қазақстан — небір асыл да бағалы кендердің қазыналы қоймасы. Оның жер қойнауында Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрі дерлік кездеседі. Өлкенің байлығына көркі сай. Көк майсалы кен жазықтар мен асқар таулар, мәңгі қар басқан құзар шыңдар мен гүл жайнаған альпі шалғындары алма кезек жарысып, көрген көздің жауын алады. Бұған қоса екі миллион гектар орман-тоғайымыз және бар.

Облыс жерімен үлкенді-кішілі төрт жүзден астам өзен ағады. Олардың бәрі де алуан түрлі балыққа бай, ал суы — арзан энергетика көзі, суармалы егіншіліктің қайнар бұлағы. Өлкенің әсем табиғаты терісі қымбат аңдар, марал мен бұғы өсіруге, омарта шаруашылығын өркендетуге аса қолайлы.

Осынша ең дәулет, шалқар байлық патша заманында халық қажетіне жаратылмай, қозғаусыз жатты. Тек патша сарайының жандайшаптары мен шетел концессионерлері ғана үзіп-жұлқып, төгіп-шашып пайдасын көрді. Кен байлықтарының орасан көптігіне қарамастан, өнеркәсіп дамыған жоқ. Атам заманғы құралдармен қаруланған он шақты майда кәсіпорын ғана жұмыс істеді.

Октябрь революциясына дейін Ридлер, Зырян, Березовка, Белоусовка рудниктері ғана там-тұмдап өнім беретін. Олардағы техника негізінен қайла, сүймен, күрек, қол арба болатын. Забойдағы руда атпен тасылып, сыртқа қауғамен шығарылатын. Сорттау, уату жұмысы түгелдей қолмен атқарылатын. Кеншілер төзгісіз ауыр жағдайда, күніне 12—13 сағаттан жұмыс істейтін.

Ауыл шаруашылығы да мейлінше мешеу еді. Байлар бар астықты өз қолдарына жинап алып, келейлердің қанын сүліктей сорды. Оған қоса жиі қайталайтын жұт еңбекші халықтың еңсесін көтеруге мүмкіндік бермеді. Жайлаған аштық, жоқшылық, жаппай сауатсыздық, қараңғылық, өлмешінің күнін кешкен күйкі тіршілік — міне осыдан жарты ғасыр бұрынғы Шығыс Қазақстанның жалпы сикы осындай еді. Ол сұлу табиғатына, қисапсыз байлығына қарамастан аюдың апаны деп аталды, патша өкіметінің саяси тұтқындарды айдауға жіберетін ең жүдеу, шет аймағы болды.



Ұлы Октябрь социалистік революциясы еліміздің осы өлкесін дүр сілкіндіріп, оның өндіргіш күштерін өркендетуге шексіз кен өріс ашты. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ Владимир Ильич Ленин Шығыс Қазақстанның табиғат байлығын игеруге ерекше назар аударды. Ол жұмысының қисапсыз көптігіне, жағдайдың қиындығына қарамастан арнайы уақыт бөліп, Риддерді қалпына келтіруге және өркендетуге зор қамқорлық жасады. В. И. Ленин шығармаларында мұны дәлелдейтін отыздан астам документ бар. Сол уақыттан бері кенді Алтайдың тағдырында болған барлық игі өзгерістер, бұл тамаша өлкенің тұл жайнап көркеюі Ленин есімімен тығыз байланысты. Риддерді өркендетуге Владимир Ильичтің тікелей қатысқанын және еңбекшілердің үздік табыстарын ескеріп, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1941 жылғы 6 февральда Риддер қаласын Ленингор деп атау жөнінде қаулы алды.

Ұлы көсемнің өсиеттерін орындай отырып, партия ұйымдарының басшылығымен Шығыс Қазақстанның еңбекшілері Совет өкіметі жылдарында туған өлкесін еліміздің ең ірі өнеркәсіп аудандарының біріне айналдырды, тарихи қысқа мерзім ішінде түсті металлургияның қуатты базасын жасады. Ескі рудниктер қайта жасарып, жанаша қарқын алды. Қазір рудниктерде осы заманғы ең жаңа, ең жетілген машиналар мен механизмдер қолданылады, олардың көбісі кенді Алтайдың өзінде жасалған. Ондаған кен орындары мен металлургия кәсіпорындары жаңадан салынып, ірі комбинаттар пайда болды.

Мысалға бұрынғы Риддердің өзін алайық. Революцияға дейін оның

кәсіпорындары 16—17 мың тонна руданы әзер шығарып, екі — екі жарым мың тоннадай ғана қорғасын мен мырыш концентратын беретін. Қазір бұл цифр жүздеген есе өсіп кетті. 1927 жылдың өзінде қорғасын мен мырыш концентраты революцияға дейінгіден 2—3 есе көп шығарылды. Риддер кеншілері ескі, жартылай майдагерлік өндірісті қалпына келтіріп қана қоймай, шетел капиталистерінің көмегінсіз өнім мөлшерін еселеп арттырамыз, комбинатты техникалық прогрестің даңғыл жолына шығарамыз деп В. И. Ленинге берген уәдесін абыроймен орындады.

Комбинат өте-өте бесжылдық жылдарында қауырт өркендеді. Қазір ол қорғасын, мырыш, кадмий, күкірт қышқылын, мыс, сынап, селен және басқа асыл металдар шығарады. Комбинат жетіжылдық жоспарды, бесжылдықтың өткен үш жылының тапсырмасын ойдағыдай орындап шықты. Мұнда өндірістің көптеген жаңа, мейлінше тиімді технологиялық процестері игеріліп, бірінші рет қолданылды. Мысалы, дүние жүзілік практикада кенді блоктап қопару жүйесі ең тұңғыш рет Лениногор комбинатының рудниктерінде ойдағыдай енгізіліп, онан әрі жетілдірілді. Тек осының өзі кен өндіруді үш еседен астам ұлғайтып, руданың өзіндік құнын 37,4 процент арзандатуға мүмкіндік берді.

Партия мен үкімет комбинат коллективінің қажырлы еңбегін жоғары бағалады. Өнім шығаруды арттыру, жаңа, озат технологияны өндіріске енгізу ісіндегі үздік табыстары үшін Еңбек Қызыл Ту орденді Лениногор полиметалл комбинаты Ұлы Октябрьдің елу жылдығы қарсаңында КПСС Орталық Комитетінің, СССР Жоғарғы Советі Президиумының, СССР Министрлер Советі мен ВЦСПС-тің Ескерткіш Туымен наградталды.

Зырянның орасан бай кендері де бесжылдықтар тұсында шапшаң игеріле бастады. Совет үкіметінің шешімімен 1931 жылы Зырян кен басқармасы құрылды. Ал 1952 жылғы апрельде СССР Министрлер Советі Зырянды өркендету жөнінде арнайы қаулы қабылдап, мұнда қорғасын комбинатын құрды. Содан бері Зырянның экономикалық-мәдени бейнесі танымастай өзгерген. Комбинат 1958 жылдан бері мейлінше рентабельді жұмыс істейді, өнім өндіру және өткізу жоспарларын үнемі асыра орындайды. Зыряндықтар кен шығару мен байытудың жаңа, жетілген технологиялық процестерін игеруде де алда келеді.

Кенді Алтайдың басқа да көптеген ірі өнеркәсіп орындары Лениннің өсиетімен салынып, үдемелі қарқынмен дамыды. Бұл тұрғыда Ленин орденді Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының өсу жолы назар аударарлық. ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша 1938 жылы Өскеменде мырыш зауытын салу көзделген еді. Фашистік Германияға қарсы соғыс бұл құрылысқа бөгет жасады. Бірақ еліміз мырышқа қатты зәру еді. Сондықтан 1942 жылы Орджоникидзе қаласындағы «Электроцинк» зауытының жабдықтары тез Өскеменге жеткізілді. Қысқа мерзім ішінде төрт цех салынды. Құрылысшылардың қаһармандық еңбегі нәтижесінде мырыш зауыды үкімет белгілеген мерзімнен екі жыл бұрын қатарға қосылды.

1952 жылы қорғасын зауыды салынғаннан кейін кәсіпорын қорғасын-мырыш комбинаты деп аталды. 1953 жылы күкірт қышқылы өндірісінің бірінші кезегі іске қосылды. Сол уақыттан бастап комбинат полиметалл шикізатын комплексті пайдалануға көшті. Коллектив еңбек ұйымдастыру мен өндіріс технологиясын жетілдіру саласында көп еңбек сіңірді. Қазір комбинатта негізгі өндірісті механикаландыру дәрежесі 90 проценттен асады. В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты дүние жүзілік озат тәжірибе мектебіне айналды. Жыл сайын көптеген елдерден арнайы делегациялар келіп, Өскемен металлургтерінің тәжірибесін үйреніп қайтады. Біз комбинат өнімінің одақтас 10 республикаға, дүние жүзінің 25 еліне шығарылатынын мақтан етеміз. Кәсіпорын Совет Одағы түсті металлургиясының көш басы деп лайықты аталып отыр.

Шығыс Қазақстанда шығарылатын өнім түрлері жылдан-жылға көбейіп, жаңа кәсіпорындар ашылуда. Соның бірі — осы заманғы өнеркәсіп үшін аса маңызды титан мен магний өндірісі. 1962 жылы тәжірибелік цех салынып, 1965 жылғы 27 мартта титан-магний комбинатының бірінші кезегі, ал арада бір жыл өткен соң екінші кезегі қатарға қосылды.

Совет адамдарының қажырлы еңбегімен жас кәсіпорын тез күш жинап, аз уақыттың ішінде қуатты комбинатқа айналды, қазір оның өнімі 18 елге шығарылады. Комбинат ең алғашқы күндерден бастап өндіріс жоспарын мүлтіксіз орындап келеді. Жобалық қуатты игеру, экономикалық-техникалық көрсеткіштерді жақсарту қарқыны үздіксіз ұлғаяуда. Осы жетістіктері үшін оған Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы кәсіпорын деген құрметті атақ берілді.

Соңғы жылдары біздің облыс үшін өндірістің жаңа, мүлдем жас саласы — машина жасау өнеркәсібі мықтап дамыды. «Востокмашзавод», автоматика приборлары, конденсатор заводтары — бұлардың бәрі де ең озық техникамен жаракталған осы заманғы ірі кәсіпорындар. Бұларда жасалатын кен машиналарының, электр конденсаторларының, автоматика приборларының жаңа нұсқалары елімізден тыс жерлерге де жақсы мәлім.

Облыста құрылыс материалдары өнеркәсібі де өркендеп келеді. Қазірдің өзінде Өскемен цемент заводы, Лениногордағы, Зыряндағы, Өскемендегі механикаландырылған кірпіш заводтары, ірі панельдер, құрастырмалы темір бетон конструкциялары мен бөлшектерін жасайтын заводтар өнім беруде. «Қазлес» комбинатының төрт орман кәсіпшілік шаруашылығы, Өскемен мебель фабрикасы мен ағаш өңдеу комбинаты облыстың орман байлығын ойдағыдай игеруде.

Қысқасы, қазір Шығыс Қазақстанда 140-қа жуық ірі кәсіпорын бар. Оларда «СССР-де бірінші», «Дүние жүзінде бірінші» деген құрметке не көптеген жаңа өнімдер, техникалық ойдың үздік туындылары дүниеге келуде. Осының бәрі — Коммунистік партия мен Совет үкіметінің лениндік ұлт саясатының, өлке экономикасын өркендетуге деген шынайы қамқорлығының игі жемістері.

Облысымызда елді электрлендірудің лениндік идеясы тамаша жүзеге асты. 1920 жылдың өзінде Владимир Ильичтің нұсқауымен Ульба өзенінде және оның салаларында гидроэнергетикалық зерттеулер басталған болатын. 1925 жылдан 1937 жылға дейін мұнда Лениногор, Жоғарғы Хариузовка, Төменгі Хариузовка, Быструша сияқты бірнеше шағын су электр станциялары салынды. 1937 жылы Ульба ГЭС-і қатарға қосылды. Бұлар — қуатты энергетика құрылыстарының алғашқы қарлығаштары.

Партия мен үкіметтің шешімі бойынша, даңқты құрылысшылардың қаһармандық күш-жігерімен Ертістегі Өскемен, Бұқтырма су электр станцияларының салынуы облысты ең электрленген өлкелердің қатарына шығарды. Бұл екі алып 1962 жылдың өзінде төрт миллиард киловатт-сағаттан астам, яғни 1913 жылы патшалық Россияның барлық электр станциялары өндіргеннен екі есе көп электр қуатын өндірді.

Осыдан біраз бұрын облыс еңбекшілері бесжылдықтың үшінші жылын қорытындылады. Бұл қорытындылар бізді қуантады және бесжылдық жоспар толығымен, ал көптеген көрсеткіштер бойынша артығымен орындалады деген кәміл сенім туғызады. Өнім өткізудің жылдық тапсырмасы 102 процент, соның ішінде жетекші салалар — түсті металлургия бойынша 102, машина жасау өнеркәсібі бойынша 103 процент орындалды. Өнім көлемі жоспардағы 8 процент орнына 10 процент өсті. Ал бесжылдықтың үш жылын тұтас алғанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 42 процент ұлғайды.

Қорғасын, мырыш кендерін алу, мырыш, мыс концентраттарын шы-

ғару, қорғасын, мырыш, тазартылмаған мыс, титан, магний өндіру тапсырмалары едәуір артығымен орындалды.

Өнеркәсіп орындарының техникалық-экономикалық нәтижелерін жақсартуға КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи шешімдері үлкен ықпал жасады. 1968 жылдың аяғына дейін жоспарлау мен экономикалық көтермелеудің жаңа жүйесіне 66 кәсіпорын көшірілді. Қазір облыстағы барлық өнеркәсіп өнімінің 90 проценттен астамын солар беріп отыр. Бұл кәсіпорындарда 1967 жылғымен салыстырғанда өнім өткізу көлемі 11 процент, алынған пайда 22 процент өсті, жоспардан тыс пайда бес миллион сомға жетті.

Кәсіпорындарда өндірісті комплексті механикаландыру және автоматтандыру, озат технологияны енгізу жұмыстары қызу қарқынмен, ұйымшылдықпен жүргізілуде. Техникалық прогресті шапшаңдатуға 14 мыңдай адамды қамтыған жаңашылдар мен өнер тапқыштар армиясы елеулі үлес қосып келеді. Бір ғана 1968 жылдың өзінде 12 мыңнан астам жаңалық ұсыныс өндіріске енгізіліп, соның есебінен 10,5 миллион сом мемлекет қаржысы үнемделді.

Совет өкіметі жылдарында облыстың ауыл шаруашылығы танымастай өзгерді. Ұлы Октябрь жеңісімен Ленинградтың Обухов, Семяников заводтарының жұмысшылары В. И. Лениннің жолдамасымен Шығыс Қазақстанға келіп, коллективтік еңбектің негізін қалаған еді. Сол алғашқы коммунарлар орнатқан жаңа өмірдің өркендері тамырын терең жайып, бұл күнде зәулім бәйтерекке айналды. Алғашқы екі коммунаның орнында «Обуховский», «Первороссийский» сияқты іргелі шаруашылықтар пайда болды.

Қазір Шығыс Қазақстан облысында 83 совхоз, 21 колхоз бар. Олардың бәрі де — осы заманғы күрделі техникамен мол жарактанған, жаппай механикаландырылған, әбден дамыған, көп салалы ауыл шаруашылық кәсіпорындары. Бұл шаруашылықтарда жоғары және арнаулы орта білімі бар мыңнан астам агроном қызмет істейді, зоотехниктер мен мал дәрігерлерінің, инженерлер мен техниктердің саны одан да көп. Ауыл шаруашылық өндірісінің барлық саласы ғылыми негізде жүргізіледі. Республикадағы барлық құнбағыс егісінің 50 процентке жуығы біздің облыста өсіріледі. Сондай-ақ кенді Алтай ежелден бері Сибирь мен Қазақстан омарта шаруашылығының отаны болып келеді.

Облыстың совхоз, колхоз еңбеккерлері ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен мемлекетке сату қарқынын жылдан-жылға күшейтуде. 1940 жылғымен салыстырғанда мемлекетке тапсырылған астықтың көлемі екі еседен астам, құнбағыс бес есе, картоп екі еседен астам, овоц бес есеге жуық, ет үш еседен астам, жүн екі жарым есе, жұмыртқа төрт есе ұлғайды. Облыстың совхоздары мен колхоздары мемлекетке астық сату жөнінде бесжылдықтың үш жылының жоспарын 154 процент орындады, ал 49 шаруашылық бесжылдық тапсырмасын да өтеді. Құнбағыс дәнін өндірудің бесжылдық жоспары бүкіл облыс бойынша үш жылда орындалды.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде де елеулі табыстарымыз бар. Соңғы үш жылда одан бұрынғы үш жылмен салыстырғанда ет өндіру 13,3 процент, сүт өндіру 21 процент ұлғайды. Малдың барлық түлігінің саны молайып, өнімділігі едәуір артты. Облыс мемлекетке ет, сүт, жүн тапсырудың үш жылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап шықты. Осы үш жыл ішінде совхоздар мен колхоздар егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өткізудің өзінен 50 миллион сомнан астам пайда түсірді.

Совет өкіметі жылдарында мәдениет құрылысы қарыштап өркендеді. Қалаларымыз бен селоларымыздың бейнесі танымастай болып өзгерді. Мәселен, революцияға дейін көпестер қалашығы болған Өскемен Қазақстанның ең ірі индустрия орталықтарының біріне айналды. Оның халқы 1939 жылы 50 мыңнан аспайтын еді, қазір 200 мыңнан асып кетті.

Бұрынғы Лениногор мен Зырян поселкелері де — бүгінде экономикасы мен мәдениеті қатар гүлденген көрікті қалалар. Бұқтырма ГЭС-інің салынуымен байланысты жапайы түзде тамаша Серебрянск қаласы өсіп шықты. Селолық елді мекендер де күннен күнге көркейіп гүлденуде.

В. И. Лениннің өсиеттерін орындай отырып, Коммунистік партия мен Совет үкіметі халықтың білімі мен мәдениетін көтеруге шексіз қамқорлық жасап келеді. Қазіргі Шығыс Қазақстанда мұғалімдердің саны революцияға дейінгі оқушылардың санынан да көп. Қалалар мен селоларда 517 клуб пен мәдениет сарайы, 443 кітапхана, 400-ден астам қызыл мүйіз, 525 киноқондырғы, 28 халықтық мәдениет университеті жұмыс істейді. Бір кездері өлкенің халқы жаппай сауатсыз еді, газет пен журнал оқитындар саусақпен санарлық болатын. Ал қазір облыс еңбекшілерінің бір жылда жаздырып алатын облыстық, қалалық, аудандық газеттерінің өзі 36 миллион данадан асады.

Халықтың денсаулығын сақтауға және жақсартуға деген қамқорлық — социалистік мемлекеттің ең ізгі істерінің бірі. Революцияға дейін өлкеде дәрігер, аурухана деген ұғымның өзі көп адамға бейтаныс еді. Қазір облыста 1 300 дипломды дәрігер, 6 мыңдай орта білімді медицина қызметкері еңбекшілердің денсаулығын қырағы күзетуде. Ауруханалардағы орын саны 10 мыңға жуықтайды.

Жұмысшылар мен колхозшылардың тұрғын үй, тұрмыс жағдайы да жылдан жылға жақсаруда. Облыста соңғы он жылда 2 миллион шаршы метрге жуық тұрғын үй салынды. 123 мың адам мемлекеттен тұрақты, әлсуметтік жәрдем алады. Еңбекшілерге төленетін пенсиялар мен жәрдемдердің сомасы соңғы бір жылдың өзінде 20 миллион сом артты.

Октябрь революциясына дейін жоғары білім алу деген қарапайым еңбек адамының ойына да кіріп шықпайтын. Облыс жерінде бірде-бір жоғары оқу орны болған емес. Ал қазір Шығыс Қазақстан — тамаша кадрлар даярлайтын социалистік мәдениет ошақтарының бірі. Оның екі институты мен көптеген арнаулы орта оқу орындарында 25,6 мың адам оқиды. Бірнеше ғылыми-зерттеу институттарында, одақтық және республикалық тәжірибе станцияларында, ірі өнеркәсіп орындарында 1 429 ғылыми қызметкер жұмыс істейді, олардың ішінде 156 ғылым докторы мен кандидаты бар. Қазір біздің облыстың өзінде жоғары білім алуға ғана емес, ғылыми диссертациялар қорғауға да толық жағдай жасалған.

Экономика мен мәдениеттің қарыштап дамуына лайық облыс партия ұйымы да әбден өсіп нығайды. Әсіресе соңғы жылдары оның құрамында сапа жағынан да, сан жағынан да зор өзгерістер болды. Шығыс Қазақстанның 1939 жылы Семей облысынан бөлініп, өз алдына дербес отау тіккені белгілі. 1940 жылғы январьда облыс партия ұйымының құрамында 439 бастауыш ұйымға біріккен 7 212 КПСС мүшесі мен кандидаты бар еді. Ал қазір 1 019 бастауыш партия ұйымында 41 042 коммунист есепте тұрады.

В. И. Ленин партия қатарының бірлігін нығайтуға, сапалық құрамын жақсартуға айрықша маңыз берген болатын. КПСС XXIII съезі партияның әлеуметтік құрамында жұмысшы табы жетекші роль атқаруға тиіс екенін атап көрсетті. Облыс партия ұйымы КПСС қатарын жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның ең таңдаулы өкілдерімен толықтырған кезде съездің осы нұсқауын мұқият ескеріп келеді. Мәселен, 1968 жылы КПСС мүшелігіне кандидат болып қабылданған 1 946 адамның 1 280-і — жұмысшы, 95-і — колхозшы.

Бастауыш партия ұйымдарының құрылымын жетілдіріп, жауынгерлік қабілетін күшейтуге көп көңіл бөлінуде. Өткен бір жылдың өзінде жанадан 40 бастауыш ұйым құрылды. Қазір орта есеппен әрбір бастауыш партия ұйымында өнеркәсіпте 114, құрылыста 75, совхоздарда 109, колхоздарда 80 коммунист бар. Мұның өзі өндірістің барлық буынын, әрбір коллективтің бүкіл өмірін партиялық ықпалмен қамтуға мүмкіндік береді. Облыстағы 1 019 бастауыш партия ұйымының 114-де партия

комитеті құрылған, Лениногор, Ертіс полиметалл, Өскемен қорғасын-мырыш комбинаттарының және басқа кәсіпорын парткомдары КПСС-ке адам қабылдау, коммунистердің дербес істерін қарау, есебін жүргізу жөнінде аудандық партия комитеттерінің праволарымен пайдаланады.

Бастауыш партия ұйымдарын сауатты, кабілетті, инициативалы коммунистер басқарады. Ұйым секретарьларының 33,5 процентінің жоғары, 69 процентінің аяқталмаған жоғары, 38,8 процентінің орта білімдері бар. Олардың басым көпшілігі коммунистер мен еңбекшілер коллективтерін саяси және шаруашылық міндеттерді орындау жолындағы күреске ойдағыдай жұмылдырып келеді.

Облыстың совет, комсомол, кәсіподақ және басқа қоғамдық ұйымдары коммунистік құрылысқа белсенді қатысуда. Партия ұйымдарының басшылығымен олар шаруашылық және мәдениет құрылысының аса маңызды мәселелерін іскерлікпен шешуде, бұқара арасында тәрбие жұмысын өрістетуде, еңбекшілердің материалдық-мәдени жағдайын жақсартуға ат салысуда.

Ленин идеяларының нұр шұғыласымен қуаттанған облыс еңбекшілері жарты ғасыр ішінде үлкен асулардан өтті, экономика мен мәдениетті гүлдендіруде тамаша табыстарға жетті. Партия мен үкімет олардың елімізде социализм мен коммунизм орнату ісіне қосқан үлесін жоғары бағалады. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1967 жылғы 9 июньдегі Указы бойынша Шығыс Қазақстан облысы Ленин орденімен наградталды. Бұл құрмет — жұмысшылардың, колхозшылардың, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы мамандарының қажырлы, шабытты еңбегінің, партия, совет, кәсіподақ, комсомол органдарының орасан зор ұйымдастыру-тәрбие жұмысының жемісі.

Соңғы жылдары облыстың көптеген өнеркәсіп, құрылыс орындарының, колхоздар мен совхоздардың коллективтері де үкімет наградаларына ие болды. Лениногор полиметалл, Зырян қорғасын комбинаттары, Шығыс Қазақстан геология басқармасы, «Алтайсвиноцестрой» тресі Еңбек Қызыл Ту орденімен, ал Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты мен Жданов атындағы колхоз Ленин орденімен наградталды. Соғыс аяқталғаннан бергі уақыт ішінде 53 адамға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, 21 адам Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болды, екі мыңнан астам адам СССР ордендерімен, медальдарымен наградталды. Облыс еңбекшілері Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының жұмысшысы А. Қалнев, Зырян қорғасын комбинатының директоры Н. Жақсыбаев, Киров атындағы колхоздың сауыншысы А. Колесникова, құрылысшы К. Семенов, колхоз председателдері А. Моторный, Н. Лозовой сияқты Социалистік Еңбек Ерлерін және басқа жүздеген ардагер азаматтарын мақтан етеді.

Шығыс Қазақстан еңбекшілері өздерінің коммунистік құрылыс ісіне қосқан азды-көпті үлестерінің осынша жоғары бағалануы жаңадан зор жауапкершіліктер жүктейтінін жақсы сезінеді. Сондықтан да олар бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, сөйтіп В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен Қазақ ССР-інің 50 жылдығын лайықты қарсы алу үшін бұрын-соңды болып көрмеген қайрат-жігермен еңбек етуде.

# БАСПАЛАРДЫҢ МЕРЕКЕЛЕРГЕ ТАРТУЫ

*М. СУЖИКОВ,*

*Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік  
комитетінің председатели*

1970 жылы Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл, Совет Одағының фашистік Германияны жеңгеніне 25 жыл және Қазақ ССР-нің құрылғанына 50 жыл толады. Совет адамдары, барлық прогресшіл адамзат В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу тойына ерекше назар аударып отыр, өйткені кемеңгер көсемнің идеялары, ленинизмнің нұр шұғыласы дүние жүзі еңбекшілерінің ой-санасын билеп алды. Владимир Ильичтің даңышпандық ұлы мұрасы — совет халқының баға жетпес игілігі. Бұл идеялық мұрадан еліміздегі барлық ұлттың миллиондаған адамдары рухани нәр алады.

В. И. Лениннің мақалалары, баяндамалары мен сөздері, ол қол қойған Совет өкіметінің алғашқы декреттері 1917—1920 жылдарда-ақ қазақ газеттері мен журналдарында басылған болатын.

Қазақ тілінде В. И. Ленин шығармаларының алғашқы басылу кезеңі — 1921 жыл. Азамат соғысы дәуірінде, қираған, бүлінген шаруашылықты қалпына келтірудің қиын жағдайларында басылған Ленин еңбектері қазақ халқының арасына тез тарап, республикамыздың түкпір-түкпіріне жеткені мәлім. 1921—1924 жылдары «Азық-түлік салығы туралы (жана саясаттың мазмұны және оның шарттары)», «Жастар одақтарының міндеттері», «Біз Рабкринді қайтадан қалай құруымыз керек?», «Аз болса да жақсы болсын» деген және басқа еңбектері шықты.

1921—1923 жылдардың өзінде РСФСР түрік халықтары коммунистерінің кеңесінде және РКП(б) Орталық Комитетінің ұлт республикалары мен облыстары жауапты қызметкерлерімен өткізген төртінші кеңесінде Шығыс халықтарының тілінде маркстік әдебиеттерді басып шығару қажеттігі атап көрсетілді. 1924 жылы май айында болған РКП(б) XIII съезінің «Үгіт-насихат жұмысы туралы» қарарында: «Ұлт республикалары мен облыстарының (Түркстан, Киргизия, Солтүстік Кавказ, т. б.) партия ұйымдарында саяси сауатсыздықты жою...», «орталықта да, сондай-ақ жергілікті жерлерде де ана тілінде маркстік және саяси-көпшілік әдебиеттерді басып шығару ісін ұлғайту» міндеті қойылды.

Қазақстанда В. И. Ленин еңбектерін аудару жөнінде азамат соғысы аяқталғаннан кейін бірсыпыра маңызды шаралар жүзеге асырылды. Халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңі аяқталған тұста қазақ еңбекшілері В. И. Лениннің жеке шығармалары мен жинақтарын ана тілінде оқи бастады. Бұлар «Париж Коммунасы», «1905 жыл», «9 январь», «Марксизмнің үш қайнар көзі мен құрамдас үш бөлімі», «Россиядағы саяси партиялар», «Ұлт мәселесі жөнінде», «Кооперация туралы» және басқалар еді.

1921 жылдан 1930 жылға дейінгі мерзім ішінде қазақ тілінде В. И. Лениннің жалпы тиражы 141 500 дана 31 еңбегі жарық көрді.

1931 жылы 15 августа ВКП(б) Орталық Комитеті «Баспа жұмысы



туралы» кеңейтілген қарар қабылдады. Соның негізінде ұлт тілдерінде әдебиеттер басып шығару ісі қайта құрылды. Сол жылы ВКП(б) Қазақстан Өлкелік комитетінің шешімі бойынша әдебиеттің түріне қарай баспа редакциялары мамандандырылды. Қазақ мемлекет баспасында маркстік-лениндік әдебиет секторы ұйымдастырылды. Мұның өзі баспа жұмысын едәуір жақсартты.

Осы жылдардағы аудармалар, белгілі дәрежеде кемшіліктері болғанына қарамастан, жергілікті қалың бұқара арасында лениндік дауышпан идеяларды насихаттауда орасан зор роль атқарды, қазақ коммунистерінің, партия және совет қызметкерлерінің идеялық-теориялық білімін көтеруге көмектесті.

1934 жылы январьда болған Қазақстан өлкелік VIII партия конференциясы таяудағы екі жыл ішінде қазақ тіліне марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін аудару жөнінде шешім қабылдады. Үкімет полиграфия өнеркәсібін нығайтып, баспаханаларды ең жаңа машиналармен жабдықтауға көп қаржы бөлді. ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Саяси әдебиет баспасының қазақ бөлімшесі құрылды. Мұның өзі В. И. Ленин шығармаларын жедел басып шығаруға мүмкіндік туғызды.

Міне осы тұста марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін аударуға байланысты барлық жұмысты бір орталыққа шоғырландыру қажеттігі туды, ал мұндай орталық Қазақтың марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институты (КНИИМЛ) болды. Қазір ол КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының филиалы — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты деп аталады.

Қазақстан Коммунистік партиясы маркстік-лениндік идеяларды кең насихаттауға күнделікті зор қамқорлық жасап келеді. Ұлы Отан соғысына дейін В. И. Лениннің Таңдамалы шығармаларының қазақ тілінде жалпы тиражы 90 мың данадан астам бір томдық, екі томдық және 6 томдық жинақтары шықты. Сол кезде кеменгер көсемнің бірқатар жеке шығармаларының аудармалары да басылып отырды. 1931 жылдан 1940 жылға дейін В. И. Лениннің 56 шығармасы қазақ тілінде шықты. Бұлардың тиражы 626 020 данаға жетті. В. И. Лениннің еңбектерін қазақ тіліне аудару соғыс жылдарында да тоқтаған жоқ.

Соғыстан кейінгі жылдары, идеология мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген уақытта, СССР халықтарының тілдеріне марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін аудару шұғыл қолға алынды. Сөйтіп Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының қызметінде жаңа кезең туды. 1946 жылы апрельде Қазақстан КП Орталық Комитеті орысша төртінші басылуы бойынша В. И. Ленин Шығармаларын қазақ тілінде шығаруға шешім қабылдады. Мұны Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты жүзеге асырды. 1954 жылға дейін 35 том аударылып, шығарылды. Соңғы жылдары орыс тіліндегі төртінші басылымына қосымша томдар әзірлеуге байланысты 36—41-томдар қазақша басылып шықты. Көсемнің туғанына 100 жыл толу мерекесіне дейін тағы 4 том — 42, 43, 44 және 45-томдар жарық көреді.

1967 жылға дейін Қазақстанда шыққан В. И. Ленин шығармаларының жалпы тиражы 4 340 мың дана, бұл В. И. Лениннің 290 еңбегін қамтиды.

В. И. Ленин туралы қазақ тілінде мемуарлық және өмірбаяндық әдебиеттер де едәуір өсті. Ұлы көсемнің қазақ тіліне аударылған еңбектерінің республикадағы ғылымның барлық саласына тигізіп отырған игі әсері ғажап.

В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай бүкіл Одақ бойынша күрделі зерттеулер, документтік және статистикалық жинақтар, көркем және публицистикалық шығармалар көптеп шығарылғалы отыр. Елі-

міздің баспалары бұл мерекеге арнап 700-ден астам кітап, альбом, открытка және репродукция шығармақ.

Алдағы мерекелерге әзірлік күндерінде Қазақстанның кітап баспалары да көп жұмыс атқармақ. Жұртқа мәлім, республикада баспа ісінің дамуы тікелей Лениннің есімімен байланысты. Владимир Ильич 1920 жылы 4 июньде Мемлекеттік баспа мен Халық Шаруашылығы Жоғары Советіне арнаулы хат жазып, Қазақстаннан келген жолдастар: «...әріп күйғыш, баспахана және қағаз алуға көмек сұрайды. Оларды қабылдап, барынша көмектесуді өтініп сұраймын» деген еді. Ал мұның өзі 1922 жылы апрельде қазақ халқының тарихында тұңғыш мемлекеттік кітап баспасын құруға мүмкіндік берді.

Кітап басып шығарудың республикада бұдан былайғы жерде қалай өсіп, дамығанын мына цифрлар дәлелдейді. Егер 1922 жылы бізде тиражы 11 мың дана 47 кітап шығарылған болса, өткен жылы республика баспалары жалпы тиражы 22,5 миллион дана 1937 кітапты оқушыларға ұсынды. Совет өкіметі жылдарында Қазақстанда қазақ, орыс, ұйғыр, неміс және басқа тілдерде жалпы тиражы 392165 мың дана 35 мыңға тарта түрлі кітап жарық көрді.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республика үкіметі Қазақстанда баспа ісін дамытуға үнемі қамқорлық жасап, тиісінше көмек көрсетуде. Бұған Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 жылғы 2 декабрьдегі «Республикада полиграфия өнеркәсібі мен кітап баспасы ісінің материалдық-техникалық базасын онан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы, сондай-ақ Қазақ ССР Министрлер Советінің 1968 жылғы 26 апрельдегі «Кітап саудасы орындарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы кепіл.

Баспа қызметкерлері, полиграфистер, кітап саудасы жүйесінің коллективтері партия мен үкіметтің зор қамқорлығына іспен жауап беруде. Даңқты мерекелерді лайықты қарсы алуға бар күш-жігерін жұмсай отырып, олар әдебиеттер шығаруды арттыруда, оның идеялық, көркемдік дәрежесін жақсартуда, полиграфиялық жағынан әсем безендірілуін ойластыруда, кітап таратудың барлық түрін пайдалануда.

Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитет КПСС Орталық Комитетінің «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» қаулысын орындауға байланысты нақты шаралар белгілеп, қазір мерекелік әдебиеттер шығаруға бар күш-мүмкіншілікті жұмылдырып келеді.

Жақындап келе жатқан даңқты мерекеге республикамыздың баспа орындары көлемі бір мың баспа табақтан астам 60 кітап арнайды. Мерекелік кейбір кітаптар қазірдің өзінде-ақ жарық көріп, оқушылар қауымының қолына тиді. Бұған мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған рецензиялар мен оқушылардың пікірлері айғақ.

Мысалы, Серікбай Бейсенбаевтың «Ленин және Қазақстан» деген монографиясы қалың жұртшылыққа қанық, мол фактілерге сүйеніп, жоғары теориялық дәрежеде жазылған. Бұл монография қазақстандық Ленинианаға сүбелі үлес болып қосылды. Кітапта 7 тарау бар. Бірінші тарауда Ленин идеяларының қазақ еңбекшілері арасына қалай тарағаны, большевиктердің қажымас қайрат-жігерінің арқасында қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы мен Россия пролетариатының революциялық күресі бір арнада тоғысқаны көрсетіледі.

«Қазақстанның мемлекеттік құрылысында ұлт мәселесінің лениндік шешімі» деген тарауда Қазақ АССР-ін құру туралы декретті әзірлеудің тарихы толық баяндалады. Кітаптағы негізгі тараулардың бірі республика партия ұйымдарын құрып, нығайтудағы В. И. Лениннің роліне арналған. Нақты мысалдар мен фактілер арқылы автор Лениннің парасат-шапағатымен жүзеге асырылған республика экономикасы мен мәдениетінің өрге басуын тамаша әңгімелейді.

Толық емес мәліметтерге қарағанда, 1917 жылдан 1924 жылға дейін Ленинмен 200-ден астам қазақстандық кездескен. Бұлар партия съездеріне, Советтердің, комсомол мен кәсіподақтардың съездеріне, ВЦИК сессияларына, Комиштерн конгрестеріне және басқа түрлі кеңестерге қатысқан республика өкілдері еді. Бұлардың ішінде Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолындағы белсенді күрескерлер Ә. Жанкелдин, С. Сейфуллин, Т. Рыскулов, С. Меңдешев, тағы басқалар бар. Олардың көпшілігі кезінде Ильичпен кездескені жайында өте қызық естеліктер жазды. Осы естеліктер таяуда «Қазақстан» баспасы шығарған «Олар Ленинмен диалогтасқан» жинағына енді.

«Ұлы ынтымақ жемісі» атты кітап қалың оқушылар қауымының қолына тиді. Мұнда еліміз халықтарының республика экономикасы мен мәдениетін дамытуға көрсеткен туысқандық көмегі мен ынтымағының тарихи тәжірибесі жинақтап қорытылған. Кітап сүйер жұртшылық еліміздегі тұңғыш Кашира электр станциясын салуда инициатор болған Ильичтің образын бейнелейтін Николай Ановтың «Кашира аңызы» кітабын қуана қарсы алды.

Аударма туындыларға да мол орын берілген. Мұнда ең алдымен 5 томдық Лениниананы атап өткен жөн. Оның «Ұлы партияның ұйтқысы», «Партия революцияға қадам басты» және «Ленин идеяларының нұрымен» деген алғашқы 3 томы қазірдің өзінде жарыққа шықты. Бұл тамаша антологияның «Планетаның лениндік гвардиясы» және «Біз жаңа, жарқын дүние орнатамыз» деген соңғы екі кітабы баспаға әзірленіп жатыр.

Таяуда қазақ тілінде «Ленин ғажайып жан еді» деген кітап аударылып шықты. Мұнда Владимир Ильич замандастарының жүрек тебірентерлік әңгімелері жинақталған. Бұл әңгімелер Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін қалаушы және кеменгер басшысы, революцияшыл күрескер Лениннің сан салалы өмірі мен революциялық қызметін, абзал адамгершілігін бейнелейді. Кітапта алғысөз орнына 1898 жылдан КПСС мүшесі В. А. Карпинскийдің оқушыларға арнап жазған хаты басылған.

Алдағы мерекеге орай Н. К. Крупскаяның «Ленин туралы естеліктер» деген кітабы, М. Шагинянның «Ульяновтар семьясы» шежіре-романы, В. Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» поэмасы қазақ тілінде жарық көрмек.

«Қазақстан» баспасы мен Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты қазақ тілінде В. И. Лениннің үш томдық Таңдамалы шығармаларын, көсемнің мейлінше толық өмірбаянын, сондай-ақ қазіргі кезде ерекше маңызды болып табылатын жеке лениндік еңбектерді басып шығару үстінде. Мұнымен қоса орыс тілінде «Шын жүректен» (Қазақстан еңбекшілерінің Ильичке жазған хаттары), «Қазақстандағы Лениндік шақыру» сияқты кітаптар даярланып жатыр.

Мерекелік кітаптарды жазуға республика ғылымы мен мәдениетінің көрнекті қайраткерлері, жазушылар, халық шаруашылығының мамандары, партия, совет қызметкерлері, революция мен азамат соғысының ардагерлері, еңбек майталмандары қатыстырылып отыр. Мұнда очерктер мен суреттемелерден бастап кесек полотнолар мен ғылыми зерттеу еңбектеріне дейін алуан түрлі жанр қамтылған.

«Есею жылдары» деп аталатын жинақ Қазақстанда Совет өкіметін орнату мен социалистік құрылыс ісіне белсене араласқан адамдардың естеліктерінен құралған. Жинақ авторлары—алғашқы бесжылдықтардың ардагерлері, колхоз құрылысы мен социалистік мәдениеттің негізін қалаушылар республика өмірінен көптеген мысалдар келтіре отырып, жеке өз тәжірибелеріне сүйеніп, Ильич өсиеттерінің жүзеге асқанын тартымды әңгімелейді.

Ленин өсиеттерін іс жүзіне асыру шиеленіскен тап күресі жағдайында өткені мәлім. Борис Петровтың «Семяников коммунасы» деген по-

весе Шығыс Қазақстанда Совет өкіметін орнатудың алғашқы қадамдарына арналған. Оның авторы — осы коммуна председателінің ұлы. Ильич жіберген Питер жұмысшылары деревняда социализм орнату үшін қалай күресті, міне Б. Петров повесінде осы тақырып жақсы түйін тапқан.

Николай Ановтың «Нұр да құйылады» деген жаңа романы автордың ойынша өте қызық болмақ. Кітап В. И. Лениннің эмиграциядан Россияға қайтып оралуынан басталады да, Қысқы сарайға шабуыл жасаған кездегі большевиктердің жеңісімен аяқталады. Жазушы естен кетпес осы кезеңнің тек тарихи оқиғаларын баяндаумен ғана шектеліп қалмайды. Оның қаһармандары митингтерге, қарулы демонстрацияларға қатысып, корниловшыларға қарсы күреске де, Октябрь көтерілісін әзірлеуге де белсене ат салысады.

Қазақ оқушылары көсем туралы С. Мұқановтың, А. Токмағамбетовтың, Т. Жароқовтың және республиканың басқа да белгілі акындарымен жазушыларының «Ильич, саған арналады» атты шығармаларының жинағын, авторлар коллективінің «Біздің көсем» және «Ғылыми-библиографиялық мақалалар» деген жинақтарды оқитын болады.

«Мектеп» баспасы «В. И. Ленин туралы мектеп балаларына» деген кітап шығармақ. Мұны республика Ғылым академиясының корреспондент мүшесі М. Қаратаев, Белорус ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Е. Ривлин, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының аға оқытушысы Р. Сверчкова құрастырып жатыр. «Ұлы көсемнің есімімен» және «Ленин орденді «Победа Ильича» совхозы деген екі кітап «Қайнар» баспасынан шығады. Бұлардың авторлары — Алматы облысы, Нарынқол ауданының Ленин атындағы колхозының председателі Нүсіпбек Әшімбаев пен Көкшетау облысы, Рузаев ауданының «Победа Ильича» совхозының директоры И. Грошев өз шаруашылықтарындағы еңбеккерлердің даңқты істері жайында сыр шертеді.

«Ғылым» баспасы лениндік тақырыптан 8 кітап шығарады. Бұлардың ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі А. Нүсіпбековтың, тарих ғылымының кандидаттары Х. Бейсенов пен С. Нұрмұхамбетовтың дамудың капиталистік емес жолы туралы лениндік ілімнің салтанаты, тарих ғылымының кандидаты Б. Ишмұхамбетовтың Советтік Қазақстан экономикасының гүлденуі, республика Ғылым академиясының академигі С. Зимановтың Ленин және Қазақстандағы ұлттық советтік мемлекеттілік туралы кітаптары бар. Сондай-ақ «В. И. Ленин туралы халық акындарының жырлары» деген жинақ та осы баспаның жоспарында.

Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитет көсемнің туғанына 100 жыл толуына арналған ең жақсы саяси плакаттарға республикалық бәйгі жариялады. Жюри мұның алды ала қорытындысын шығарып та қойды. Бәйгіге түскен 34 плакаттан 4 плакат сыйлық алғалы отыр. Бұлар — О. Расшупкиннің, В. Ткаченко мен С. Суховтың плакаттары. 10 плакат басып шығаруға ұсынылды. Қазақстан плакатшы-суретшілерінің ең тәуірлері осы ұлы мерекеге арналған саяси плакаттың Бүкіл одақтық конкурсына жіберіледі.

Еліміздегі баспа орындарының алдағы мерекеге бүкіл әзірлік жұмысын 1970 жылы көктемде Москвада «В. И. Ленин және дүниені революциялық жолмен өзгерту» деген девизбен өткізілетін екінші халықаралық кітап көрмесі қорытындылайды. Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитет осы көрмеге әзірлікке байланысты шараларды бекітті, «Қазақ ССР» деген бөлімнің тақырыптық экспозициялық жоспарын белгіледі.

Бұл көрмедегі біздің республика бөлімінің тақырыптық жоспары негізгі 9 кітап стендісінен тұрады. «В. И. Ленин — ұлы теоретик, дүние жүзі пролетариатының революцияшыл көсемі», «Жүрегімізде Ленин бейнесін сақтап, еңбек етеміз, өмір сүреміз», «Советтік Қазақстанда лениндік идеялардың салтанат құруы» — міне алғашқы үш стенд осы-

дай аталады. Соңғы стендтерге «Лениндік бағытпен коммунизмге қарай алға баса береміз» деген жалпы тақырып берілген.

Біздің баспаларымыз бұл көрмеде өздерінің ең тәуір деген 200 кітабын көрсетеді. Сондай-ақ мұнда графика, живопись, мүсін өнерінің туындылары, плакаттар, фотоальбомдар, открыткалар, ұлттық ісмерлік өнердің бұйымдары қойылады.

Совет халқының фашистік Германияны жеңгеніне 25 жыл толуына байланысты республика баспа орындарының шығаратын әдебиеттері де өз алдына бір төбе. Бұл даңқты мерекеге баспаларымыз жалпы көлемі 523 баспа табақ 43 кітап шығарады. Бұлардың ішінде «Қазақстандық Совет Одағының Батырлары» (2 том), «Сұр шинельді журналистер», «Отан сені қорғап қалдық», «Қазақстан Ұлы Отан соғысында» деген жинақтар, М. Қозыбаевтың «Қазақстан — майдан арсеналы», З. Қашқымбаевтың «1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі Орта Азия мен Қазақстан партия ұйымдарының әскери-ұйымдастыру жұмысы» деген кітаптары бар.

Келесі жылы Қазақ ССР-інің құрылғанына 50 жыл толады. Осыған орай біздің баспа орындарымыз республиканың экономикасын, мәдениетін және ұлттық өркендеуін паш ететін кітаптар шығарады. Мәселен, Қазақстанның 50 жылдығына дейін 460 баспа табақ 29 кітап жарық көрмек. Бұлардың ішінен авторлар коллективінің «Советтік Қазақстанға 50 жыл», «Менің республикам» деген жинақтарын, «Советтік Қазақстан» атты фотоальбомды, «Каспиден Алтайға дейін» деген түрлі түсті фото открыткаларды атауға болады.

Республикамыздың барлық еңбекшілері сияқты, баспа қызметкерлері де, полиграфистер мен кітап саудасы қызметкерлері де торқалы тойларға әзірлікті аса маңызды творчестволық іс деп біледі. Сондықтан олар өздерінің күші мен қабілетін, бар талантын даңқты мерекелерге арнап саяси әдебиеттер шығаруға жұмсайтыны сөзсіз.

Халқымыздың рухани және өскелең эстетикалық талабына сай кітаптар шығару, мәңгі өлмейтін лениндік сөздерді қалың бұқараға жеткізу, ленинизмнің жеңімпаз идеяларын еңбекшілердің игілігіне айналдыру — Қазақстан баспа қызметкерлерінің, полиграфистер мен кітап саудасы қызметкерлерінің ардақты борышы.



# КОСЕМНІҢ ЖАРҒЫН БЕЙНЕСІ

## В. И. ЛЕНИН ӨМІРБАЯНЫНЫҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

### ПАТША ӨКІМЕТІНЕ ҚАРСЫ БІРІНШІ ШАБУЫЛҒА ШЫҒУ

Ленин шетелде жүріп, Россиядағы революциялық қозғалыстың өріс алуын мұқият қадағалап отырды. Революция басталардан көп бұрын Ленин оның жақындап келе жатқандығын болжап білді. Міне революция да басталды. 1905 жылы 9 январьда Петербургте өздерінің мұқтаждарын айту үшін патшаға бала-шағасын ертіп, бейбіт бара жатқан жұмысшыларға патшаның бұйрығы бойынша оқ жаудырылды. Патшаның қанқұйлы бұл жауыздығы халықтың зығырданын қайнатып, ашу-ызасын тасытты. Сол күннің кешінде қаланың жұмысшы аудандарында баррикадалар тұрғызыла бастады. Астанадағы оқиғалар бүкіл елге қозғау салды. Ленин бұл оқиғаларды революцияның басталуы деп бағалады. «Петербургтің ержүрек пролетариатының: «не бостандық, не өлім!» деген ұраны қазір бүкіл Россияны жаңғыртырып тұр», — деп жазды Ленин.

Лениннің барлық ойы Россияда болды. Ол партия комитеттеріне тікелей басшылық етті, оларға хат жіберіп, басталып отырған революция жағдайында жұмысты қалай жүргізу керектігі жөнінде егжей-тегжейлі нұсқаулар беріп отырды. «Менің құпия түрде шетелге жиі баруыма тура келді, — деп еске түсіреді Көпшілік комитеттері бюросының мүшесі М. Н. Лядов. — Бір аптаға барып, Ильичке бар жаңалықтарды айтасың, оның нұсқауларын, тапсырмаларын, кеңестерін артып алып, «Көпшілік комитеттерінің бюросындағы» жолдастарды іздестіру үшін қайта ораласың. Ильичтің сол жерде, Женевада отырып-ақ істің жайын дұрыс бағалай білетіндігіне біз әрдайым таң қалушы едік...»

Революцияның сөзсіз өсіп, өрістей беретінін Ленин күн ілгері болжап білді. Ал мұның өзі социал-демократиялық жұмысшы партиясына зор жауапкершілік жүктеді. Бұл партия революциядағы өзінің ұстайтын жолын белгілеп, күрестің түрлері мен әдістері жөнінде келісіп алуға, басқаша айтқанда, өз тактикасын анықтап алуға тиіс болды. Ал мұны тек партия съезі ғана шеше алатын еді. Сондықтан Ленин партияның жаңа съезінің дереу шақырылуын қатты талап етіп, оған қызу дайындық жүргізді.

РСДРП-нің III съезі 1905 жылы апрельде Лондонда болды. Бұл большевиктік бірінші съезд еді. Меньшевиктер де шақырылған болатын, бірақ олар съезге қатысудан бас тартты. Олар Женевада өздерінің конференциясын өткізді. Бұл анық жікшілдік әрекет еді. Екі съезд — екі партия, — деп сипаттады Ленин Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының ішіндегі жағдайды.

Съезд өріс алып келе жатқан революцияның барлық түбірлі мәселелерін қарады. Ленин съездің председателі болып сайланып, оның жұмысына ті-

келей басшылық етті. Ол бірсыпыра баяндамалар жасап; сөз сөйледі және қарулы көтеріліс туралы, революциялық уақытша үкімет туралы, шаруалар қозғалысына көзқарас туралы негізгі қарарларды әзірледі. Қарулы көтеріліс ұйымдастыруды партияның басты және шұғыл міндеті деп танып, съезд барлық партия ұйымдарына пролетариатты қаруландыруға, қарулы көтерілістің және оған тікелей басшылық етудің жоспарын әзірлеуге нақтылы шаралар қолдануды тапсырды.

Социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатынасуы жөніндегі Лениннің сөзін есіне түсіріп, съезд делегаты М. Г. Цхакая былай деп жазған болатын: «Бүкіл съездегілер оның сөзін тым-тырыс, түрегеп тұрып тыңдады, өйткені революция теоретигінің, шешенінің және ұйымдастырушысының болаттай берік логика күші барлық делегаттарды баурап алды.

Ильич сөзін бітірген кезде қол шапалақтап, овация жасаудың шегі болмады. Біздің алдымызда ұлы революционер, теоретик және шешен тұр еді».

Съезд партия мүшелігі туралы Уставтың бірінші параграфын Лениннің тұжырымында қабылдады. Сол кезден бастап ең маңызды лениндік ұйымдық принциптердің бірі партиямыздың Уставында баянды етілді. Съезде Ленин бастаған Орталық Комитет сайланды.

Съездің шешімдері партияны практикалық қызметтің нақтылы жоспарымен қаруландырды, революцияны одан әрі дамытудың жолдары мен құралдарын белгілеп берді, жұмысшы табын самодержавиемен күресте жеңіп шығуға бағыттады. Ал Орталық Комитеттің бірінші пленумында Ленин партияның Орталық Органы — «Пролетарий» газетінің редакторы болып бекітілді.

Съезден кейін Ленин Женеваға қайтып келді. Владимир Ильич съездің маңызы мен оның шешімдері туралы «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітап жазды, ол 1905 жылы июльде жарыққа шықты. Бұл данышпандық еңбегінде Ленин жаңа басталған революцияның барлық мәселелерін талдады және партияның міндеттерін белгілеп берді. Сонымен бірге ол большевиктер мен меньшевиктердің революцияны және оның қозғаушы күштерін түрліше бағалағандығын, жұмысшы табы мен партияның міндеттеріне түрліше қарағандығын көрсетті.

Ленин, большевиктер Россияда болып жатқан революцияны буржуазиялық-демократиялық революция деп есептеді. Оның міндеті — крепостниктің қалдықтарын құрту, патша өкіметін құлату, демократиялық бостандықтарды жеңіп алу. Лениннің сіңірген зор еңбегі — ол империализм заманындағы буржуазиялық-демократиялық революцияның ерекшеліктері, оның қозғаушы күштері мен перспективалары туралы мәселені марксизм тарихында тұңғыш рет талдап тексеріп шықты. Ленин былай деп есептеді: пролетариат буржуазиялық революцияның толық жеңіп шығуына мүдделі, өйткені буржуазиялық революция пролетариаттың социализм үшін күресін жақындатып, жеңілдеті түседі. Ол ол ма, нақ пролетариаттың өзі революцияның негізгі қозғаушы күші және көсемі болуға тиісті. Помещиктердің жерін тартып алып, патша өкіметін құлатуға мүдделі шаруалар пролетариаттың одақтасы болуға тиіс. Сонымен, революцияның өрістеп, құлаш сермеуі оның негізгі қозғаушы күштерінің — пролетариат пен шаруалардың іс-әрекетіне байланысты болды. Ал енді Россия буржуазиясына келсек, ол патша өкіметін сақтау жағында болды және өзінің таптық жаратылысы жағынан революцияшыл бола алмады. Сондықтан да большевиктер буржуазияны шеттетіп, бұқарадан оқшау қалдыру керек деп есептеді.

Бірінші орыс революциясы өзінің қозғаушы күштері жағынан халықтық революция болды, ал күрес тәсілі жағынан Ленин оны пролетарлық революция деп сипаттады. Ол революцияда күрестің саяси стачка мен қарулы көтеріліс сияқты бұқаралық формалары қолданылды.

Қарулы көтеріліс патша самодержавиясын құлатудың басты құралы

деп түсіндірді Ленин. Жеңімпаз көтеріліс бұрынғы революциялардағы сияқты буржуазияның өкіметін орнатуға тиіс емес, қайта революциялық-демократиялық диктатураны, яғни пролетариат пен шаруалардың өкіметін орнатуға тиіс. Ал бұл диктатураның органы революциялық уақытша үкімет болмақ.

Ленин әзірлеген большевиктік тактика революцияның жеңіл шығуына арналып жасалды және ол жеңіске қалай жету керек екендігін түсіндірді. Мұның өзі шын мәнісіндегі революциялық тактика болды.

Ал меньшевиктердің тактикасы қандай болды? Революция буржуазиялық революция болғандықтан оның көсемі де буржуазия болуға тиіс, ал жұмысшы табының міндеті буржуазияны қолдап отыру ғана десті олар. Меньшевиктер жұмысшы табының шаруалармен одақ жасауына қарсы шықты, өйткені олар шаруалардың революциялық күшіне сенбеді. Олар әсіресе қарулы көтеріліске қарсы шықты. Ленин меньшевиктердің ұстаған бағыты — революцияны сатып кету, пролетариатты буржуазияның басшылығына бағындыруға тырысу, халықтың жеңіл шығу мүмкіндігінен үрейі кетіп қорқу бағыты деп көрсетті. Революциялық күрестен зәресі қалмай қорқатын, көкмылжын, көпірме сөзбен революцияны құрдымға кетіруден тайынбайтын меньшевиктерді Ленин Чеховтың «құндақты адамдары» деп бейнеледі.

Ленин өзінің кітабында бұдан әрі былай деп үйретті: барлық шаруалармен бірге буржуазиялық-демократиялық революцияда жеңіп шыққаннан кейін пролетариат мұнымен қанағаттанып қала алмайды. Күрестің барысында пролетариат өз күштерін ұйымдастырып, өзіне шаруа және қала кедейлерін қосып алады, сөйтіп капитализмге соққы береді. Сонымен, буржуазиялық-демократиялық революция социалистік революцияға ұласады. Мұның өзі социалистік революцияның жеңіл шығу жолын мезгеген жаңа бағдар болды. Бұл бағдар қала мен деревняның жартылай пролетарлық бұқарасының революциялық мүмкіндіктерін жете бағаламаған орыс меньшевиктері мен батыс еуропалық оппортунистердің ұстаған жолын теріске шығарды. Оппортунистер социалистік революцияда пролетариат одақтастарсыз бір-өзі жеке аттанады, сондықтан пролетариат елдегі халықтың көпшілігі болған кезде ғана социалистік революция бола алады деп есептеді. Ленин бұл қағиданың қате және зиянды екендігін дәлелдеді. Революцияның барысында пролетариатқа қала мен деревняның жартылай пролетарлық бұқарасы қосылмай қоймайтындығын дәлелдеп берді Ленин. Өмір оның осы пікірінің дұрыс екендігін растады.

Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында социалистік революция туралы маркстік ілімді демократия мен социализмнің жеңісі жолындағы күресте бүкіл дүние жүзінің халықтары үшін зор маңызы бар жаңа идеялармен байытты. Лениннің кітабын Россияның партия ұйымдары ұнатып қарсы алды. Қазан ұйымының мүшесі В. В. Адоратский былай деп есіне түсірген еді: «Революцияны дамыту мүддесін тап Владимир Ильич сияқты неғұрлым дұрыс, неғұрлым дәйекті және неғұрлым талантты қорғап шығу мүмкін еместігін біріміз де сездік».

Россияда революциялық қозғалыс жедел өрістей түсті. 1905 жылдың көктемі мен жазында Петербург, Варшава, Лодзь, Баку, Одесса сияқты өнеркәсіп орталықтарында ірі стачкалар болып өтті. Шаруалар қозғалысының толқыны күшейіп, елдің барлық уездерінің бестен бір бөлегін қамтыды. Патша өкіметінің әскери тірегі — армия да толқыды. 1905 жылы июньде Қара теңіз флотындағы «Потемкин» броненосецінде матростардың көтерілісі бұрқ ете түсті. Ленин бұл көтеріліске зор маңыз берді. Көтеріліс жасаған кемеге көмек көрсету үшін ол Одессаға большевик М. И. Васильев-Южинді жіберіп, жеңіл шығу үшін не істеу керектігі жөнінде оған жетекші нұсқаулар берді. Бірақ Васильев-Южин кешігіп қалған еді, ол Одессаға броненосец порттан шығып, амалсыздан Румынияға кеткен кезде ғана жетті.



Ленин қарулы көтеріліс туралы мәселені бұрынғыдан да бетер батыл қойды. Владимир Ильич көтеріліс туралы Маркс пен Энгельстің жазғандарын түгел оқыды, соғыс өнері жөніндегі көптеген кітапты оқып зерттеді. Ленин көтерілісті әзірлеу үшін ұйымдастырылған Петербург Жауынгерлік комитетінің шабандығын, тартыншақтығын қатты сынады, оның қызметінің нақтылы жоспарын белгілеп берді. «Жастарға барыңыздар, — деп кеңес берді Ленин. — Бар жерде, кез келген жерде — студенттерден, әсіресе жұмысшылардан дереу жауынгер жасақ ұйымдастырыңыздар... Олар қолына түскен қарумен дереу қарулана берсін... Отрядтар тұтқиыл операциялар жасауды үйренуге, қолма-қол, *дереу* үйрене бастауға тиіс». Мұнымен қатар Владимир Ильич шетелден қару-жарақ сатып алып, Россияға жөнелту ісін жолға қою жөнінде қызу шаралар қолданып жатты.

1905 жылдың күзінде ел ішіндегі революциялық қозғалыс бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өрістеді. Октябрь айында жаппай саяси стачка бұрқ ете түсті. Фабрикалар, заводтар, почта-телеграф мекемелері жұмысын тоқтатты, ел ішінде бүкіл тіршілік тоқырап қалды. Мұның өзі бұған дейін басқа елдерде болып көрмеген пролетариат күресінің жаңа түрі еді. Пролетариат патша үкіметін кеңшілік жасауға еріксіз көндірді. 17 октябрьде патша манифест шығарып, манифесте адамның жеке басына ешкім қол сұқпайды, сөз, баспасөз, жиналыстар бостандығы және басқа да азаматтық бостандықтар беріледі деп халыққа уәде етті. Бұл елеулі жеңіс болды. Бірақ Ленин патшаның уәдесіне сенбеу керек екендігін түсіндірді. Пролетариаттың міндеті — революцияны ілгері өрістете беру, бұқараны қарулы көтеріліске жеткізу деді.

Революцияның қызу күндерінде тарихта тұңғыш рет бұқаралық саяси ұйымдар — жұмысшы депутаттарының Советтері пайда болды. Бірде-бір елде мұндай ұйымдар әлі пайда болмаған еді. Ленин қарулы көтерілістің органдары және халық өкіметінің ұрығы деп Советтерді жоғары бағалады. Сол кездің өзінде-ақ ол ұлы болашақ Советтердікі екенін; ерте ме, кеш пе, Советтер еңбекшілердің мемлекеттік өкіметі болатындығын күн ілгері болжап білді. Ленинің осы болжап айтқаны дәл келді. Советтердің ролі туралы мәселені Ленин «Біздің міндеттеріміз және жұмысшы депутаттарының Советі» деген мақалада өте-мөте терең талдап шешті.

Революция толқындары бірден-бірге тасқындай берді. Революциялық қозғалысқа шетелден басшылық ету Ленинге барған сайын қиын болды. Ол Россияға қайтуға асықты. 1905 жылғы ноябрьдің басында Ленин Петербургке келді, сөйтіп енді тікелей осы жерде партияға, революциялық күреске басшылық ете бастады. Ленин зор ұйымдастыру жұмысын өрістетті. Ол большевиктердің Орталық Комитеті мен Петербург комитетіне басшылық етіп отырды, партия жиналыстарында, конференцияларында, кеңестерде баяндамалар жасады, Россияның барлық түкпірлерінен келіп жатқан партия қызметкерлерімен кездесіп әңгімелесті. Ленин жария шығатын большевиктік «Новая Жизнь» газетіне басшылық етіп, оған көптеген мақалалар жазды. Оның тартымды да терең мағыналы мақалалары партия ұйымдарының күнделікті жұмыстарында оларға нұсқау болып табылды.

Халықтың патшадан жырымдап алған кейбір бостандықтары бола тұрса да, өзге революционерлер сияқты, Ленин де полициядан жасырынуға мәжбүр болды. Оның құпия жағдайда тұруына: паспортын, пәтерін жиі-жиі ауыстыруына, Петербургтен бірнеше рет Финляндияға кетіп қалуына тура келді.

Москва жұмысшыларының декабрьдегі қарулы көтерілісі революцияның ең жоғарғы шыңы болды. Бірнеше мың қарулы жұмысшылар полициямен және Петербургтен жіберілген патша әскерлерімен 9 күн бойы ерлік күрес жүргізді. Сол кезде Москвада болған А. М. Горький өзінің бір хатында жұмысшы табының қаһарман күресіне ерекше сүйсініп, былай деп жазды: «Жаңа ғана көшеден келдім, — деп жазды 10 декабрьде, — Сандун моншаларының маңында, Николаев вокзалының алдында, Смоленск базарында, Кудринода ұрыс жүріп жатыр. Нағыз ұрыс! Зеңбіректер

гүрсілдейді — бұл кеше күндізгі сағат екіде басталды, түні бойы бір толастамады, бүгін күні бойы ұрыс сарыны үздіксіз естілуде... Зор жеңіс! Көшелерде жандармерияны, полицияны қарусыздандырып жатыр... Жұмысшылардың қимылы тамаша!». Әсіресе Пресняда (қазір Красная Пресня) табан тірескен ұрыстар болды. Москваның ізінше іле-шала Нижний Новгородта, Дондағы Ростовта, Новороссийскіде, Екатеринославта, Уфада, Красноярскіде, Читада және басқа қалаларда көтеріліс қаулады. Бірақ бұл көтерілістердің бәрі бытыраңқы болды, жөнді ұйымдастырылмады, сондықтан бұларды патша үкіметі аяусыз жаныштап отырды.

Ленин декабрь қарулы көтерілісін орыс жұмысшыларының естен кетпес қаһармандық ерлігі, күрескерлердің жаңа ұрпақтарын революциялық іске тәрбиелеуде үлгі боларлық ерлігі деп жоғары бағалады. Бұл көтерілісті барлық пролетарлық революциялар үшін орасан зор маңызы бар тәжірибе деп қарады. Көтерілістің дұрыс жақтарын көрсетумен бірге Владимир Ильич оның ұйымдастырылуындағы кемшіліктерді де ашып көрсетті. Қаруды неғұрлым батыл қолға алу керек еді, қорғаныс ұрыстарын жүргізбей, шабуылды ұрыстар жүргізу керек еді, әскерді өз жағына шығарып алу керек еді және шаруаларды ортақ күреске қатыстыру керек еді деп көрсетті ол. Көтерілістің сабақтары осындай еді. Ленин барлық саналы жұмысшыларды осы сабақтарды зерттеп үйреніп, жаңа ұрыстарға әзірленуге шақырды.

Декабрь көтерілісі жеңіліс тапқаннан кейін революция толқыны бірден қайта қоймады. Халық бұқарасы кері шегінгісі келмеді. Стачкалар бәсеңсімеді, шаруа толқулары және флот пен армиядағы революциялық аттаныстар бола берді. Ленин Свеаборг пен Кронштадта 1906 жылдың жазында болған солдаттар мен матростар көтерілістерінің басшыларымен тікелей байланысты болды. Ленин Кронштадт көтерілісін қолдау мақсатымен ереуілдер өткізу туралы большевиктерге, Петербург комитетінің мүшелеріне нұсқау беріп отырды. Бірақ бұл екі көтерілістің екеуі де басып тасталды.

Ленин 1906 жылдың март айында жазылған «Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері» деген кітапшасын Россия пролетариатының 1905 жылғы октябрь мен декабрьдегі күресінің тәжірибесін қорытуға арнады. Ол октябрь-декабрь ұрыстарын жұмысшы табының бүкіл дүние жүзілік-тарихи күресіндегі бұқаралық саяси стачканы көтеріліспен ұштастыру тактикасы тұңғыш рет қолданылған аса көрнекті қадам деп қарады. Кітапшада Ленин буржуазиялық кадеттер партиясының қылығын әшкереледі, олардың екі жүзділігін, қоян жүрек қорқақтығын, патша өкіметімен келісімге келгіштігін көрсетіп берді, кадеттерді «революцияның жегі құрты» деп атады.

Революцияның жеңуі жолында ойдағыдай күресу үшін партияның көптеген мүшелері — жұмысшылар партияның бірігуін талап етті, бұл үшін жаңа съезд шақыру қажет болды.

Ленин, большевиктер бұл талапты қолдады. Бірақ қалай бірігу керек еді? Қай негізде бірігу керек еді? Бұл сұраққа Ленин жауап берді. Меньшевиктермен революциялық марксизм негізінде ғана бірігу мүмкін деп есептеді ол. Ленин революцияның негізгі мәселелері жөніндегі принциптік пікір алалықтарын жуып-шаюға үзілді-кесілді қарсы шықты. Ол осылай бірігуге жол ашатын партияның IV съезін әзірлеу жөнінде зор жұмыс жүргізді. Ол большевиктердің платформасын — съездің негізгі қарарларының жобасын жасап шықты. Съезге аграрлық программаны әзірлеу үшін Ленин «Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау» деген кітапшаны жазды.

Бірігу съезін шақырудың қажеттігі басқа пікірлерден де туды. Россияда РСДРП-нің үстіне Польша мен Литваның социал-демократиясы, Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы және басқа социал-демократиялық партиялар болған еді. Бұл партиялардың әрқайсысы жеке-жеке әрекет етті. Патша өкіметіне қарсы күрес жүргізу мүдделері Россияның

барлық ұлттарының күш-жігерін біріктіруді, бүкіл ел жұмысшыларының интернационалдық топтасуын керек қылды.

1906 жылдың басында Ленин РСДРП IV (Бірігу) съезіне қатысу үшін Швецияға, Стокгольмге жүріп кетті. Съезд 10 апрель күні швед социал-демократтары берген Халық үйінде ашылды.

Ленин аграрлық мәселе жөнінде, «Қазіргі кезең және пролетариаттың таптық міндеттері туралы» баяндамалар жасады, Мемлекеттік думаға көзқарас мәселесі жөнінде қосымша баяндама жасады, қарулы көтеріліс туралы және ұйымдық мәселе жөнінде сөз сөйледі, РСДРП уставының жобасын әзірлеу жөніндегі комиссияның жұмысына қатысты.

Съезд большевиктер мен меньшевиктердің арасында болған қатты күрес үстінде өтті. Аграрлық мәселе жөнінде қиян-кескі тартыс болды. Ленин, большевиктер помещик жерлерін конфискациялап (ақысыз тартып алып), барлық жердің национализациялануын талап етті, яғни жерге жеке меншікті жойып, оны мемлекеттің меншігіне беруді талап етті. Жерді национализациялау самодержавиені құлатқанда ғана мүмкін болатын нәрсе еді. Демек, большевиктердің аграрлық программасы шаруаларды патша мен помещиктерге қарсы революцияға шақырды.

Ленин «бөлісшілдер» көзқарасының кемшілігі мен қателігін көрсетті, бұл көзқарасты И. В. Сталин, С. А. Суворов және кейбір өзге де большевик делегаттары қорғады, бұлар помещиктердің жерлерін бөліп, оларды шаруалардың жеке меншігіне беруді талап етті.

Ал енді меньшевиктердің позициясы қандай болды? Олар жерді национализациялауға қарсы болып, муниципализациялау талабын қойды, яғни помещиктердің жерлерін жергілікті дербес басқару органдарына (муниципалитеттерге) беруді талап етті, шаруалар жерді осылардан жалға алып отыруға тиіс деді. Ленин помещиктермен келісім жасағандық болып табылатын және патша мен помещиктердің өкіметін құлатпай-ақ аграрлық мәселені шешу мүмкін деген орындалмас үміт туғызатын меньшевиктердің программасын қатты сынға алды.

Съезде сан жағынан басымдығын пайдаланып, меньшевиктер барлық негізгі мәселелер жөнінде өз шешімдерін өткізді, соның ішінде муниципализациялау программасын да өткізіп алды. Меньшевиктер Орталық Комитетте орынның көбін алып алды, Орталық Орган — «Социал-Демократтың» редакциясын өз қолдарына түсіріп алды.

Бірақ меньшевиктердің жеңісі көпке баратын, берік жеңіс болуы мүмкін емес еді. Ленин революцияшылар марксизмнің, революциялық стратегия мен тактиканың салтанат құратындығына кәміл сенді. Меньшевиктердің жеңілетіндігіне ол күмән келтірмеді. Съезден кейін іле-шала Владимир Ильич қызу жұмысқа кірісті. Съезд Россияның ұлттық социал-демократиялық партияларының бірыңғай РСДРП құрамына бірігуі туралы шешім қабылдады. Бұл бірігу елдің барлық ұлттары жұмысшыларының қалың тобына большевиктердің ықпал жасауына мүмкіндік берді, меньшевиктерді әшкерелеп, оқшау қалдыруды жеңілдетті. Ленин съезде болған күрес туралы жұмысшылардың қалың бұқарасын хабардар етті, ол съезд делегаттары-большевиктердің партияға арнаған үндеуін жазды. «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)» деген кітапша жазып шығарды.

Большевиктердің ұстаған жолының дұрыстығын үздіксіз қорғап, түсіндіре жүріп, Ленин жұмысшылармен, интеллигенттермен, қызметкерлермен, студенттермен кездесіп, олармен реті келгенде ылыми әңгімелесіп отырды. 1906 жылы 9 майда Ленин Петербургте үш мың адам қатысқан халық митингісінде сөз сөйлеп, буржуазиялық кадеттер партиясының самодержавиемен келісімге барғанын әшкереледі, пролетариаттың революциялық жолын қорғады. Карпов деген жасырын фамилиямен сөйлеген Владимир Ильичтің сөзін митингіге қатысқандар зор ықыласпен, тебірене тыңдады. Лениннің сөйлеген осы сөзі туралы Н. К. Крупская былай деп еске түсіреді: «Тыңдаушылар тым-тырыс болды. Ильичтің сөзінен ке-

йін мұнда қатысқандардың бәрінің көңілі көтеріліп сала берді, дәл осы минутта бар жұрттың ойлағаны ақырына дейін жүргізілетін алдағы күрес жайы болды». Ленин жұмысшылардың алдында ерекше зор ықыласпен сөйлеп, оларға революциялық күрестің барлық мәселелері жөнінде нұсқау, түсінік беріп отырды. Владимир Ильич Нарва ауданының социал-демократ жұмысшыларының жиналысында, Шалшала темекі фабрикасында істейтін жұмысшы әйелдердің алдында, Нева заставасындағы Семянников ауданы жұмысшыларының алдында және көптеген басқа да жұмысшылардың алдында сөз сөйледі.

Қажырлы күрестің арқасында партия ұйымдарын большевиктердің төңірегіне топтастырып алды да, Ленин партияның жаңа съезін шақыру міндетін алға қойып, оған қызу дайындалды. Ол 1907 жылдың февралында РСДРП V съезіне ұсынылатын қарарлардың жобаларын жазды. Март айында Ленин съезге делегаттар сайлау үшін жергілікті жерлерге жүретін большевиктердің нұсқау кеңесінде үстіміздегі кезең және партияның міндеттері туралы баяндама жасады.

1907 жылғы апрельдің аяғында Владимир Ильич Лондонға жүріп кетті; мұнда РСДРП-нің V съезі болды. Ленин съездің жұмысына басшылық етті, күн тәртібінің негізгі мәселесі бойынша — буржуазиялық партияларға көзқарас жөнінде баяндама жасады. Съезге қатысқан ұлы пролетариат жазушысы А. М. Горький өзінің естеліктерінде Лениннің шешендігіне тамаша сипаттама берген. А. М. Горькийдің айтуынша, Ленин «әсем сөздерге әуестенбеді, әрбір сөздің дәл мағынасын оп-оңай шебер ашып, алақандағыдай етіп түсіндіріп берді... Уақыт жағынан ол өзіне дейін сөйлеген шешендерден аз сөйледі, ал қалдырған әсері жағынан анағұрлым артық болды; мұны жалғыз мен ғана аңғарғаным жоқ, арт жағымда отырғандар да өзара таңырқай сыбырласып: — Нығыздап сөйлейді... — десіп жатты. Шынында да солай еді; оның әрбір дәлелі өз бойына біткен күшпен емін-еркін өрістеп отырды».

Ленинмен бірге съезде большевик делегаттардың ұйымдасқан тобы: А. С. Бубнов, К. Е. Ворошилов, И. Ф. Дубровинский, М. Н. Лядов, М. Г. Цхакая, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский және басқалары сөз сөйледі.

Съезд буржуазиялық партияларға көзқарас туралы лениндік қарарды қабылдады. Бұл мәселе Россиядағы революцияға баға берумен тікелей байланысты еді. Партиялар белгілі бір таптардың мүдделерін білдірді. Демократиялық революцияда көсем ролін орындап шығу үшін жұмысшы табы саяси партиялардың таптық тегін айқындап алуға тиіс болды. Лениндік қарар қара жүздік партияларға және ірі помещиктер мен буржуазияның партияларына қарсы аяусыз күрес жүргізуді талап етті; алдап өз соңынан шаруаларды ертіп алуына мүмкіндік бермеу үшін либерал буржуазия партиясының — кадеттердің жалған демократизмін әшкерелеп отырды талап етті. Ленин трудовиктерді басқаша бағалады (Думада шаруалардың атынан келген депутаттарды осылай атайтын). Бұлар шаруалар мен қаланың ұсақ буржуазиясының мүдделерін білдіретіндіктен, Ленин патша өкіметіне қарсы күресте бұлармен келісім жасауға болады деді.

V съезд революциядағы большевиктер ұстаған жолдың дұрыстығын дәйектеді. Бұл съезде большевиктер басқа мәселелер жөнінде де меньшевиктерді жеңіп шықты. Социал-демократтардың, эсерлердің, анархистердің және тағы басқалардың өкілдерін қамтитын кең жұмысшы партиясын құруға тиіс болған «жұмысшы съезі» дейтінді шақыру жөніндегі меньшевиктердің идеясы теріс деп мінелді. Съезд жұмысшы қозғалысы үшін зиянды, шын мәнісіне келгенде нағыз пролетарлық партияны жойғандық болып табылатын бұл идеяны қабылдамай тастады.

Ленин съездің жұмысшы делегаттарымен ерекше жылы жүзбен, шын жүректен әңгімелесті. Өзінің естеліктерінде А. М. Горький Ленинді алғаш көрген жұмысшылардың мына бір сөздерін есіне алады:

«Бұл — өз адамымыз ғой! — деді біреуі.

— Плеханов та өз адамымыз ғой, — деп оған қарсы шыққандар болды.

Сонда мен:

— Плеханов — біздің ұстазымыз, біздің мырзамыз, ал Ленин — біздің көсеміміз және жолдасымыз, — деген тапқыр жауапты есіттім».

V съезд Ленинді РСДРП Орталық Комитетінің құрамына сайлады. 1907 жылғы июньнің басында Ленин Лондоннан Россияға қайтып, Финляндияға көшіп барып орналасты. Бұл кезде революцияның жеңіліс тапқаны анық болып еді. Патша үкіметі шабуылға көшті; реакцияның ауыр жылдары басталды.

Петербургтің губерниялық жандарм басқармасының төтенше бөлімі Петербург охранкасының бастығына Ленин туралы қолда бар мәліметтерді хабарлауды және «оны Финляндияның ұстап беруі туралы мәселе көтеруді тапсырды». Патша тыңшылары жұмысшы табының көсемін іздеп сабылды. Ленин Финляндияның ішкері жағына көшіп баруға мәжбүр болды. Бірақ оның бұл жерде тұруы да қауіпті бола бастады. Сондықтан большевиктік орталық Лениннің шетелге кетуі туралы шешім шығарды.

Финляндиядан сытылып шығу оңай болмады. Аңдудан және қамаудан құтылу үшін Ленин кемеге порттан мінбей, аралдардың бірінен барып мінуге мәжбүр болды. Бірақ аралға дейін оның Фин шығанағының әлі жөнді қатпаған мұзымен түнделетіп жүруіне тура келді. Владимир Ильич суға кетіп қала жаздады: аяғының астындағы мұз сықырлап қайыса бастаған еді. Кейініректе Ленин дәл сол кезде өзінің: «Әттең дүние-ай, жоқ жерде өліп кететін болдым-ау» деп ойлағанын еске түсіріп жүрді. Сөйтіп ол зор қатерді кешіп, шетелге барып жетті. Бұл жолы Лениннің ылажсыз шетелде болуы он жылдай уақытқа созылды.

Екі жарым жылға жуық созылған бірінші орыс революциясы жеңіліске ұшырады. Бірақ бұл революция Россияның самодержавиелік құрылысын жарып, саңлау жасады, империализм заманындағы революциялық шайқастардың дәуірін бастады және бүкіл дүние жүзінде азаттық қозғалысының өрістеуіне орасан зор әсер етті. Бұл революция дүние жүзілік революциялық қозғалыс орталығының Россияға ауысқандығын, ал Россия пролетариатының халықаралық пролетариаттың авангардына айналғандығын көрсетті. 1905—1907 жылдардағы революцияға Ленин «Москва көтерілісінің сабақтары», «Революцияның сабақтары», «1905 жылғы революция туралы баяндама» деген және басқа мақалаларында баға берді.

Революция жылдарында Лениннің көсем, данышпан теоретик, еңбекшілер бұқарасының аса көрнекті ұйымдастырушысы және жетекшісі ретіндегі таланты өте-өте айқын көрінді.

# ИЛЬИЧТИҢ ЖҰМЫС КҮНІ

Бәлкім, бұл күн де әдеттегі күндердің біріндей басталған болар... Таңғы сағат 9. Тарихтағы тұңғыш жұмысшы-шаруа үкіметінің басшысы, Халық Комиссарлары Советінің Председателі Владимир Ильич Ленин сақшымен жылы сәлемдесіп, өз кабинетіне кірді.

Бәлкім Владимир Ильич жұмыс столына жетер-жетпесте-ақ, шағын болса да жарық әрі жайлы кабинеттің тыныштығын безілдеген телефон қоңырауы бұзған шығар.

Әдетте Лениннің тұстастары көсем туралы естеліктерінде Ильичтің жұмыс күні көбінесе телефон шырылымен басталатынын жиі айтады. Соғыс майданы мен азық-түлік мәселесі ол кезде азамат соғысы, шетел басқыншылары күйзелткен, аштық алқымынан алған жас Советтер республикасының албырт жүрегінің әр серпінін аңғартатын күре тамыр іспетті еді. Сондықтан бұларға қатысы бар хабар алдымен көсемге жетуші еді. Осы жолғы телефон қоңырауы да, мүмкін «революцияның бас интенданты», азық-түлік наркомы А. Д. Цюрупаның елдегі өнеркәсіп аудандарында паёқты тағы да кеміту жөніндегі дабылын жеткізген болар.

Владимир Ильичтің көзі столдағы үлкен блокнот пен әскери картадан бұрын календарьға түсті. Иә, август та бітіп қалды. Бүгін 24-і. Күн озған сайын егінге орақ түсер шақ жақындап келеді. Бірақ шаруалардан астық жинап алудың қиындап бара жатқаны туралы хабар да күн сайын түседі. Соғыс, интервенция, сол шаруаларға жер алып берген Совет республикасын қорғау батыл, кейде қатал шаралар қолдануға мәжбүр етеді. Басы артық дән жинап алынууда. Шаруалардың ынтасы бәсеңдей бастады. Қайткенде бір жаңа экономикалық саясат керек-ақ...

Оны революцияның ұлы көсемі жасайды. Өте батыл да соны саясатты партия қабылдайды, күресіп-тіресіп барып қабылдайды. Өйткені оның қажеттігін, мұнсыз жұмысшы табы мен шаруалардың берік одағын жасау мүмкін еместігін жұрттың бәрі бірден ұғына қоймады...

Лениндік жаңа экономикалық саясатты партия қабылдайды. Бірақ бұл келесі — 1921 жылы, партияның X съезінде қабылданады. Ал әзірше 1920 жылдың августы...

Жұмысшылар немесе республиканың түкпір-түкпірінен келген шаруалар Ленинге күн сайын жолығып тұратын. Жаңа, пролетарлық өкіметтің нағыз қожаларының ой-пікірін ел көсемі ерекше ілтипатпен тыңдады. Осындай бір әңгімені есіне алып, Сибирь шаруасы О. И. Чернов кейін былай деп жазады:

«Ленин неліктен ұлы?»

Оның сыры мынада. Әрине, ол мені ерен біткен жан екен деп тыңдап, сөйлескен жоқ, мен арқылы ол бүкіл шаруа қауымына құлақ салды, және мен арқылы төмендегі қиын-қыстау жағдайды түсініп, ескерді».

Бәлкім, 24 августа Ленин бірнеше адамды қабылдаған шығар (әдетте ол күніне екі-үш адамды, кейде одан да көп: 8, 10 кісіні де қабылдайтын).

Қабылдау күткендерді секретарь тізіп отырады да, күнде таңертең кімнің жолыққысы келетінін және оның не жөнінде сөйлеспекші екенін Владимир Ильичке баяндайды. Кісі қабылдау, көпшілікпен хат-хабар арқылы байланыс жасау, телефонмен сөйлесу — міне партия мен халықтың көсемі осындай мыңдаған дәнекер арқылы еңбекшілер бұқарасымен тығыз байланыс жасап отырды. Ол халықтың көңіл-күйінің нәзік пернесін дәл басып, мұң-мұқтажын жақсы білді және қолма-қол нақтылы көмек көрсетіп қана қоймай, көріп-білгендерін еліміздің тағдырына байланысты проблемаларды шешу үстінде әрдайым ескеріп отырды.

Ұлы көсемнің бойына біткен алуан қырлы асыл қасиеттерді айтып жеткізу қиын. Сондықтан әңгіме өзегіне — В. И. Лениннің «нақтылы» жұмыс күніне қайта көшелік.

Совнаркомның бір кездегі секретары, қазір Москвада тұратын, 1904 жылдан КПСС мүшесі Лидия Александровна Фотиева былай деп есіне алады: «Таңғысын кабинетіне келгеннен кейін Владимир Ильич күнделікті шұғыл жұмыстар жайлы және өзі күні бұрын берген тапсырмалардың орындалу барысы туралы секретарьдың хабарын тыңдайтын, хаттар мен іс қағаздарын қарап шығып, соларға орай тапсырма беретін, телефон арқылы сөйлесетін, келушілерді қабылдап, әңгіме үстінде немесе іс-қағаздарын қарау барысында туған мәселелер бойынша секретарь мен іс басқарушыға көптеген тапсырма беретін, кезекті мәжілістің күн тәртібімен және материалдармен танысатын, Совнаркомның, Еңбек және Қорғаныс Советінің, Саяси Бюроның, комиссиялардың мәжілістерінде председательдік етіп, сөз сөйлейтін, Кіші Совнаркомның жұмысын бақылайтын, Еңбек және Қорғаныс Советінің немесе Кіші Совнаркомның мәжілісінің протоколдарын қарап шығып, бекітетін, хаттар мен телеграммалар жазатын, халықаралық жағдайды зейін қоя қадағалайтын, орыс және шетел тілдерінде шығатын газеттерді, журналдар мен кітаптарды қарап шығып, кейбіріне белгі соғатын...

Күнбе-күн қауырт еңбек ете отырып, Владимир Ильич баспасөзге саяси мақалалар, көлемді теориялық еңбектер жазды».

Лидия Александровнаның осы тұжырымды сөздерінде лениндік жұмыс күніне барынша толық баға берілген. Бірақ ол осы анықтаманы келтіре отырып, Ильичтің әр-

Бір жұмыс күнін оның алдындағы және одан кейінгі күндерден бөле-жарып, оқшау қарауға болмайтынын ескертеді. Дәл сол күні шешімін тауып, тиісті документте нақтылы көрсетілмесе де, партия мен Совет мемлекеті, оның басшысы Ленин шұғылданып отырған маңызды мәселелер мен үлкен міндеттердің де бір жұмыс күнінің табиғи тынысы екенін ұмытуға болмайды.

Дәл сол бір шақ ел үшін, өкімет пен халық үшін қиын-қыстау кезең болатын: азамат соғысының от-жалыны әлі де лаулап жатты, халық шаруашылығы күйзеліп, заводтар тоқтағалы қашан, транспорт үздік-создық жұмыс істейді; аштық пен жоқшылық; азық-түлік те, соғыс жабдықтары да, отын мен ділгір бұйымдар да — бәрі де тапшы; шаруалардың әскери коммунизм саясатына наразылығы күшейе түсуде; кейбір губернияларда кулак-эсерлер бүлік шығарды; халықаралық жағдай шиыршық ата шиеленісуде. Ал партия ішінде троцкистер мен оппортунистердің қайдағы-жайдағы сілімтіктері партия назарын көкейтесті мәселелерден басқа жаққа аударып, аяққа оралғы болды. Бірақ осының бәріне қарамастан, большевиктер партиясының беделі еліміздің қалың бұқарасы арасында ғана емес, бүкіл әлемде арта түсті. Бұл сол жылы жазда өткен Коминтерннің II конгресінде айқын көрінді. Ал В. И. Лениннің осы конгресс қарсаңында жазған тамаша еңбегі — «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» конгрестің программалық документіне айналды.

Біз әңгіме етіп отырған 1920 жылғы августтағы Лениннің бір жұмыс күні осындай жағдайда өткен еді...

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының 41-томында келтірілген өмірбаян хроникасы Совет үкіметі басшысының аса қажырлы да қиын, бірақ қатардағы жұмыс күнінің тынысын тұжырымды да дәл суреттеп береді.

Сол деректерді толық келтірелік. Өйткені қаншама қысқа болса да бұл жолдар сол кезеңнің тынысын, бейбіт шаруашылық құрылысқа көшкен Советтер республикасы тіршілігінің өте бір қиын-қыстау кезеңінің жүрек лүпілін аңғартады.

Міне 41-том, 659-бет.

«Август, 24.

Ленин М. Н. Покровский жіберген Пролеткульт жөніндегі материалдармен танысып, оның біразына өз пікірін жазды.

Ленин Совнаркомның мәжілісін басқарды. Бұл жолы 1921 жылғы күздік егісті тұқыммен қамтамасыз ету мәселесі, Қырғыз ССР-нің Автономиясы туралы Декрет жобасы, жер-жерде ақшаны бөліп беру туралы, сыйлық қорының жайы туралы, ағаштан кемелер жасау туралы, Эстон үкіметінің ұсынуы бойынша Эстония фабрикаларында орыс шикізатынан әртүрлі бұйым өндірудің барысы туралы және басқа мәселелер қаралып, талқыланды.

Ленин «Қырғыз Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы туралы Декретке» қол қойды».

Болғаны осы. Бірақ әрбір жол — аса маңызды мемлекеттік мәселе, бұл Совет үкіметінің тіршілігі мен саясатына қатысты мәселе, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, еңбекшілер әл-ауқатының көкейтесті мәселесі, көп ұлтты ұлан-ғайыр ел халықтарының өзара қарым-қатынасы туралы мәселе. Ал әрбір мәселеде, оның шешімінде көсемнің, ұлы еңбеккер, революционер, коммунист Лениннің кемеңгер ақыл-ойы, алып қызметі айқын сезіледі.

1920 жылғы 24 августы — қазақ халқының өміріндегі осы тарихи күнді әдейі қалап алғанымызды оқушы жұртшылық аңғарған болар. Бұл күні В. И. Ленин Қырғыз (Қазақ) АССР-ін құру туралы Декретке қол қойды.

Бәлкім, бұл күні Владимир Ильич сонау 1897 жылы Сибирьдің қиян түңпіріндегі Шушенск селосына жер айдауға кетіп бара жатып, Петропавлдан өткенде Қазақ сахарасымен, оның ғасырлар бойғы жоқшылық шырмаған халқымен алғашқы танысқан сәтін есіне тағы бір алған шығар. Ширек ғасыр өткен соң «Азық-түлік салығы туралы» деген еңбегінде В. И. Ленин мына әйгілі сөздерін ашына отырып жазды: «РСФСР-дің картасына қараңыздаршы, Вологданың солтүстік жағында, Дондағы Ростов пен Саратовтың оңтүстік-шығыс жағында, Оренбург пен Омскінің оңтүстік жағында, Томскінің солтүстік жағында ұлан-байтақ кеңістіктер жатыр, бұл кеңістіктерге орасан зор ондаған мәдениетті мемлекеттер сыйып кеткен болар еді. Міне осы кеңістіктердің бәрінде де патриархтық, жартылай тағылық, нағыз барып тұрған тағылық дәурен сүріп отыр» (Шығармалар, 32-том, 370-бет).

Бұл 1921 жылы жазылған сөздер. Алайда Россия империясының шет аймақтарындағы патша үкіметінің езгі-тепкісін көріп, мешеу қалған шағын халықтардың тағдыры Ленинді Октябрь революциясына дейін де қатты ойландыратын-ды. Октябрьден кейінгі алғашқы күндерде ол тұңғыш қазақ-большевик, кейін Дала (Қазақ) өлкесінің төтенше комиссары Ә. Жанкелдинмен де осы жайлы әңгімелескен шығар; барлық ұлттардың тең праволылығы, гүлденіп, өркендеуі жайлы көсем көп ойлап, көп айтты. Совет елін басқарып тұрған шағының ақтық күніне дейін осындай әділ ұлттық саясат үшін табанды күрес жүргізді.

Таяуда Алматыда С. Бейсенбаевтың «Ленин және Қазақстан (1897—1924 жылдар)» атты құнды кітабы шықты. Автор Лениндік ұлт саясатын, көсеміміздің қазақ халқына, оның өміріне зейін қойып, әкелік қамқорлық жасағанын, байлығы тұнған бұл өлкенің өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын, бүкіл экономикасын өркендетіп, мәдениетін гүлдендіруге, жас ұрпақты тәрбиелеуге ерекше кеңіл бөлгенін бейнелейтін көптеген фактілер мен деректер келтіреді.

Мысалы, 1920 жылдың өзінде В. И. Ленин Ембі мұнай кәсіпшілігін әркендету барысына назар аударып, Александров-Гай — Ембі темір жолы мен Ембі—Саратов мұнай құбырының құрылысын қатты бақылауға алады, құрылыс жұмысының ұсақ-түйегіне дейінгі, тіпті құрылысқа және халық шаруашылығына қажетті мұнайды тасуға керек көлікті, ат-арбаны бөгетсіз жіберуге дейінгі мәселелердің бәрімен өзі шұғылданады...

1920 жылы 17 январьда В. И. Ленин Түркстан майданының командашысы М. В. Фрунзеден жол құрылысын және мұнай тасуды барынша тездету үшін революциялық күш-жігерді аямай жұмсауды өтінеді. Ал 1920 жылдың апрелінде Уральскіге 12 мың пұт Ембінің «қара алтыны» жеткізілгенде ол қандай қуанды десеңізші!

Тек бір күннің ішінде — 1920 жылдың 21 февралінде ғана Ленин қазақ жеріндегі аса маңызды құрылыстарды материал-техникамен жабдықтау мәселесіне арналған 6 жарлыққа қол қойды...

Мұндай істерді тізе берсе, толып жатыр...

Август та келіп қалды. Міне 9—10-ы күндері Ленин қазақтың мемлекеттілігі жайлы маңызды мәселе қаралған ВЦИК Президиумы жанындағы кеңесті басқарды, мәселені талқылауға қатысты.

Бір аптадан кейін, 17-інде және ақырында 24 августа Халық Комиссарлары Советі Қырғыз (Қазақ) АССР-ін құру туралы Декретті екі рет талқылады... Декрет қабылданды.

Совнаркомның 24 августағы мәжілісінің де бұған дейінгілердей жағдайда өткеніне ешбір күмән келтіруге бола қоймас. Ал қатысқандардың бұл мәжілістерден көп ғибрат алып, көп нәрсені есіне сақтағаны да шәксіз. Бұларды Ленин басқарды ғой. Әрбір мәжіліс — мемлекет басқарудың, шынайы партиялықтың асқан үлгі-өнегесі.

Совет үкіметінің осы мәжілістерінің қай-қайсысы болсын басшылық етудің лениндік стилін — ұйымшылдық пен іскерлікті, мәселе талқылаудағы принциптілік пен коллективтілікті, шешім қабылдаудағы жоғары жауапкершілік пен оның орындалуын мүлт жібермей бақылау стилін бойына сіңіріп, соның рухында өтіп отырды.

Лениннің қарындасы М. И. Ульянова мен апасы А. И. Ульянова-Елизарова Владимир Ильичтің бала күнінен-ақ өзін өзі уақытты қатты бағалауға, ұйымшылдыққа, тамаша еңбекқорлық пен еңбек мәдениетін жоғары ұстауға баулығанын атап көрсетеді. Лениннің бұл қасиеттері онымен бірге, оның қарамағында қызмет істегендердің бәріне үлгі-өнеге болушы еді.

Қызмет шеңберінің көлемі қаншалықты зор болса да, нелер қиын жұмыстан бас көтере алмай, қабылдаудан, телефоннан сәл тылсымдауға мұршасы келмей жатса да Владимир Ильич ешуақытта асып-сасу, ренжіп-тарыну дегенді білмеуші еді, деп есіне алады Л. А. Фотиева. Ол қызметті байсалды істеп, әрдайым бәрін тындырып үлгіретін. Ленин бірде-бір минутын зая кетірмейтін.

Таңертең тамақтанып алып, ол кабинетіне әрдайым дәл сағатында келетін де ұзақты күнгі қауырт жұмыстан соң дәл сағат 4-те түскі тамақ ішуге үйге кететін. Тамақтанып, шамалы демалған соң, ол бұрынғысынша сергек қалпында сағат 6-да қайтып оралып, түн ортасына дейін жұмыс істеуші еді.

Владимир Ильич тек өзінің ғана емес, басқаның да уақытын үнемдеуге тырысушы еді. Ешбір жерге кешігіп қорған емес. Совнарком мен Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілістеріне ол дәл белгіленген уақытта немесе бірнеше минут бұрын баратынды. Ленин басқарған мәжілістер қанша адам жиналса да дәл белгіленген мерзімде (сағат 6-да) басталады. Владимир Ильичтің нұсқауы бойынша кешіккен наркомдар мен Еңбек және Қорғаныс Советі мүшелерінің фамилиялары протоколға тіркеледі де, кімнің қанша кешіккені тұсына жазылып қойылады. Ешбір себепсіз екінші рет кешіккендерге Владимир Ильич сөгіс жариялап, бұдан былай қайталаса оған сөгіс беріліп, өз штатына жария болатынын ескертіп отырады.

Мәжіліс үстінде әрбір минуттың қадірін біліп, қатты бағалаған Владимир Ильич жолығуға келгендерді де ешқашан күттірген емес, ал олардың өздері кешіксе, ренжіп қалатын. Әңгіме тақырыбын күні бұрын біліп отырған Владимир Ильич қабылдауды өзі белгілеген мерзімде дәлме-дәл аяқтап үлгіретін. Ал әңгіме ұзаққа созылып, екінші кісі тосып қалатындай жағдай болса (бұл өте сирек кездесетін), Владимир Ильич секретарынан қабылдауды күтіп отырған адамнан кешірім сұрауды тапсыратын.

Осындай елеусіз жайттардың өзінен-ақ Лениннің еңбектегі үлкен мәдениеті, оның адамға деген зор ілтипаты аңғарылады...

Мәжілістерде сөйлегендердің барлығын Владимир Ильичтің аса зейін қойып тыңдайтындығын сол кезде халық ағарту комиссары болған Анатолий Васильевич Луначарский былай бейнелейді: «Лениннің мәселе тыңдауы сондай керемет еді. Мен Владимир Ильичтің жүзіндей тамаша жүзді көріп-білген емеспін. Баяндамашының әрбір сөзін салмақтап, ойлана қарап отырғанда, сол баяндамашының өзіне дереу, нысанаға дәл тие, қосымша сұрақтар бергенде, оның осынау жарқын жүзі мен ойлы көздеріне бір түрлі ғажап, керемет күш ұялайтын».

Мәжілісте сөйлеушілерден Владимир Ильич аса жоғары іскерлікті және барынша тұжырымды сөйлеуді талап ететін. Дерексіз, цифрсыз әрі нақтылы ұсынысы жоқ, жалпылама жалаң сөзді жақтырмайтын, сөйлеу уақытын мықтап сақтауды қатты қадағалайтын. Сонымен бірге председательдік етушіден демеу сөзді, өткір әзілді, ақ жарқын адамның аңқылдаған асқақ күлкісін есітуге болатын-ды... Бірақ Владимир Ильич мәжіліс үстінде жамырап сөйлеушілерді, ерсілі-қарсылы жүргендерді ұнатпайтын, ол тыныштық пен тәртіпті талап етіп отыратын.

Лениндік жұмыс стилінің тағы бір маңызды қыры мен сырын Коммунистік пар-



тияның көрнекті қайраткері Андрей Андреевич Андреев жақсы сипаттап берді. Ол былай деп жазды: «Ленин қатты талап қоюшы еді, бірақ ол ашу шақыру немесе адамның намысына тию сияқты оғаш мінез көрсетпейтін. Сондықтан да әркім сөзімді бөлер деп именбестен, өз ойындағысын емін-еркін айтатын. Ленинмен қандай мәселе жайында болсын емін-еркін пікір таластыруға болатын, мұндай таластар болып та тұрушы еді. Ол өз пікірін ешуақытта даусыз ақиқат санап көрген емес және басқалардың пікірін зейін қойып тыңдайтын».

Лениннің қасындағылар қысылып-қымтырылмай кең отыратын, тіпті ол жанама сұрақтар беру арқылы кісіні серпілтіп, өз ой-пікірінді еркін айтып шығуға жетелейтін және егер адам бір қызғылықты нәрсе жайлы айтып тұрса, ерекше ықылас қоя тыңдайтын-ды. Ал принциптік сипаты бар мәселелерде бұлталақтап, большевиктік позициядан тайып кетуге бейім мінез көрсеткен адамдарға Ленин ешбір қайырымдылық жасамайтын. Бұл жерде ол мұндайлардың қызмет бабымен де, өзімен бірге қызмет істеп жүргенімен де санаспаушы еді».

Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауға В. И. Ленин ерекше көңіл бөліп, зор мән берді. Көптеген лениндік документтер, Ильич замандастарының естеліктері оның жауапсыздыққа, бюрократизмге, коммунистік паңдыққа қарсы бітіспес күрес жүргізгенін көрсетеді.

Басқару ісін ұйымдастыруға ерекше мән бере отырып, В. И. Ленин: «Адамдарды тексеру және істің нақтылы орындалуын тексеру — бүкіл жұмыстың, бүкіл саясаттың тегі енді осында, тағы да осында, тек қана осында», — деп атап көрсетті.

Саяси басшы өзінің қалай басшылық еткені үшін ғана емес, сонымен бірге ол өзі басқаратын адамдардың не істеп жүргені үшін де жауап береді деп Ильич талай рет ескерткен болатын.

Партия, мемлекет, шаруашылық қызметкерлерің, бүкіл партия мүшелерің тапсырылған іске аса жауапкершілікпен қарауға күнбе-күн баули отырып, Совет үкіметінің басшысы Ленин басшылықтың коллективтік принципін табандылықпен жүзеге асырып отырды. Өзінің орасан зор беделіне қарамастан, Владимир Ильич Совнарком Председателі ретінде бір өзі бірде-бір маңызды мәселені жеке-дара шешпеуші еді. Ол әрбір қызметкердің пікірін, дәлелін мұқият тыңдайтын.

Қарт большевик, Орталық Бақылау Комиссиясының бұрынғы мүшесі Тимофей Степанович Кривов айтып берген мынадай оқиға кімді де болсын тебіrentпей қоймайды. Бірде Москва ұйымының бір көрнекті қызметкері мемлекеттік құпияны сақтамай, әзірленген, бірақ әлі жариялауға жатпайтын шешімді жариялап қояды. Т. С. Кривов осы мәселе жөнінде Ленинмен ақылдасуға ұйғарады. «Саяси бюроның мәжілісі үстінде, — деп баяндайды Тимофей Степанович, — Владимир Ильичке қағаз жазып, бюродан кейін қабылдауды өтіндім. Ленин басын изеді, сондықтан жұрт шыққанда мен бөлмеде қала бердім. Мен ұзын столдың екінші шетінде отырмын. Сөзімді сол жерден айтпақпын. Ал Ильич өзінің қасына шақырды да, жайласып отырып, менің әңгімемді тыңдауға ідрісті. Мен істің жайын баяндадым да:

— Сіздің шешіміңізді күтіп отырмыз... — дедім.

— Менің беі — деп Ленин басын көтеріп, маған таңдана қарады. — Менің шешімім керек болғаны қалай? Әлде ЦКК мен бе едім? Сізді, сіздің жолдастарыңызды съезд сайлаған. Сондықтан шешетін сіздер.

— Ал сіздің пікіріңіз қалай, Владимир Ильич?

— Міне бұл — басқа мәселе. Пікірімді айтуыма болады. Мен бұл қылықты барып тұрған тәртіпсіздік деп білемін. Мәжілісте мұны партия мүшелерінің бірі айтқан пікір деп есептеулеріңізге болады. Тек солай деп қараңыздар... Ал жазалау шарасына келер болсақ, ол жөнінен айтарым жоқ. Бұл түгелінен Бақылау Комиссиясының билігіндегі мәселе».

Партия көсемінің, сонымен бірге партия ұйымының қатардағы тең праволы мүшесінің, өзін басқалардан ерекше санамайтын коммунистің асқан кішіпейілділігін, шынайы да принципшіл партиялылығын бейнелейтін тамаша бір мысал міне осы.

... Репортажда баяндалған РСФСР үкіметінің мәжілісі түннің бір ортасында аяқталды. Ленин қабылданған декреттерге қол қойды. Соның бірі — Автономиялы Қырғыз (Қазақ) Советтік Социалистік Республикасын құру туралы Декрет. Бәлкім, жақа әлемнің ұлы зергерінің сол августтағы еңбек күні дәл осы бір тарихи фактімен аяқталуы ықтимал.

1920 жылдың 25 августы — ұлы мұратқа Ильич мезгеген нұрлы жолмен алға басқан халқымыздың тағы бір дағдылы және аса маңызды күні туды...

Г. ГРЕБЕННИКОВ.

# ҰЛЫ ӨМІР БЕЛЕСТЕРІ

В. И. Лениннің Орталық музейі партиямыздың Орталық Комитетінің шешімі бойынша 1936 жылдың 15-майында ашылған.

Музейдің 23 залында 10 мыңнан астам экспонат бар. Бұлардың ішінде В. И. Лениннің бірінші рет жарық көрген еңбектері, қолжазбалары, мақалалары басылған газеттердің түп нұсқалары, документтік фотосуреттер көп. Сол сияқты мұнда ұлы көсемге арналған көркем әдебиет пен бейнелеу өнерінің таңдамалы туындылары, халық творчествосының шығармалары бар.

В. И. Лениннің Орталық музейіне көп ұлтты өліміздің еңбекшілері, барша әлемнің игі ниетті адамдары үлкен ықылас білдіреді, сүйіспеншілікпен назар аударып отырады. Жыл маусымының қай кезінде болсын музейге келушілердің легі бір толастамайды. Музей ашылғаннан бері оған 32 миллионнан астам адам келген, ал соңғы жылдары келушілердің саны едәуір көбейді, мысалы, 1967 мерекелі жылы 2 миллион адамнан асты.

Музей қызметкерлерінің келушілерді қошаметпен қарсы алып, дүние жүзі еңбекшілерінің ұлы көсеміне, данышпен ұстазына деген совет халқының сүйіспеншілігін аса құрметтеп, олардың талап-тілектеріне сай жұртшылыққа шын ниетімен беріле қызмет көрсеткеніне дән риза болдық. Мәселен, музейде көп жыл бойы қызмет істеп жүрген лекторлар Вера Сергеевна Шаньгина, Татьяна Григорьевна Богачева жолдастар міне осындай адамдар. В. И. Лениннің Халық Комиссарлары Советінің Председателі болып қызмет істеген кезіндегі секретары, қазір музейдің ғылыми қызметкері Лидия Александровна Фотиеваның ұлы көсем туралы айтқан естелік әңгімесі бізге керемет әсер етті.

Музейдің бірінші залындағы материалдар Ильичтің жастық шағын және оның революциялық қызметінің басталу кезеңін баяндайды. В. И. Лениннің 1870 жылы 22 апрельде Симбирск қаласында туғаны мәлім. Міне музейден біз осы үйдің мақетімен танысамыз. Володяның әкесі Илья Николаевич пен анасы Мария Александровна Ульяновтар орыс интеллигенциясының алдыңғы қатарлы тобына жатушы еді. Олардың балаларының бәрі де кейін революционер болды.

Бірінші залдағы фотосуреттер, картиналар, мүсіндер, макеттер Ульяновтардың Симбирскідегі үй жайымен таныстырады. Мұнда біз Ильичтің гимназияда үздік оқып, кластан класқа көшкенде алған мақтау қағазын, сыйлыққа алған кітабын, гимназияны үздік бітіргенде алған кәметтік аттестаты мен алтын медалін көреміз.

Гимназияның жоғары кластарында жүрген кезінде Владимир Ильич саяси және көркем әдебиетті өте көп оқи бастайды. Осы кезде ол революционер-демократтар А. И. Герценнің, Н. А. Добролюбовтың, В. Г. Белинскийдің, Н. Г. Чернышевскийдің еңбектерін оқиды, бүкіл дүние жүзі пролетариатының ұлы көсемі К. Маркстің «Капиталымен» танысады. Сөрелерде Ульяновтардың, әсіресе Владимир Ильичтің сол кездегі оқыған кітаптары тұр.

Шолушы лектор В. И. Лениннің Қазан университетінде оқыған жылдарына ерекше назар аударды. Ленин студенттердің революциялық үйірмелерін ұйымдастырушылардың бірі болғаны үшін 1887 жылдың декабрінде тұтқынға алынып, университеттен шығарылған. Ол Кокушкино деревнясында бір жылдай айдауда болғаннан кейін қайтадан Қазан қаласына келіп, Н. Е. Федосеев ұйымдастырған маркстік үйірмеге қатысқан.

Ильичтің Самарадағы революциялық қызметімен таныстыратын документтер де өте бағалы. Ленин қалаға келісімен маркстік үйірме құрады, онда сан рет баяндамалар жасап, лекциялар оқиды. В. И. Лениннің Самарадағы кезінде оқыған кітаптарының ішінен К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік партияның манифесі», К. Маркстің «Капиталы» мен «Философия қайыршылығы», Ф. Энгельстің «Анти-Дюрингі» және басқа еңбектер бірден көзге түседі.

В. И. Ленин 1893 жылы 31 августа Петербургке келеді. Осы кезден Россияда марксизмнің дамуы мен жұмысшы қозғалысы тарихының лениндік дәуірі басталады.

Экспозициядағы фотосуреттерден Владимир Ильич белсене араласқан Петербургтегі маркстік үйірменің мүшелерімен танысамыз. Ол бұл үйірменің алдына маркстік революциялық партия құру міндетін қойды. Партияны құру күресінде В. И. Ленин халықшылдарға қарсы, сонымен бірге әртүрлі ағымдағы оппортунистерге қарсы аяусыз күрес жүргізді. Осы күрестегі еңбектерінің ішінде Ильичтің 1894 жылдың жазында жасырын басылып шыққан ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген кітабы көрнекті орын алады. Залда осы еңбектің бірінші басылып шыққан данасы сақтаулы.

1895 жылдың күзінде В. И. Ленин Петербургтегі маркстік үйірмелердің бәрін біріктіріп, «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» — Россияда революциялық партия құрудың бастамасы болған ұйымды құрды. Залдағы экспонаттардың ішінен «Бірінші қарлығаш» деген үлкен сурет осыны дәлелдей түскендей. 1895 жылғы декабрьде патша өкіметі В. И. Ленинді және «Күрес одағы» тобының бірсыпыра мүшесін тұтқынға алды. Владимир Ильич Петропавловск қамалындағы № 193 камерада 14 ай қамауда болды, алайда ол қажымай, налымай едәуір теориялық еңбек, жолдастарына көптеген хат, листовкалар, прокламациялар жазды. Залда осы еңбектердің фотокошірмелері, қолжазбалары, № 193 камераның суреті қойылған.

Лектор ұлы көсеміміздің сонау алыс Сибирьдегі Шушенскіде болған кезін баяндап, тарихи документтерді, экспонаттарды түсіндірді. В. И. Ленин Шушенскіде өткізген үш жылында 30-дан астам еңбек жазды. Осыларды баяндайтын экспонаттардың ішінде «Россияда капитализмнің дамуы» деген тамаша кітап бар.

Екінші залдың материалдары В. И. Лениннің шет елдерде болған кезін, оның Россияда маркстік партия құру жолында атқарған сан салалы қызметін баяндайды.

Партияны ұйымдастыру күресінде 1900 жылдың декабрінде Лейпцигте жасырын шыққан лениндік «Искра» газеті маңызды роль атқарды. Залдағы экспонаттардан газеттің бірінші, номерінің түп нұсқасы, редакция мүшелерінің фотосуреттері, Лейпциг баспаханасының макеті көзге түседі. «Искраның» бірінші номерінде В. И. Лениннің «Біздің қозғалысымыздың шұғыл міндеттері» деген бас мақаласы және жеке мақалалары басылған номерлер бар. Залда «Искра» газетінің шет елдерде және жасырын түрде Россияда басылып, таратылуын көрсететін документтер едәуір.

Революцияшыл партия құру күресінде В. И. Лениннің 1902 жылғы мартта шыққан «Не істеу керек?» деген кітабының маңызы зор еді. Кітаптың бірінші данасы қабырғадағы мәрмәр тақтаның ішіне қойылған.

Үшінші залдың документтері мен материалдары В. И. Лениннің РСДРП ІІ съезін шақыруға әзірлік жұмыстарын, оның оппортунистерге қарсы жүргізген күресін баяндайды. Ұлы көсеміміздің осы кезеңдегі теориялық қызметі Россияда өріс ала бастаған революциялық қозғалыспен тығыз байланысты еді. «РСДРП ІІ съезі» деген карта-схемада В. И. Ленин жазған қаулы, басқа да документтердің қолжазбалары, съезге қатысқан ұйымдар көрсетілген. Съездің документтерінде Владимир Ильичтің 130 рет сөйлеген сөздері, оның пролетариат диктатурасы жөніндегі ұсынысы бойынша қабылданған партияның Программасы экспозицияларда айқын бейнеленген. Витринада В. И. Ленин жазған партияның Программасы мен Уставы жобасының қолжазбалары сақтаулы.

В. И. Лениннің бірінші орыс революциясы жылдарындағы өмірі мен қызметі туралы төртінші, бесінші залдардағы экспозициялардан толық мағлұмат алуға болады. 1905 жылдың апрелінде Лондонда РСДРП ІІІ съезі ашылды. Міне экспонаттардың ішінен В. И. Лениннің осы съездегі делегаттық мандатын, күнделігінің беттерін көреміз. Съездің маңызы мен оның шешімі туралы жазған мақалаларында, әсіресе «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген еңбегінде Владимир Ильич пролетариат пен шаруалардың революциядағы міндеттеріне тоқталып, оларды самодержавиені құлатуға, демократиялық республика орнатуға шақырды. Картадағы анықтама-көрсеткіштер революцияның басталған жерлерін, алғашқы жұмысшы депутаттары Советтерінің құрылуын көз алдымызға келтіреді.

Бесінші залдағы материалдардың дені В. И. Лениннің партияның ІV, V съездеріндегі қызметін, меньшевиктерге қарсы күресте большевиктердің жеңіске қалай жеткенін баяндайды. Сондай-ақ 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының тарихи маңызын сипаттайтын материалдарға да едәуір орын берілген.

1905—1907 жылдардағы революция жеңілгеннен кейін патша әкіметі революцияға қатысқандарды, әсіресе жұмысшы табын, оның партиясын аяусыз құғынға ұшыратты. Большевиктік партия жасырын жұмысқа көшуге мәжбүр болды. Ал В. И. Ленин Орталық Комитеттің ұйғарымы бойынша шетелде жүрді. Алтыншы залдың материалдары В. И. Лениннің, большевиктердің реакция жылдарында жұмысшы табының партиясын сақтап қалу үшін жүргізген орасан зор әрі қиын жұмысын кең әңгіме етеді.

Келушілер Париждегі Мари-Роз көшесіндегі № 4 үйдің фотосуретіне бірден назар аударады. Осы үйдің бір пәтерінде 1909—1912 жылдары Владимир Ильич тұрды. Француз коммунистері қазір бұл үйде В. И. Лениннің музейін ашты. В. И. Лениннің осы тұста жазылған әйгілі «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабының бірінші басылуының түп нұсқасы, қолжазбалары, көшірмелері, фотосуреттер, осы еңбекті жазу тұсында оқылған материалдар едәуір орын алған.

Жетінші залдағы партиялық документтердің барлығы жұмысшы қозғалысының жаңа революциялық өрлеуі кезеңіндегі большевиктік партияның қызметін — оның программасын, стратегиясы мен тактикасын, орасан зор ұйымдастыру жұмысын әңгімелейді. 1912 жылғы РСДРП-нің VI Прага конференциясы мен партияның Орталық Комитетінің Краковта, 1913 жылы Порониода болған кеңестерінің материалдарына жүргізілген көз жібереді.

Россия жұмысшы табын, оның авангарды большевиктер партиясын топтастырып, нығайтуда В. И. Ленин негізін қалаған бұқаралық жұмысшы газеті «Правданың» жарыққа шығуы үлкен оқиға болды. Бұл күнделікті большевиктік газет 1912 жылдың 5 майында шықты. Экспонаттардан дамышпан көсеміміздің газеттің алғашқы номерлерінде жарияланған көптеген мақалаларын табамыз.

Владимир Ильичтің шет елдерде болған кезіндегі өмірімен танысқанымызда оның қарапайымдылығын, семьясының ауыр тұрмысын байқаймыз. Сол кезде пайдаланған: шәй ішетін стакандары, қасықтары, киім-кешектерінен: бешпенті, қалпағы, бұйым салатын қол сумкасы сақталған.

Экспозициялардың ішінде В. И. Лениннің «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» деген тарихи еңбегіне аса көрнекті орын берілген. Сегізінші залдағы ескерткіш тақтаның ішіне кітаптың бірінші басылған данасы қойылған. Ильич мұрасынан үлкен орын алатын бұл еңбекті ойластыру және жазу үстінде оның соншалықты көп еңбек өткенін бейнелейтін документтер — орыс, неміс, француз, ағылшын тілдеріндегі әдебиеттер, анықтама материалдар, көшірмелер, қолжазбалар, түрліше саяси, экономикалық жинақтар қаншама десеңізші! Кітаптың қай елде қанша дана болып басылып шыққаны жөнінде деректер келтірілген.

Жұмысшылардың қуатты қозғалысы нәтижесінде социалистік революцияны бастауға бағыт алған дәуірдегі В. И. Лениннің өмірі мен қызметінде елеулі оқиғалар тым көп. Тоғызыншы залда Ильичтің 1917 жылы апрельде шетелден келісімен Петроградтағы Финляндия вокзалында броневиктің үстінде тұрып, тарихта Апрель тезистері деп аталған сөзін сөйлеген кезін сипаттайтын үлкен мүсінге бірден көз түседі.

Залдағы сан алуан материал РСДРП-нің жетінші апрель конференциясының жұмысын, оның сол дәуірдегі қос өкіметтен жұмысшылар мен солдаттардың Советтеріне көшу жөніндегі нұсқауларын елестетеді; ірі өнеркәсіп орталықтарындағы жұмысшылардың революциялық күресін көрсетеді. Залдың соңғы бөлмесінде июль оқиғалары әңгімеленеді.

Партияның VI съезіне оныншы залдан едәуір орын берілген. Еңбекшілер бұқарасын қарулы көтеріліске, социалистік революцияның жеңісіне әзірлеу мәселелерін шешкен бұл съездің жұмысына В. И. Ленин сырттан басшылық етті. Мұндағы толып жатқан материалдардан партиямыздың орыс және шетел буржуазиясының контрреволюциялық әрекеттеріне қарсы жүргізген қызметі көрінеді.

Реакция жылдарында В. И. Лениннің жасырынып жүргендегі тұрмысымен таныстыратын материалдар айрықша назар аударарлық. Ильичтің сол кезде пайдаланған заттарынан: пальто, парик, котелок, шәйнек, шалғы, балта, тырнауыш, қалақша сақталған. Көсеміміздің жасырын жағдайда жүргенде пайдаланған, Сестрорецк қару-жарақ зауыдының жұмысшысы К. П. Ивановтың атына берілген документтер де осында.

Дәл сол тұста Владимир Ильич марксизм теориясын, социалистік революцияның мәселелері жөнінде партияның стратегиясы мен тактикасын байытқан 60-тан астам хаттар мен мақалалар, басқа да еңбектер жазды. Экспозициялардағы лениндік еңбек-

терден «Мемлекет және революция» деген тарихи кітапқа көбірек үңілеміз. витринада оның бірінші рет шығарылған данасы, одан кейінгі жылдарда СССР халықтары мен шетел халықтары тілдеріндегі басылымдары қойылған.

1917 жылдың 7 ноябрінде большевиктік партияның, данышпан көсеміміз В. И. Лениннің басшылығымен Россияда социалистік революция жеңді. Залдағы документтердің көпшілігі Ильичтің Ұлы Октябрь социалистік революциясына тікелей басшылық еткен қызметіне арналған. Мұнда атақты «Аврора» крейсерінің моделі қойылған. Петроградтағы қарулы көтерілісті және Москвада Совет өкіметінің орнауын электр жарығымен көрсететін картаға келушілер едәуір тоқталады.

Он бірінші залдың документтері мен материалдары партияның, В. И. Лениннің жаңа советтік мемлекет орнату жолындағы күресін көрсетеді. Лениндік документтерден көсеміміздің еңбектерін, ол қол қойған, Совет үкіметінің алғашқы Декреттерін көреміз.

Владимир Ильич Қызыл Армияны құруға үлкен қамқорлық жасады. Экспозициядан Ильич қол қойған, Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясын құру жөніндегі Декретті оқымыз. Сондай-ақ Советтердің Бүкіл россиялық III съезінің документтеріне, В. И. Лениннің Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы жасаған баяндамасының текстіне, Советтердің Бүкіл россиялық съездерінің материалдарына соқпай кете алмаймыз.

В. И. Ленин заводтарда, фабрикаларда жиі болып, жұмысшылар алдында сөз сөйлеп тұрды. Осындай кездесулердің бірінде, Михельсон заводында ұлы көсемімізге қастандық жасалды, ол ауыр жараланды. Совет елінің бүкіл жер жүзі еңбекшілерінің көсемі Ильичтің тезірек жазылып, сауығуына тілектестік білдірген телеграммалар жүрек тебіренетерлік. Владимир Ильичтің денсаулығын хабарлап отырған бюллетеньдер, оның жарасынан алынған оқ және оның жараланған кезіндегі киімі сақтаулы.

Лектор музейдің он екінші-он үшінші залдарының документтері мен материалдары В. И. Лениннің Советтік Отанымызды ішкі және халықаралық контрреволюцияшыл күштердің шабуылынан қорғап қалуға басшылығын жан-жақты көрсететінін түсіндіріп берді. Октябрь жеңістерін қорғау үшін Ленин саны үш миллионға жететін Қызыл Армия құру міндетін алға қойған.

Бір бөлімнің материалдары В. И. Лениннің басшылығымен жұмыс істеген III Коммунистік Интернационалдың, оның I конгресінің жұмысына арналған. РКП(б) VIII съезінің материалдары келушілерге үлкен ой салады. Бұл съезде В. И. Ленин басқарған комиссия әзірлеген Россия Коммунистік партиясының жаңа Программасы қабылданды. Онда партияның капитализмнен социализмге өту дәуіріндегі міндеттері белгіленді.

Қиын-қыстау күндердің өзінде В. И. Ленин теориялық еңбектер жазып, тап күресі, мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы, капитализмнен социализмге өту кезеңі туралы маркстік ілімді байытып, ілгері дамытты, жаңа қоғам орнатудың теориялық қағидаларын тұжырымдады. Он үшінші залдың материалдары көсеміміздің осы теориялық еңбектерін насихаттаумен ашылады.

Владимир Ильичтің 1920 жылғы 1 майда Бүкіл-россиялық сенбілікке қатысқаны жайындағы документтер, әсіресе Ильичтің жұмыс үстіндегі кезін көрсететін үлкен сурет жұртты бірден баурап алады. Залдың соңғы бөлімінде Ильичтің Кремльдегі жұмыс істеген кабинетінің макетімен танысамыз. Келушілер мұнда Ильичтің сол жылдарда сөйлеген, пленкаға жазылған сөздерін тыңдайды. Бір-біріне көршілес екі залдың аралығында тұрған, 1920—1921 жылдары Владимир Ильич пайдаланған «Роллс-Ройс» фирмасының № 236 автомашинасын да көрмей кете алмайсың.

Музей тарихи документтерге өте бай. В. И. Лениннің социалистік мемлекетімізді орнатуға басшылық еткен кезін баяндайтын 14—16-залдардың экспозицияларына көз жіберсек, бәрімізге етене жақын әрі сүйікті адамның қыруар қызметіне соншалықты сүйсінесің де, таусылмас күш-жігердің, дариядай ақыл-ойдың данышпанын еске алып, ғажайып терең ойға шомасың. Осының бәрі Ильичтің адамдармен кездесулерінен, бейбіт құрылыс немесе Отан қорғау мәселелерін шешудегі қызметінен, түрліше мәжілістер мен жиналыстарда, съездер мен конгрестерде сөйлеген сөздерінен, саяси, теориялық мақалалары мен еңбектерінен айқын сезіледі.

Москвада, 1920 жылдың декабрінде өткізілген Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің материалдары назар аударарлық. Мұнда Лениннің баяндамасы, ол жазған қаулының тезистері, Ильичтің баяндамасы жарияланған «Правда» газеті, съездің басқа да документтері қойылған. Бәрімізге белгілі, Советтердің VIII съезі социализм-

нің материалдық-техникалық базасын жасауға бағытталған лениндік ГОЭЛРО жоспарын қабылдады.

Он бесінші залдағы бөлімдердің бірі Ильичтің қалыпты қызметіндегі жұмыс күндерінің бірін елестетеді. Бір фотосурет көсеміміздің жұмыс үстіндегі кезін көрсетсе, екінші біреуі оның телефонмен сөйлесіп тұрған сәтін бейнелейді.

В. И. Лениннің ақырғы рет тікелей өзі басшылық еткен РКП(б) XI съезі жайлы айтқан музей лекторының әңгімесін зейін қоя, зор ықыласпен тыңдадық. Витринада Ильичтің баяндамасы мен сөйлеген сөздерінің қолжазбалары, оның 1922 жылдағы № 114482 партия билеті қойылған.

Совет мемлекетінің сыртқы саясат саласындағы қызметі он алтыншы залдағы документтерден мәлім болады. Мұнда В. И. Лениннің Советтік Социалистік Республикалар Одағын құру жолында жүргізген орасан зор жұмысы көрсетіледі. Советтердің Украина, Закавказье, Белоруссия, Бүкіл россиялық съездері СССР-дің құрылуын қостап, бірауыздан ерік білдірді. Сөйтіп, 1922 жылғы 30 декабрьде Советтердің I съезі Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылғандығын жариялап, тарихи документ қабылдады.

Ұлы көсеміміздің қатты науқастанған кезін баяндайтын документтер мен материалдар он жетінші залда. Он сегізінші залдың документтері 1924 жылдың январь айындағы қаралы күндерді, бүкіл халқымыздың қайғы-қасіретін, сүйікті көсеммен қоштасу күндерін көз алдымызға елестетеді.

В. И. Лениннің идеялық мұрасымен, сарқылмас бай қазынасымен он тоғызыншы залдың материалдарынан танысамыз. Мұнда оның 1893 жылғы бірінші еңбегінен бастап 1923 жылға дейінгі, 30 жыл ішінде басылған еңбектері қойылған. Осы мерзім ішінде ол жүздеген кітаптар мен мақалалар, хаттар жазды, талай рет баяндамалар жасап, лекциялар оқыды.

Біздің елімізде және шет елдерде В. И. Лениннің 15 мыңнан астам еңбектері мен документтері жарық көрді. Солардың ішінде ұлы көсеміміздің таңдамалы шығармаларының бірінші басылуының 20 томы, екінші, үшінші рет шығарылған 30 томы, төртінші басылуының 35 томы, бесінші басылуының 55 томы бар.

Совет Одағында лениндік идеялық мұра — барлық халықтың игілігі. В. И. Лениннің еңбектері елімізде 98 тілде, оның ішінде СССР халықтарының 64 тілінде 338 миллион данадан астам болып басылып шықты. В. И. Лениннің шығармалары бүкіл әлемде 100-ден астам тілде, оның ішінде шет елдерде 55 тілде жарық көрді. Залдағы документтерден дүние жүзілік саяси әдебиет қорында Лениннің еңбектері бірінші орында екенін білеміз.

Орталық музейдің соңғы залдарының өте бай әрі тартымды материалдары марксизм-ленинизм идеяларының жүзеге асырылуын, Ұлы Октябрь революциясы жеңісінің салтанат құруын паш етеді. Жеңімпаз совет халқының сүйікті Коммунистік партия басшылығымен Владимир Ильич Лениннің өсиеттерін мүлтіксіз жүзеге асыра отырып, лениндік сара жолмен коммунизмге қарай берік қадаммен алға басып келе жатқаны дәйектілікпен тұжырымдалады.

Музейдің келушілерге арнаған кітаптарындағы сан алуан пікірлердің бәріндегі совет адамдарының, шетел азаматтарының қарапайым адам, ұлы көсем, данышпан ұстаз В. И. Ленинге деген жүрек түбінен шыққан ыстық сүйіспеншілігін айтып жеткізу мүмкін емес.

**С. ШОШАНОВ.**

Москва.

## КОММУНИСТІҢ ҮЛГІ-ӨНЕГЕСІ

Ұлы Ленин партиясы — совет халқының ұстазы әрі көсемі, оның барлық табыстары мен жеңістерінің ұйымдастырушысы және дем берушісі. Дүниедегі бірден-бір дұрыс іліммен — марксизм-ленинизм ілімімен қаруланған партия социалистік құрылыстың барлық кезеңдерінде еліміздің алдына қойылған экономикалық және саяси проблемаларды ғылыми тұрғыдан, творчестволықпен шешіп, халқымызды жеңістен жеңіске бастап келеді. Коммунистік құрылыс кең өрістеген қазіргі дәуірде партияның жетекшілік және ұйымдастырушылық ролі ерекше артып отыр.

Партияның осы тарихи жаңа кезеңде жаңа талаптар дәрежесінде болуы оның өз қатарының құрыштай бірлігі мен топтасқандығына, партия ұйымдарының, коммунистер армиясының саналы тәртібі мен белсенділігіне байланысты. Өйткені партия өзінің бүкіл саясатын партия ұйымдары мен коммунистер арқылы жүзеге асырады, еңбекшілердің қалың бұқарасына солар арқылы ықпал жасайды. Сондықтан да КПСС XXIII съезі бастауыш партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін онан сайын арттыру, коммунист деген атақтың беделі мен маңызын көтерген үстіне көтеру қажеттігін ерекше атап көрсетті.

Коммунистің праволары мен міндеттері КПСС Программасы мен Уставында айқын белгіленген. Өз тағдырын партияның тағдырымен мәңгі байланыстырғысы келген адам ең әуелі партияның Программасымен, Уставымен жақсылап танысады, оның барлық талаптарын саналы түрде қабылдап, бұлжытпай орындауға міндетті де жауапты болады. Осы жауапкершіліктен сәл ғана ауытқу, оған салғырт қарау коммунист деген атпен сыйыспайды. Демек, партияның әрбір мүшесі өзінің бүкіл тіршілік-тынысын, мінез-құлқын, ойын, ісін үнемі КПСС Программасы мен Уставының талаптарымен үйлестіріп, үндестіріп отыруға тиіс.

Коммунист — партияның белсенді жауынгері, бұқараның тәрбиешісі. Партияда жоқ еңбекшілер коммунистердің бойынан қоғамдық борышына адалдық, еңбек сүйгіштік, шыншылдық, әділдік, табандылық, қарапайымдылық, сезімталдық, шын мәніндегі жолдастық, коллектившілдік сияқты ең ізгі қасиеттерді көргісі келеді, өздерінің қимыл-әрекеттерін коммунистерге қарай өлшеп, соларға орайластырып отырады. Қай мәселеде болса да «Коммунистер не айтады, коммунистер қалай қарайды» деп алғашқы қадамды солардан күтеді.

Бұқараның осы сеніміне лайық болу үшін коммунист барлық жерде, барлық істе өзі бас болып, өнеге көрсетіп отыруы керек. Владимир Ильич Ленин коммунистердің міндеті мен жауапкершілігін айқындай келіп, біздің партияға кіргісі келетіндердің бәрі де «коммунизм принциптерін іс жүзінде қолданудың өнегесін көрсетуге тиіс» деп атап көрсеткен болатын. Елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаумен қатар жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру, коммунизмге лайық жаңа адам тәрбиелеу міндеті шешіліп жатқан қазіргі кезеңде лениндік бұл талаптың маңызы бұрынғыдан да арта түседі.

Партия жауынгерінің белсенділігі мен өнегесі ең алдымен оның

қоғамдық еңбекке деген көзқарасынан, өндірістегі жетекшілік ролінен көрінеді. КПСС Уставы партия мүшесін коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау үшін аянбай күресуге, еңбек өнімділігін арттыруға, барлық жаңаның жаршысы болуға, ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені жалықпай үйреніп, қолдап, кеңінен таратуға, өзінің мамандығын, іскерлігін тынбай жетілдіріп отыруға, қоғамдық социалистік меншікті көздің қарашығындай қорғап, үздіксіз молайта беруге міндеттейді. Міне коммунистің қадір-қасиеті, беделі, абыройы бәрінен бұрын оның осы уставтық борышын қалай атқарып жүргеніне байланысты. Шаруашылық пен мәдениет құрылысының қай саласында жүрсін, мейлі ол үлкен ғалым, инженер, агроном болсын немесе қатардағы жұмысшы, малшы, егінші болсын, өзінің өндірістік міндетін мінсіз атқарып, қажырлы, белсенді, нәтижелі еңбектің өнегесін көрсету — коммунистің ең бірінші парызы.

Коммунистік партия өз мүшелерінің өндірістегі ролін көтеруге әрқашан да ерекше мән беріп, күнбе-күн қамқорлық жасап келеді. Ол өзінің орасан зор саяси-ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде қиындықтан қайтпайтын, партия қандай қияға салса да бірінші болып аттатын, қолға алған ісін тындырмай тоқталмайтын жалын жігерлі, табанды, белсенді күрескерлердің қуатты армиясын тәрбиелеп шығарды. Сонау Ұлы Октябрьден бастап социалистік құрылыстың барлық кезеңдерінде коммунистер үнемі алдыңғы сапта болып, қаһарман ерліктің, қажырлы еңбектің небір ғажайып үлгілерін көрсетті және көрсетуде. Бұл күндері Коммунистік партия мен совет халқының ұстазы әрі көсемі Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуын мерекелеуге бүкіл еліміз қызу әзірленіп жатқан кезде коммунистердің белсенділігі мен творчестволық еңбек шабыты қай кездегіден болса да күшейіп отыр. Мұның жарқын мысалын Қазақстан партия ұйымының өмірінен де жиі көруге болады.

Республиканың барлық облыстарында, аудандарында, кәсіпорындары мен рудниктерінде, колхоздары мен совхоздарында ұлы мерекені лайықты қарсы алу, бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыс кең өріс алды. Коммунистердің бастауымен жүздеген коллективтер ішкі резервтер мен мүмкіндіктерді есепке алу негізінде міндеттемелерін қайта қарап, бұрынғыдан әлдеқайда биік межелер белгілеуде. Бесжылдық тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындап, келесі жылдың есебіне еңбек етіп жатқан, өздеріне дербес, көтеріңкі міндеттеме қабылдаған коммунистердің қатары барған сайын көбеюде.

Қазақстан коммунистері биылғы мал қыстату маусымында нағыз патриоттық ерліктің өнегесін көрсетуде. Үсті-үстіне қалың жауған қардан, дулей бораннан мал отарларымен байланыс үзіліп қалған кезде ең бірінші болып көмекке коммунистер аттанды. Олар машина тұрмақ трактор өте алмай қалған жерлерде комсомолецтерді, партияда жоқ энтузиастарды бастап, салт атпен жүріп күндіз-түні жол аршыды, отарларға жемшөп, азық-түлік жеткізді. Партия ұйымдары икемділік, алғырлық, табандылық көрсетіп, коммунистердің темірдей тәртібі мен ұйымшылдығын қамтамасыз еткен шаруашылықтарда ешқандай абыржу, асып-сасу болған жоқ, мүмкін шаралардың бәрі қолданылып, қоғамдық мал да, малшы семьялары да аман сақталды.

Қазіргі кезде Қазақстан партия ұйымында жарты миллионнан астам коммунист бар. Олардың басым көпшілігі қоғамдық өмірде де, еңбекте де үздік шығып, коммунист деген жоғары атақты абыроймен ақтап келеді. Сонымен бірге біз өз арамызда ең басты уставтық парызын өтей алмай — коммунистік еңбектің үлгісін көрсете алмай жүрген коммунистердің де бар екенін жасыра алмаймыз. Мысалы, осыдан біраз бұрын Жамбыл облыстық партия комитетінің бюросы Жамбыл тігін фабрикасының жұмысы жайлы мәселе қарады. Бюро фабрика комму-



нистерінің өндірістегі жетекшілік ролін арттыру ісінде елеулі кемшіліктер бар екенін атап көрсетті. Фабрикадағы барлық жұмысшылардың 10 проценті күнделік нормаларын орындамайды, олардың бірсыпырасы — коммунистер. Коллективте еңбек тәртібі нашар. Коммунистердің арасында жалқаулар мен сапасыз өнім шығаратындар да жоқ емес.

Ең қынжыларлығы, мұндай фактілер басқа жерлерде де кездеседі. Ал мұның өзі ешбір төзуге, жол беруге болмайтын жағдай. Коммунистің өндірістік тапсырмасын орындамауы, еңбек тәртібін бұзуы — оның партиялық тәртіпті бұзғандығы, уставтық борышын орындамағаны. Партия ұйымдары қоғамдық еңбекке енжар қарайтын инициативасыз, жігерсіз коммунистерге нақ осы тұрғыдан талап қойып, ондайларды қатаң тәртіпке шақырып отыруға тиіс. Әрбір коммунистің өндірістік белсенділігін көтермейінше тұтас партия ұйымының жауынгерлігі туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Коммунистің еңбектегі, қоғамдық өмірдегі белсенділігі оның идеялық сеніміне тікелей байланысты. Коммунист партияның Программасы мен Уставын сөз жүзінде танып қоймай, оның барлық талаптарын терең түсініп қабылдауға, партияның теориясы мен саясатының дұрыстығына, коммунистік қоғамның артықшылығына және коммунизмнің түпкілікті салтанат құратынына кәміл сенетін болуға тиіс. Тек сонда ғана ол өзінің бар қабілеті мен жігерін, білімі мен ақыл-ойын коммунистік принциптерді іс жүзінде қолдануға саналы түрде жұмсайтын болады.

Әрине, коммунистің санасында идеялық сенім өз-өзінен пайда болмайды, үздіксіз оқудың, ізденудің, қоғам дамуының заңдарын, ғылым негіздерін, бірінші кезекте марксизм-ленинизм ілімін терең меңгерудің нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан қоғамдық еңбекте өнеге көрсетумен бірге өзінің саяси-теориялық даярлығын үздіксіз жетілдіру, коммунизмнің мазмұнын, оның даму заңдылықтарын, партияның саясаты мен практикасын жалықпай үйрену — коммунистің уставтық борышы.

Соңғы жылдары партия ұйымдары коммунистерге теориялық білім беру ісін едәуір жақсартты. Партия оқуы жүйесінде коммунистердің маркстік-лениндік дүние танымын қалыптастыратын проблемалар КПСС-тің теориясымен және практикасымен неғұрлым тығыз байланыста, жүйелі түрде оқытылатын болды. Теориялық семинар сабақтарының сапасы артты. Дегенмен аса маңызды бұл істе кемшіліктер де жоқ емес. Өртүрлі себептермен жыл сайын коммунистердің белгілі бөлегі партия оқуына тартылмай қалып жүр. Қайсыбір коммунистер шаруабастылығын немесе бір кезде жоғары оқу орнында, курстарда, мектептерде даярлықтан өткенін сылтау етіп, өздерінің саяси-теориялық білімін көтеруге мән бермейді. Ал партия ұйымдары ондай коммунистерге көрінеу кеңшілік жасайды.

Бұл, әрине, дұрыс емес. Марксизм-ленинизм ілімі — үздіксіз өршіп, дамып отыратын творчестволық ілім. Сондықтан ешкім де бұл ілімді ақырына дейін меңгердім, білдім, толдым деп айта алмайды. Әсіресе капиталистік дүние социалистік елдерге қарсы идеологиялық шабуылын орасан күшейтіп, біздің адамдарымыздың санасын уландыру үшін бар амал-айласын қолданып жатқан қазіргі кезеңде әрбір коммунист мейлінше қырағы болуға, бізге жат идеологияның түрлі көріністерін тойтарып, аластап тастауға әзір тұруға міндетті. Бұл үшін ол марксизм-ленинизм теориясымен жете қаруланған, халықаралық жағдайда болып жатқан оқиғаларға партиялық тұрғыдан талдау жасай алатын, буржуазиялық насихаттың зымиян айналасын, арам мақсатын бірден көріп, әшкерелей білетін дәрежеде болуға тиіс. Коммунист бұған саяси-теориялық даярлығын үзбей жетілдіру, партиялық істе шындалу арқылы ғана жете алады.

Рухани тазалық, партиялық және азаматтық адалдық — коммунистің ең ізгі қасиеттерінің бірі. Коммунист еңбекте озат болумен қатар коллективте, тұрмыста, семьяда, бала тәрбиесінде биік адамгершіліктің,

адалдықтың, шыншылдықтың, кішіпейілдіктің өнегесін көрсетуге міндетті. Әрбір коммунист коммунизм орнатушыларға лайық адамгершілік принциптерін ардақтап, бұлжытпай жүзеге асырып отыруға, барша еңбекшілерді осы принциптер негізінде тәрбиелеуге тиіс. Бұқараның шын бастаушысы, ұйтқысы болу үшін коммунистің осы уставтық талапты бұлжытпай орындауының айрықша маңызы бар.

Шынайы коммунист қоғамдық мүдденің, жеке мүдденің арақатынасын дұрыс түсінеді, партияның, халықтың мүддесін өз мүддесінен әрқашан да жоғары қояды. Адамдармен қарым-қатынас жасағанда коммунист кішіпейілді, ілтипатшыл, қара қылды қак жарған әділ, турашыл, шыншыл, еңбек адамдарының қуанышы мен қайғысына ортақтаса білетін сезімтал болуы керек. Осындай ізгі қасиеттерді бойына сіңіріп, социалистік қоғамдық тіршілік ережелерін берік сақтаған коммунист қана Лении партиясының мүшесі деген ардақты атаққа лайық болмақ.

Ал енді бізде коммунистердің бәрі бірдей осы талапты мүлтіксіз орындап жүр ме? Бұл сұрауға ұнамды жауап беру қиын. Өйткені арамьзда коммунистік мораль мен адамгершілік принциптерін сақтамайтын, тұрмыстан азу, маскүнемдікке салыну, қоғам мүлкіне суық қолын сұғу сияқты жарамсыз қылықтарға бой ұратын коммунистер аздап болғанымен әлі де бар. Кейде тіпті мемлекет мүлкін талап-таражға салып, басқа да қылмыс жасап, жауапқа тартылғандардың арасында да бірлі-жарым коммунистер кездесіп қалып жүр.

Мысалы, өткен жылдың аяғында Ақтөбе облыстық партия комитетінің бюросы Октябрь ауданының Лении атындағы совхозының бұрынғы директоры И. Черненконың дербес ісін қарады. Черненко совхоз партия ұйымы мен аудандық партия комитетінің тарапынан бақылау болмағанын пайдаланып, қылмысты жолға түскен. Ол өз маңына өншен жағымпаздар мен тоғышарларды жинап, совхоздың малын, материалдық және ақшалай қаражатын жеке мүддесіне төгіп-шашып жұмсаған, талап-таражға салған. Қарамағындағы қызметкерлерді заңсыз документтер жасауға зорлаған, көнбегендерін қуғынға ұшыратқан. Өндірістік мәселелерді шешкенде мамандардың пікірімен санаспай, өз айтқанын ғана өткізіп отырған. Ал совхоз партия ұйымы, Октябрь аудандық партия комитеті ар-ұятынан айрылған коммунистің шектен шыға дандайсуына көрінеу төзімділік жасап келген. Тек облыстық комитеттің араласуымен ғана Черненконың қылмысты әрекеттері әшкереленіп, ол қызметінен де, партия қатарынан да аласталды.

Мұндай кемшіліктердің орын алуы кейбір партия ұйымдарында коммунистердің өзара қатаң талап қоймауынан, әрбір коммунистің күнделікті қызметіне, іс-әрекетіне, мінез-құлқына партиялық бақылаудың жоқтығынан екені күмәнсіз. Тағы бір мысал келтірейік. Осы облыстың Қарабұтак ауданындағы «Қызыл жұлдыз» совхозында партиялық тәртіп, сын мен өзара сын босансып кеткен. Осыны пайдаланған кейбір басшы қызметкерлер мемлекет мүлкіне суық қолын сұға бастаған. Ал совхоз парткомының секретары Қ. Арызов мұндай фактілерге қарсы үзілді-кесілді күрес ашудың орнына, қылмыс үстінде қолға түскендерді қызығай қорғаған, кейде тіпті қылмысқа өзі де араласып кетіп отырған. Ол совхоз табындарында есептен тыс жеке меншік малын ұстаған, өзінің уақ малын совхоздың ірі қарасына айырбастап, сәудегерлік жасаған. Партия ұйымы секретарының моральдық бейнесі осылай болып отырғанда басқалардан не талап етуге болады? Әрине, облыстық партия комитеті коммунистік арын аяққа басқан Арызовты қатаң жазалады.

Кейде партия ұйымдарында мынадай жағдай болады. Қайсыбір коммунист ішкілікке әуестеніп, үйіне жиі мас болып келе бастайды, отбасының, семьяның шырқын бұзады. Ал оның еңбектес жолдастары ештенені байқамағансып жүре береді немесе «өндіріске зиянын тигізбесе болыпты, жұмыстан тыс уақытта не істесе де жеке басының шаруа-

сы ғой» деп іргесіп аулақ салады. Партия ұйымының, жолдастарының тарапынан тойтарыс көрмеген әлгі коммунист бірте-бірте асқынып, қолайсыз оқиғаға ұрынады, тіпті кейде партия мүшесі деген атпен мүлде сиыспайтын қылықтар жасауға дейін барады. Тек сонда ғана коммунистер оны талқыға салып, «быт-шытын» шығарады. Бірақ мұндай кеш қолданылған шара көбінесе күткендей нәтиже бермейді, өйткені оған дейін әлгі коммунист әбден құлдырап, өзіне өзі есеп беретін, жолдастарының жанашыр ақыл-кеңесін дұрыс қабылдайтын халден кетіп қалады.

Тегінде партиялық бақылаудың, өзара талаптың жоқтығы ешқашанда жақсылыққа жеткізбейді. Ал жеке коммунистің жарамсыз қылығы оның өз беделін ғана түсіріп қоймай, тұтас партия ұйымы жөнінде теріс пікір туғызады. Еңбекші бұқара көбінесе партияның саясатын жеке коммунистердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына, олардың өзіне де, өзгеге де қалай талап қоятынына, социалистік қоғам тіршілігінің ережелерін, коммунизм құрылысының моральдық принциптерін қалай орындап жүргеніне қарап бағалайды. Демек, жеке коммунистің бойындағы мін бүкіл партия ұйымының беделіне, абыройына кір келтіреді. Сондықтан әрбір коммунист партияның ар-намысын, абыройын кіршіксіз таза ұстап, ардақ тұтуға міндетті. Бұл жөнінде өте-мөте үлкенді-кішілі коллектив басқарып отырған коммунистер үлгі көрсетіп, партияның қатардағы мүшелерін өз өнегесімен тәрбиелей білуге тиіс.

КПСС XXIII съезі коммунистердің өз ұйымындағы және бүкіл партиядағы істің жайына жауапкершілігін мейлінше арттыру міндетін алға қойды. Мұның мәнісі коммунист тек өзінің ғана емес, жолдастарының, коллективтің барлық мүшелерінің іс-әрекетіне, мінез-құлқына жауапты деген сөз. Бұған партиялық ішкі демократияны, сын мен өзара сынды кен өрістетуге, әрбір коммунисті партия ұйымының назарында ұстау, жолдастық бақылауға алу арқылы ғана жетуге болады. Барлық коммунистер үшін партияның бір ғана тәртібі бар. Барлық істе, партияның барлық мүшелеріне қойылатын талап бірдей. Уставтық борышын ұмытатын, партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзатын, партия қатарында болу өздеріне белгілі бір артықшылықтар береді деп ойлайтын коммунистерге ешқандай ымырашылдық болмауға тиіс. Сондықтан да КПСС XXIII съезі «Партия алдағы уақытта да КПСС Программасын, Уставын бұзатын және жарамсыз қылығымен коммунист деген жоғары атаққа кір келтіретін адамдардан арылып отырады» деп әдейі атап көрсетті.

Партия ұйымдары коммунистердің жауапкершілігін арттыра отырып, өз қатарын таза ұстау үшін тынбастан жұмыс жүргізуге тиіс. Барлық жерде партияға адамдарды жеке-жеке іріктеп алудың лениндік принциптерін бұлжытпай сақтау керек. КПСС қатарына лайықсыз бірлі-жарым адамның еніп кетуінің өзі бүкіл партияға үлкен нұқсан келтіреді, партия ұйымдарының беделін түсіріп, жауынгерлік қабілетін әлсіретеді. Владимир Ильич Ленин «Біздің міндетіміз — партиямыздың беріктігін, ұстамдылығын, тазалығын сақтау... Бір мылжынның партия мүшесі болуға правосы және мүмкіндігі болғанша, жұмыс істеуші он адамның өздерін партия мүшесіміз деп атамағаны жақсы» деп қатты ескерткен болатын. Советтік қоғамның жетекші және дем беруші күші ретінде партияның ролі өлшеусіз артып отырған қазіргі дәуірде көсемнің бұл нұсқауын бір минут естен шығаруға болмайды.

Әрине, ешкім коммунист болып тумайды. Коммунистке тән қасиеттер бірте-бірте, партияның саясатын, сара жолын жүзеге асыру жолындағы практикалық күрес үстінде қалыптасады. Партияға жаңа кірген адамның, өте-мөте әлі өмір талқысын көрмеген, партиялық күрес мектебінен өтпеген жастардың бойында алғашқы кездері кейбір осалдықтар, кемшіліктер болуы ықтимал. Партия ұйымдары ондай коммунистерді ерінбей, жалықпай тәрбиелеуге, асқан шыдамдылықпен, табандылықпен кемшіліктерден арылтып отыруға, әрбір қадамын қадағалап, қамқорлық жасап, бірте-бірте нағыз саналы, белсенді күрескер етіп шыңдауға тиіс.

Бұл салада партия ұйымдарының тәжірибесі мол. Мысалы, ішкі партиялық бақылауды күшейту, коммунистердің жауапкершілігін арттыру үшін көптеген ұйымдар партия жиналысын жақсы пайдаланып келеді. Ондай жиналыста ұйым мүшелерінің уставтық міндеттерін қалай орындап жүргені жайлы келелі әңгіме қозғалады немесе ұйымның шешімдері мен тапсырмаларының орындалу барысы туралы баяндама талқыланады. Қайсыбір партия ұйымдары өндірістік және қоғамдық борышын қалай атқарып жүргені туралы жеке коммунистердің есебін тыңдау әдісін кенінен қолданып жүр. Сондай-ақ партия ұйымы нақты тапсырма беріп, оның орындалуын жіті қадағалау арқылы да коммунисті жинақылыққа, сергектікке, жауапкершілікке баулиды. Ең бастысы — коммунистер арасындағы тәрбие жұмысы мақсатты, жоспарлы, жүйелі түрде, мейлінше жария жүргізілуге тиіс.

Коммунистік партия еліміздің дамуының әрбір тарихи кезеңіне лайық саясат белгілеп, шаруашылық пен мәдениет құрылысының нақты міндеттерін алға қойып отырады. Коммунист партияның осы сара бағытына сәйкес өзінің алар орнын, атқарар ролін, жалпы халықтық іске қосар үлесін айқындайды. Ол партияның саясатын мақұлдап қана қоймай, оны неғұрлым тезірек, толығырақ жүзеге асыру үшін белсеніп күреседі. Қазіргі кезеңде КПСС XXIII съезінің және Орталық Комитеттің одан кейінгі Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыру, халық шаруашылығының барлық саласында бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты табыстармен қарсы алу — ең басты міндет. Еліміздің озат коллективтері, соның ішінде біздің республиканың еңбекшілері де «Барлық резерв бесжылдық тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауға жұмсалсын!», «Қатарымызда артта қалған бірде-бір адам болмасын!» деген ұран көтеріп отыр. Осы ұранды іс жүзіне асыру, мереке құрметіндегі міндеттеменің әрбір коллектив бойынша абыроймен орындалуын қамтамасыз ету жолындағы күрестің бастаушысы, ұйымдастырушысы, дем берушісі коммунистер болуы керек.

Коммунист үшін партияның мүддесінен, партияның мақсатынан қасиетті ешнәрсесі жоқ. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев жолдас Ұлы Октябрьдің елу жылдығын мерекелеуге байланысты жасаған баяндамасында: «Коммунист деген атақ көп міндеттер жүктейді. Коммунистердің ешқандай артықшылығы жоқ, олардың бір ғана артықшылығы — ортақ іске басқалардан гөрі көбірек үлес қосу, ортақ істің салтанаты үшін басқалардан гөрі көбірек күресу, көбірек еңбектену. Коммунистердің ешқандай ерекше правосы жоқ, олардың правосындағы бір ғана артықшылық — әрқашан алда болу, қай жерде қиынырақ болса, үнемі сол жерден табылу» деп атап көрсетті. Міне осы биік талап өзін Ленин партиясының белсенді жауынгерімін деп санайтын әрбір коммунистің бүкіл тіршілігінің басты заңы болуға тиіс.

# БІЗДІҢ СЕЛОҒА КӨМЕГІМІЗ

ҚПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумы ауыл шаруашылығын жаңа қарқынмен өрге бастырудың пәрменді шараларын белгілеп берді. Пленум халқымыздың азық-түлік жөніндегі, өнеркәсіптің шикізат жөніндегі қажеттерін неғұрлым толығырақ өтеу үшін таяу жылдардың ішінде астық және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді шұғыл арттыру міндетін алға қойды.

Село еңбеккерлерінің бұл жауапты да абыройлы міндетті ойдағыдай орындауына өнеркәсіп, құрылыс, транспорт орындарының коллективтері елеулі көмек көрсете алады және көрсетуге тиіс те. Мәселен, біздің комбинат көп жылдан бері Қамышин ауданының шаруашылықтарын шефтік қамқорлыққа алып келеді. Кен байытушылар өте-мөте механизатор кадрларын даярлау, мал фермаларын, қырымдарды механикаландыру, жөндеу мастерскойларын, астық қоймаларын және басқа ауыл шаруашылық объектілерін салу ісінде совхоздарға айтарлықтай қолғабыс тигізіп жүр.

Комбинат парткомының ұйғарымы бойынша 1966 жылы совхоздарға шефтік көмек көрсету мәселесімен шұғылданатын арнайы штаб құрылған болатын. Штабтың құрамына комбинат басшыларынан, цех бастықтары мен жетекші мамандардан 12 адам енді. Штаб қамқорлыққа алынған совхоздардың қайсысын қай цехқа, бөлімшеге бекіту жайлы нақты ұсыныс әзірледі. Ұсыныс партком мәжілісінде қаралып мақұлданды.

Сондай-ақ селоға көмек көрсету мәселесі комбинат басқармасының бөлімдері, құрылымдық бөлімшелер бастықтарының, партия ұйымдары секретарьларының, Қамышин ауданы басшыларының бас қосқан мәжілісінде талқыланды. Мәжілісте аудан совхоздарының қандай көмекке қабірек мұқтаж екені, ол көмекті көрсету жолдары мен әдістері сараланды. Міне сол уақыттан бері комбинат коллективі мен совхоз еңбеккерлерінің достық ынтымағы, өзара байланысы бір сәт босаңсыған емес.

Кен байытушылардың ауыл шаруашылық өндірісін өрге бастыруға қаншалық үлес қосып келе жатқанын мына деректерден байқауға болады. Соңғы үш жыл ішінде мыннан астам кісі Қамышин ауданының совхоздарына барып жұмыс істеп қайтты. Бұлар — негізінен мамандар, механизаторлар. Бұдан тыс комбинат коллективі жыл сайын овощ, картоп жинау, астық тазарту кезінде де совхоздарға әжептеуір қолғабыс тигізеді. Өткен күздің өзінде овощ жинауға көмектесу үшін Комсомол, Қостанай, Федоров аудандарына 500 адам жіберілді. Жаз айларында комбинаттың жүздеген жұмысшысы Қостанай ауданының совхоздарына барып, овощты күтіп баптау жұмысына көмектесті.

Комбинат совхоз техникасын жөндеу үшін таңдаулы автомобиль слесарьларынан 48 адам жіберді. Сондай-ақ егін жинау кезінде Қамышин, Таран, Орджоникидзе аудандарына көптеген автомашина берді. Бір маусымның өзінде облыс совхоздарында мыңға тарта машина жұмыс істеп қайтты. Ал шаруашылықтардың бір жолғы жүк тасуына комбинаттың жыл сайын беретін автотранспорты 300—320 машина-күннен асады.

Совхоздар басқа техника жөнінде де кен байытушылардан аз жәрдем алып жүрген жоқ. Өткен жылы Қамышин ауданында комбинаттың дизельді экскаваторы 8 ай жұмыс істеді, астық тиейтін экскаватор бүкіл маусымға берілді, ал қысқа қарай жол тазалайтын бульдозерлер метіркемелі трактор скрепері бөлінді. Наурызым ауданында дизельді экскаватор екі ай болды. Көктемгі су тасқыны кезінде «Набережный» совхозына 5 бульдозер адамымен көмекке барды. Комбинаттың мастер

А. Строкаль басқарған монтажшылар бригадасы 8 шыңырау құдық қазып шегендеді, су құбыры жүйелерін монтаждады.

Ылғалды магнитті сеперация фабрикасының жұмысшылары өздері қамқорлыққа алған совхозда бір сиыр қорасын толық механикаландырды. Ал комбинаттың темір жолшылары «Свободный» совхозының 26 километр электр линиясын жөндеп берді. Комбинаттың тағы бір фабрикасының коллективі Горький атындағы совхоздың электр станциясын монтаждады.

Ауыл шаруашылығына көмектесуде әсіресе комбинаттың құрылыс басқармасының коллективі ерекше белсенділік көрсетіп келеді. Құрылысшылар бір жылдың өзінде облыстың Урицкий, Бурабай, Федоров аудандарында 47 сиыр қорасын, 560 шаршы метр тұрғын үй салып, пайдалануға берді.

Жалпы біздің құрылысшыларымыз совхоздарда 285 708 сомның құрылыс жұмыстарын орындады. Сарыбай кен басқармасының коллективі қамқорлығындағы совхоздарға жеткілікті мөлшерде темір сүйретпелер жасап берді. Комбинаттың жөндеу-механикалық заводы — балалар алаңдарын жабдықтады, насос станциясын монтаждады, ал тұрғын үй-коммуналдық басқармасы совхоз котельныйы мен 24 комбайнды жөндеуге көмектесті.

Кен байытушылар өз қамқорлықтарындағы совхоздарға материалдық-техникалық жағынан ғана емес, сонымен бірге село мәдениетін көтере түсу, адамдарға саяси-идеялық тәрбие беру ісінде де шын жан ашырлық, достық ықылас танытып келеді. Комбинат пен совхоздар арасында мәдени бригадалар алмасу дәстүрге айналған. Ауыл шаруашылық жұмыстарының қауырт күндерінде кеншілер мәдениет сарайының өнерпаздары облыс совхоздарында 115 рет концерт қойды, әртүрлі тақырыпқа 46 лекция оқыды, көптеген творчестволық кездесулер өткізді.

Кеншілердің, құрылысшылар мен механизаторлардың село еңбеккерлеріне көрсеткен көмегі лайықты бағаланды. Мәселен, біздің автобазаның коллективі астық тасу жөніндегі тапсырманы ойдағыдай орындағаны үшін 1967 және 1968 жылдарда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан Кәсіподақтары Советінің ауыспалы Қызыл туына екі рет ие болды, 500 сом ақшалай сыйлық алды. Облыс совхоздарында егін жинауға және басқа жұмыстарға қатысқан көптеген жұмысшыларымыз ордендермен, медальдармен, құрмет грамоталарымен, бағалы сыйлықтармен наградталды. Мысалы, электросварщик В. Волков «Құрмет белгісі» орденімен, моделші Г. Кудряшов пен шофер В. Стефанков «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, тракторшы Я. Попов, шофер М. Штен, слесарь Н. Самусев «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен наградталды. 33 адамға «Тың жерлерді игергені үшін» медалі, 14 адамға «Егін жинаудың озаты», 18 адамға «Қазақ ССР социалистік жарысының жүлдегері», 69 адамға «Қазақ ССР автомобильмен жүк тасудың озаты» значектері берілді, 80 адам Құрмет грамотасын, 122 адам ақшалай сыйлық алды.

Комбинат әкімшілігінің, парткомының, кәсіподақ, комсомол комитеттерінің атына шефтік көмек үшін шынайы алғыс айтқан және ауыл шаруашылық жұмыстарында үздік шыққан комбинат еңбеккерлерін материалдық-моральдық жағынан көтермелеуді өтінген көп хаттар түсті.

КПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумы ауыл шаруашылығын шапшаң қарқынмен өркендету жалпы мемлекеттік, жалпы халықтық міндет екенін атап көрсетті. Бұл міндеттің өнеркәсіп коллективтеріне де зор жауапкершілік жүктейтінін біздің комбинаттың кеншілері мен байытушылары жақсы біледі. Олар алдағы уақытта да совхоздарды қамқорлыққа алып, ауыл шаруашылық өндірісін өрге бастыруда село еңбеккерлеріне жан-жақты көмек көрсету үшін қолдан келгеннің бәрін істейді.

Өткен жылдың аяғында комбинат парткомы «КПСС Орталық Комитеті октябрь Пленумының шешімдеріне лайық Камышин ауданының совхоздарына шефтік көмекті күшейту туралы» арнаулы мәселе қаралды. Партком комбинат коллективінің совхоздарға көмектесу жөнінде 1969—1970 жылдарға қабылдаған социалистік міндеттемесін мақұлдады. Бұл міндеттеменің көрсеткіштері шефке алынған шаруашылықтардың басшыларымен, мамандарымен ақылдаса отырып белгіленген, комбинаттың барлық цехтары мен басқармаларының партия ұйымдарында талқыланған.

Кен байытушылардың село еңбеккерлеріне шефтік көмек көрсету жөніндегі жаңа міндеттемесінде мынадай негізгі шаралар көзделген. Комбинат коллективі 1969—1970 жылдарда 500 мың сом құрылыс-монтаж жұмыстары көлемінде мал қораларын салады, қырмандарды, астық қоймаларын, мал фермаларын механикаландырады және электрлендіреді. Ауыл шаруашылық техникасын жөндеу, көктемгі егіс, егін жинау жұмыстарына көмектесу үшін жыл сайын совхоздарға 300 механизатор мен жөндеуші мамандар жіберіп отырады.

Комбинаттың механикалық мастерскойлары ауыл шаруашылық техникасының запас бөлшектерін жасауда совхоздарға үзбей көмек көрсетеді, жыл сайын 50 мың тонна мөлшерінде астық және басқа ауыл шаруашылық жүктерін, құрылыс материалдарын тасып береді. Комбинат коллективі Камышин ауданының орталығын көркейтуге, совхоздардағы орта мектептердің физика, химия кабинеттерін жабдықтауға, аудандық стадионды спорт құрал-саймандарымен жарақтандыруға белсене атсалысады.

Комбинаттың оқу орындары мен курстарында совхоздар үшін жеткілікті мөлшерде маман жұмысшылар (бульдозеристер, электриктер, сантехниктер, т. б.) даярланатын болады. Көктемгі егіс пен егін жинау науқандары кезінде кеншілер мәдениет сарайының өнерпаздары село еңбеккерлеріне 100 рет концерт қойып береді, совхоздардың мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлауға көмектеседі. Шефке алынған совхоздардың еңбеккерлерін тынықтыру және емдеу үшін комбинат ай сайын өзінің демалыс үйінен 8 орын, сауықтыру санаторийінен 3 орын бөліп отырады.

Қазіргі уақытта комбинат цехтары мен бөлімшелерінің коллективтері өздері қамқорлыққа алған шаруашылықтармен байланыс жасап, оларға неғұрлым нәтижелі көмек көрсетудің амалдарын қарастыруда. Олар бұл жөніндегі социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындауды КПСС Орталық Комитеті октябрь Пленумының шешімдерін жүзеге асыруға үлес қосудың, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алудың маңызды шарттарының бірі деп біледі.

**А. ЖЕГЛОВ,**

Еңбек Қызыл Ту орденді Соколов-Сарыбай  
кен байыту комбинаты парткомының секретары.

## БҰҚАРАНЫҢ ШАЛҚАР ШАБЫТЫ

Биыл торқалы тойдың қызу қарбалас қарсаңы. Сондықтан бұл жылдың арқалар жүгі ауыр, атқарар міндеті зор. Өйткені біздің елімізбен бірге бүкіл адал ниетті адам баласы пролетариат революциясының ұлы көсемі, кеменгер Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуы мерекесін айрықша сый-сыяпатпен қарсы алуға құлшыныды. Осы бүкіл халықтық зор өрлеу легінде біздің аудан дикандары мен малшылары да бар.

Әйтсе де өндірістегі өрлеу, шаруашылықтағы шабытты еңбек өз алдына. Ал тойға тартудың ең сүбелі, ең келелі сыйы — В. И. Лениннің өнегелі ұлы өмірік, оның мәңгі жасайтын асыл ілімін оқып үйрену, қалың бұқараның рухани қазынасына айналдыру. Оны өткен жылғы КПСС Орталық Комитетінің «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» қаулысы айқын көрсетіп берген болатын. Сол маңызды документті талқылаған аудандық партия комитетінің пленумы алдағы уақытта атқарылар істердің нақты шараларын белгілеген-ді.

Бұл торқалы тойға әзірлік ісінің алғашқы қадамы ғана еді. Кейін аудан, ірі-ірі шаруашылық орталықтарында идеология қызметкерлерінің семинары өткізілді. Оларда халық арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жақсарту түсу мәселелері кеңінен сөз болды. Тәуір тәжірибе ортаға салынып, істегі кемшіліктер көпшілік талқысына түсті. Семинаржиындар идеялық тәрбие жұмыстарының жаңа қырларын іздестіруге партия ұйымдарына қозғау салды.

Көпке мәлім, қай шаруашылықты алсаңыз да өндірістің өзекті саласына тікелей араласып жүрген әйелдер көп. Тіпті олар негізгі күш деуге болады. Міне солардың жасампаз еңбегін, жарқын істерін көпшілікке таныту мақсатында ауданымы барлық колхоз-совхоздарында «Коммунизм құрудағы әйелдердің ролі» деген тақырыпта жиындар өткізілді. Тек ұлы Ленин бастаған социалистік революция ғана азаттық таңы әкеліп, ел еркіндікке, халық бақытқа ие болды. Өт басы, ошак қасында өмірі өксімен өткен бұрынғы қазақ қыздары енді ерлермен тең праволы азамат атанды. Олар да коммунизмнің белсенді құрылысшысы. Данышпай В. И. Ленин идеяларының ойдағыдай жүзеге асқанын айрықша айқын көруге болады. Әрине, жаңа өмір орнатудағы әйелдердің ролін көрсету арқылы республикадағы, бүкіл еліміздегі экономикалық, әлеуметтік өзгерістерді де паш ету ескерілді. Бұл шараның тәрбиелік мәні де осында болатын-ды.

Халыққа саяси тәрбие беру ісінің ауыртпалығы әдеттегіше лекторлар мен баяндамашылардың, саяси хабаршылар мен насихатшылардың иығына түсетіні сөзсіз. Өйткені идеология майданының алғы шебінде жүретін солар. Аудан бойынша лекторлар қатарында тек 300 адам бар екен. Олар әр саланың мамандары. Өткен жылы лекторлар тобының күшімен халық арасында 1700 лекция оқылды. Ал биылғы лекция тақырыптарының басым көпшілігі В. И. Лениннің өмірбаянына, революциялық қызметіне, оның жеке еңбектеріне арналған. Лекторларға 267 адамнан құралған тұрақты үгітшілер қауымы да көмекші.

Аудан орталығында лениндік оқу күні белгіленген. Әр аптаның жұмасында коммунистер, комсомолестер, совет қызметкерлері, жалпы активистер клубта бас қосады. Лениннің өмірбаяны туралы лекция тындайды, соған байланысты кинофильмдер көреді.

Осы үлгімен «Қызылтаң» колхозында ұйымдастырылған лениндік оқуды лекторлар тобының жетекшісі К. Әлімсаков жолдас жүргізеді. Лекторлар тобының күшімен осы тақырыпқа колхозшылар арасында 30 лекция оқылды. Намаз Омаров, Кәрім Әлімсаковтар В. И. Лениннің өмірбаяны жайлы қызықты әңгімелер өткізсе, Тағай Әбдірахманов, Дүйсенбек Үмбетәлиев сияқты лекторлар ауыл шаруашылығының жетістіктері жайлы лекция оқиды.

Лекторлар тобы озаттар тәжірибесін, ғылым жаңалықтарын насихаттауға да айрықша көңіл бөлуде. Әсіресе «Күйік» совхозының 62 адамнан құралған саяси хабаршылар мен лекторлар тобының бұл саладағы жұмысы көңіл тойттарлықтай. Мұндағы бір ерекшелік — партия комитеті лекторларды да, саяси хабаршыларды да әртүрлі маман-



дықтағылардан іріктеп алды. Олар сол өз мамандықтарына орай лекция оқиды, әңгіме өткізеді. Мәселен, 18 лектор ауыл шаруашылық озаттарының тәжірибесін насихаттаса, 19 лектор халықаралық жағдай жөнінде әңгіме өткізіп тұрады.

Биылғы жылы партия оқуы жүйелерінің программаларына да едәуір өзгерістер енгізілді. Мұнда да негізгі тақырып В. И. Лениннің өмірбаяны мен оның теориялық еңбектеріне арналып отыр. Осы мәселеге байланысты аудандық партия комитеті өткен жылдың аяғында насихатшылардың семинарын өткізген-ді. Оған партия ұйымдарының секретарьлары да шақырылды. Сонда оқу ісінің негізгі мәселелері жөнінде пікір алынды. Бұл да саяси оқу жүйелерінің жұмысын жандандыра түсуге септігін тигізді. Қазір әр ай сайын партия ұйымдарының секретарьлары бас қосып, оқудың барысы жайлы кеңесіп отырады.

Торқалы той қарсақында, шыңында да, шабытты еңбек дабыл қағуда. Молшылық қамын ерте ойластырған дикандар сонау қоңыр күздің өзінде күздік дақылдарды агротехникалық талаптарға сай егіп тастағай-ды. Енді жер дегдіп, күн жылынысымен-ақ дереу егісті баптауға әзір отыр. Егіншілердің межесі — биылғы жылы мемлекетке 331 487 тонна астық сату. Төрт түлік малды түгел өркендетіп, оның өнімін молайту.

Шаруашылығы шалқыған дәулетті ауылдың ажары да айшықты болуы керек. Қазір еңселі үйлерді, сәнді мәдениет сарайларын кез келген қолхоз бен совхоздан көруге болады. Ұлы көсемнің туған күніне әзірлік үстінде ауданда көптеген тұрмыстық, мәдени құрылыстар пайдалануға берілді. Енді жұртшылық болып жұмыла қолға алып отырған іс — селоларды көгалдандыру, сәулеттендіру. Мерекелі жылы әр аулада бақ жайқалып, әрбір село жасыл желек жамылуға тиіс. Ал бұл міндеттің орындалатынына еңбекшілер қауымын баурап алған саяси өрлеу, шалқар шабыт кепіл.

**Ө. КӨКЕБАЕВА,**  
Ленин аудандық партия  
комитетінің секретары.

Шымкент облысы.

## САЯСИ ЖҰМЫСТЫҢ АРҚАУЫ

Бұл күндері Май ауданының партия ұйымдары мен барлық еңбекшілері қос мерекеге — В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мен республикамыздың елу жылдығына ерекше бір шабытпен әзірленуде. Шаруашылықтың қай саласында болса да қарышты қарқын байқалады. Лениндік вахтаға тұрған егіншілер мен малшылар бесжылдықтың қалған екі жылын еселі еңбек табысымен аяқтап, қос мерекеге мол шашу шашпақ.

Қалың бұқараны кен қамтыған еңбек өрлеуіне партия ұйымдары үйтқы болуда. Сонау өткен күзде аудандық комитеттің кезекті пленумында КПСС Орталық Комитетінің «Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлену туралы» қаулысы талқыланған соң-ақ партия ұйымдары еңбекшілер арасындағы үгіт-насихат, мәдени-көпшілік жұмыстарының шеңберін кеңейтті. Әсіресе В. И. Лениннің ғылыми-теориялық мұрасын терең насихаттауды, коммунистік партияның, совет халқының ұлы көсемінің өсиеттерін жүзеге асыру жолындағы күресін көрсетуді бүкіл идеологиялық жұмыстың арқауы деп білді. Сондықтан үстіміздегі партия оқу жылы негізінен В. И. Лениннің еңбектерін оқып-үйренуге арналғанын атап айтуға болады. Коммунистер мен партияда жоқ активтің білім дәрежесіне, тілек-талаптарына сәйкес ауданда 9 бастауыш саяси мектеп, 50 марксизм-ленинизм негіздері мектебі құрылып, 15 теориялық және методологиялық семинарлар ұйымдастырылған-ды. Бұларда 1300-ден астам тыңдаушылар маркстік-лениндік революциялық ілімді, В. И. Лениннің өмірбаяны мен жекелеген еңбектерін оқып үйренуде. Аудандық партия комитеті жастардың саяси оқуына да айрықша қамқорлық жасап отыр. Комсомол оқуы жүйесінде даярлығы мол, ысылған коммунист-насихатшылар істейді. Қазір мұнда мың жарымға жуық жас жігіт пен қыз саяси білімдерін көтеруде.

Алуан қырлы саяси-бұқаралық жұмыста да биыл жаңа толқын, соны леп барлығы аян. Бұл КПСС Орталық Комитетінің ұлы көсемнің 100 жылдығына әзірлену туралы қаулысы мен партияның Орталық Комитеті октябрь Пленумының шешімдерін жүзеге асыру жолындағы күрестен туған соны серпіп. Мұның өзі үгітшілер мен саяси хабаршыларға, лекторлар мен баяндамашыларға жаңа міндет, үлкен жауапкершілік жүктеді. Аудандағы идеология майданының жауынгерлері осыны жақсы ұғынып, өз жұмыстарын жақсартта түсті.

Бұл ретте «Май» совхозы партия комитетінің үгіт коллективін атап айтуға болады. Бұл коллективті С. Орджоникидзе атындағы орта мектептің директоры коммунист

Ә. Қобаев жолдас басқарады. Оның құрамында 62 үгітші бар. Саяси-бұқаралық жұмысты өрістетуге «Білім» қоғамы бастауыш ұйымының 16 мүшесі, 7 адамнан құралған саяси хабаршылар тобы елеулі үлес қосып жүр. Үгіт коллективінің іс жоспары бойынша аптаның бір күнінде үгітшілер Сейтқазин, Файзахметова, Темірханова, Арықбаев жолдастар бригада, фермаларда әңгіме өткізеді. Олар жұртқа сонғы елеулі жаңалықтарды түсіндіреді. Әрине, әңгіме үстінде еліміздің, облысымыздың, аудан мен совхоздың экономикасы, мәдени өмірі жөнінде де сөз болады. Мұндай бас қосуға, әдетте, жұрт көп жиналады. Үгіт-насихат жұмысының осы тиімді түрі совхозда кеңірек қолданылуда. Бұл бір мысал ғана. Ал қатарында 700 адамы бар біздегі 24 тұрақты үгіт коллективінің қай-қайсысынан болса да осындай тәуір іс, тартымды тәжірибе табуға болады.

Бұқара арасындағы идеологиялық жұмыстың маңызды бір саласы лекциялық насихат та биыл жана рең, жана мазмұн ала бастады. Лениндік оқулар мен лекторийлер оның негізгі арқауына айналды. Теориялық конференция мен кітап оқушылар кештері де лениндік тақырып бойынша өткізіледі. Совхоз орталықтары мен кәсіпорындарда аудан партия ұйымының активистері үшін лениндік оқулар ұйымдастырылды. Онда аудандық партия комитетінің секретарьлары, бюро мүшелері, партия, совет қызметкерлері лекция оқып, баяндама жасайды. Өткен жылы аудандық партия комитетінің штаттан тыс 24 лекторы, аудандық «Білім» қоғамының мүшелері 1420 лекция оқыды. Бұлардың негізгі тақырыбы — В. И. Лениннің өмірбаяны мен қызметі, оның сарқылмас теориялық мұрасы.

Қазіргі уақытта аудандық партия комитетінің штаттан тыс лекторлары, «Білім» қоғамының мүшелері совхоз орталықтарында, фермаларда, бригадаларда, алыстағы мал отарларында болып, В. И. Ленинге арналған циклдан лекциялар, баяндамалар жасап, әңгімелер өткізуде.

В. И. Лениннің 100 жылдығына әзірлік күндерінде ауданымыздың мәдени ағарту мекемелері де өз жұмыстарын қайта құрып, жаңадан түсті. Мәдениет үйлерінде, клубтарда, кітапханаларда В. И. Лениннің 100 жылдық мерекесіне арналған оқушылардың конференциялары, фотокөрмелер, арнаулы стендтер ұйымдастырылуда. Мәселен, «Қызылқұрама» совхозының кітапханасында «Ленин — Октябрь көсемі» деген стенд дайындалды, «Ильичтің идеясы, ойлары, істері» деген кітап көрмесі ұйымдастырылды. Шаруашылық орталықтарында ғана емес, мал отарларындағы малшыларға қызмет көрсету ісі де жүйелі жолға қойылды. Аудандық мәдениет бөлімінің 5 автоклубы мен бір автопоезы шалғай отарларды шарлап, малшыларға тұрмыстық, медициналық, мәдени қызмет көрсетуде.

Аудан еңбекшілері бесжылдықтың үшінші жылын табыспен аяқтады. Әсіресе малшылар еңбегі мақтарлықтай. Олар мал шаруашылығы өнімдерін тапсырудың мемлекеттік жоспарын асыра орындады. Биыл, ұлы мереке қарсаңында аудан еңбекшілері әрбір шаруашылықтың ішкі мүмкіншіліктері мен резервтерін есептей келіп, көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Ал шопан қауымы бесжылдық жоспарды төрт жылда, яғни 1969 жылдың поябріне орындап шығуға ұйғарды. Сөз берсе, серттен шығатын малшылар қазір ерен еңбек етуде. Жібек жүнді қой өсіруде майталман шеберлер аз емес. Олардың қатарына «Ақшидан» совхозынан Мағау Мәшіғұтов пен Қабі Азнабаев, Киров атындағы совхоздан Ғазиз Адрахов пен Жарылғасин, Чапаев атындағы совхоздан Ленин орденді Эдуард Дик пен Ғабдышүкір Ахмедиевті қосуға болады. Малшылар ғана емес, дикандар мен механизаторлар да, бүкіл аудан еңбекшілері бұл күнде қос мереке құрметіндегі жарыс туын жоғары ұстап, еңбек табысын тасқындата түсуде.

К. БАЛТЕКОВА,

Май аудандық партия комитетінің секретары.

Павлодар облысы.

# НАСИХАТШЫЛАР КӨМЕКШІСІ

Биылғы саяси оқу жылы — лениндік оқу жылы деп орынды аталды. Осыған орай маркстік-лениндік білім беру ісін жетілдіре түсу, насихат жүргізуші кадрларды, бүкіл идеология қызметкерлерін даярлауды онан әрі жақсарту міндеті алға қойылып отыр. Алматы қалалық партия комитетінің кешкі марксизм-ленинизм университеті жұмысын осы талапқа сай ұйымдастыруға күш салуда. Бүгінгі таңда бізге негізінен партия оқуының жүйелері үшін насихатшылар даярлау міндеті жүктеліп отыр. Әсіресе саяси оқудың орта және жоғары буынына философия, саяси экономия және партия тарихы пәндерін жүргізудің методикасына жетік, теориялық білімі жоғары насихатшыларды баулып шығаруға ерекше көңіл бөлінуде.

Бұл жұмысты болашақ насихатшы кадрларды іріктеп алудан бастадық. Аудандық партия комитеттерімен бірлесе отырып, насихатшылар факультетіне бұл жауапты іске қабілеті және ынтасы бар жоғары білімді коммунистерді іріктеп алдық. Биыл насихатшылар факультетіне 300-дей адам қабылданды. Ал бірінші және екінші курсты қоса есептегенде қазір университетте 860 тыңдаушы насихат жұмысының шеберлігін менгеру жолында еңбек етіп жүр.

Екіншіден, жана талапқа орай оқу жоспарына кейбір өзгерістер енгізілді. Қазір проблемалық лекциялар оқуға баса назар аударылуда. Философияның, саяси экономия мен ғылыми коммунизмнің бүгінгі көкейтесті мәселелеріне арналған мұндай лекцияларды жұрт зейін қоя тындап, үлкен мағлұмат алып жүр.

Насихатшылар факультетінде лекция оқу және семинар өткізу методикасына арналған сабақтар назар аударарлық. Кафедра мәжілісінде қаралатын бұл мәселенің тыңдаушылар үшін де пайдалы екені ақиқат. Мысалы, жуықта философия кафедрасында философия ғылымының доценті Д. Қантемиров жолдас насихатшылар факультетінде семинар сабақтарын өткізудің методикасы туралы баяндама жасады. Семинар өткізу жөніндегі өз тәжірибесін қорыта келіп, ол осы жұмыстың методикасы жайлы құнды пікірлер айтты.

Сондай-ақ партиялық насихат методикасы жөніндегі семинар мазмұнды өтті. Университет оқытушысы К. Бахарев ұйымдастырған бұл семинар сабақтан тыңдаушылар көп нәрсені үйренді. Ол алдымен философия бөлімінің бірнеше тыңдаушысына бүгінгі күн тақырыбына арналған баяндама әзірлеуді талпырды, ал бір бөлегіне семинарды жүргізуге дайындалу жүктелді. Сөйтіп бұл семинарда, біріншіден, тыңдаушылардың теориялық білімін толықтыруға жағдай жасалса, екіншіден, олар семинар сабағын өткізу методикасын үйренді.

Насихатшылар факультетінің тыңдаушылары соңғы уақытта саяси-бұқаралық жұмысқа тікелей араласа бастады, сөйтіп теориялық білімін нақты іспен дәйектеп келеді.

Тыңдаушылардың еңбекшілер алдында жасайтын баяндамалары мен лекциялары әуелі факультетте талқыланады. Ал мұның зор пайдасы бар. Биылғы оқу жылының өзінде әлденеше баяндама мен лекция өмірге жолдама алды. Университет тыңдаушысы — мех комбинатының бас инженері А. Глебова әзірлеген «Коммунизм үшін күрестегі маркстік-лениндік идеологияның ролі» деген лекциясын еңбекшілер жоғары бағалады. Сондай-ақ тыңдаушы П. Чередниченко жолдастың «Қазіргі халық-

аралық коммунистік және жұмысшы қозғалысы» атты лекциясы да сәтті шықты.

Сабактың сапасы оқытушыға тікелей байланысты екені баршаға аян. Жаңа оқу жылында бұл учаскеге де назар аударылды. Университет дирекциясы кафедралармен ақылдаса отырып, насихатшылар факультетіндегі оқытушылар құрамын іріктеп шығып, жаңа тәжірибелі ғалым лекторлармен нығайтты. Сонымен бірге лекциялардың сапасын арттыруға баса көңіл бөлінуде. Марксизм-ленинизм университетінде қалалық және Алматы облыстық партия комитеттерінің секретарьлары мен бөлім меңгерушілерінің лекция оқуы жақсы дәстүрге айнала бастады. Қазір болашақ насихатшылар философия ғылымының докторы Ж. Төленовтың мазмұнды да қызғылықты лекцияларын зейін қоя тындайды және олардың материалистік философияны тереңірек игеруге деген ынтасы арта түсуде. Философия ғылымының кандидаты Ц. Розенбергтің лекцияларын да тындаушылар жақсы атап жүр. Ол «Таптар және таптық қарым-қатынастар» деген лекциясында социализм еліндегі таптар жөнінде лениндік ілімнің қағидаларын айта келіп, Алматы кәсіпорындарында жүргізілген социологиялық зерттеудің деректерін келтірді. Оның «Ғылым және мәдениет» атты лекциясы да дәл осылай құрылды.

Бұл күнде партия оқуының жаңа жүйесі, оның бастауыш орта және жоғары буындарының дәйекті сабақтастығы кадрлардың маркстік-лениндік білімін арттыруда аса нәтижелі болып отыр. Коммунистер мен партияда жоқ активистердің саяси білімі арта түсті, оқу жүйесі біраз жетілді. Соңғы уақытта саяси оқу жүйесінде марксизм-ленинизм негіздерінің мектептері мен теориялық семинарлар саны артып, тындаушылар қатары көбейді. Осыған орай өткен жылғы және биылғы оқу жылында орта буын мектептердің насихатшылары жетіспейтіні байқалып отыр. Бұл әсіресе селолық аудандарда күшті сезіледі. Міне осы қажетті өтеу үшін университетте насихатшылардың сырттан оқитын факультеті құрылған болатын. Аудандық партия комитеті сырттан оқушылар құрамын мұқият іріктеп, әрқайсысын бюро мәжілісінде бекітіп отырды. Бұлар — кімен жоғары білімі бар коммунистер мен комсомолецтер. Олардың қатарында партия және совет қызметкерлері мен шаруашылық басшылары аз емес. Мысалы, өткен жылы насихатшылар факультеті экономикалық бөлімін он екі колхоз председателі, үш совхоз-директоры, он агроном, сегіз зоотехник, он үш мектеп директоры және басқа мамандар бітіріп шықты.

Сырттан оқитын факультеттің маркстік-лениндік философия мен саяси экономия сияқты екі бөлімінде екі жыл оқыған насихатшылар өткен жылдың ноябрінде емтихан тапсырды. Факультеттің 210-нан аса тындаушысы емтиханды ойдағыдай тапсырып, саяси жоғары білім алып шықты, сөйтіп село партия ұйымдарының насихатшылар қатары толықтырылды.

Сырттан оқитын факультеттің ашылуы пайдалы шара екеніне аудандық партия комитеттерінің де, насихатшылардың да көзі жетті. Факультет өз жұмысын бұдан былай да жүргізе береді. Реті келгенде айтарлық бір жай — аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары сырттан оқушыларға көмектесіп, жағдай жасаумен бірге, олардың өзлігінен оқуын бақылап отырғаны мақұл.

Университеттің екінші бір өзекті құрамы — партия-шаруашылық активінің факультеті. Негізінен кәсіпорын, шаруашылық және мекеме басшылары мен бас мамандары оқитын бұл факультеттің жұмысы да кадрлардың саяси және маркстік-лениндік теориялық білімін арттыруға орай құрылған. Алдымен оқу программасы және сабақ беру методикасы тындаушылардың тілегі мен бүгінгі күннің талабына сай жасалатынын айтқан жөн. Мысалы, саяси экономия кафедрасының ұсынуы бойынша биылғы оқу жылында еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру сабақтары көбейтілді. Ғылыми коммунизм кафедрасы бойынша идеологиялық жү-

мыстың практикасы, партия құрылысы және партиялық насихаттың методикасы жөніндегі сабақтар мен семинарлар жылдағыдан едәуір кең жүргізілуде. Ал практикалық сабақтар көбіне өндірісті ұйымдастыру, жаңа экономикалық реформаны жүзеге асыру жөнінде үлгі-өнегелер аларлық кәсіпорындарда өткізіледі. Оқу жылының бірінші жартысында партия-шаруашылық активі факультетінің тыңдаушылары «Жетісу» аяқ киім фирмасында болып, өндірісті басқаруды ұйымдастыру жөніндегі семинарды сол жерде өткізді. Теориялық семинарды осындай әдіспен өткізу жақсы дәстүрге айналып, тыңдаушылардың сабақты игеруіне зор ықпал етуде.

Университет қабырғасында бұдан басқа да күнбе-күн істеліп жатқан жұмыстар бар және кафедралар мен оқытушылардың қажырлы еңбегі тиісті жемісін беріп отыр. Университеттің коммунистер мен партияда жоқ активистер арасындағы беделінің жыл сайын артып отырғаны осыған куә болса керек. Мысалы, егер 1965/66 оқу жылында университетте 1716 адам оқыса, биыл тыңдаушылар қатары 2882-ге жетті. Бұл бір жағынан абырой болса, екінші жағынан, коммунистерді маркстік-лениндік іліммен қаруландыру ісін жақсартатын міндетін қояды. Ал ұлы көсеміміз Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлік қызған қазіргі шақта міндет көлемі, жауапкершілік дәрежесі де арта түседі. В. И. Лениннің өмірбаяны мен революциялық қызметін оқып-біліп, лениндік теориялық мұраны зерттеп, үйренуге тыңдаушылардың ынта-ықыласы артуда. Осы жайлы лекциялар оқылуда. Оқу жылы басынан бері тыңдаушылар «Владимир Ульянов», «Ленин Қазанда», «Қиын-қыстау кезен», «Партияның II съезі», «Ұлы көсем» деген фильмдерді көрді. Таяуда ғана тарих ғылымының кандидаты М. Бесбаев В. И. Лениннің өмірі мен революциялық қызметі туралы лекция оқып берді. Ал КПСС тарихы кафедрасы март айында «Социалистік революция туралы лениндік ілім және қазіргі кезен» деген тақырыпта теориялық конференция өткізді.

Сайып келгенде лениндік идеялық мұраны терең оқып, үйрену кешкі марксизм-ленинизм университеті жұмысының арқауына айналды. В. И. Лениннің шығармаларын оқып, үйренумен бірге университет тыңдаушылары ленинизмнің бүгінгі күн талаптарымен, коммунистік құрылыстың нақтылы міндеттерімен байланысты екенін терең ұғынуға ерекше көңіл бөледі. Ал насихатшылар партиялық насихаттың лениндік стилі мен тәсілін игеруді басты парызы санауда. Кешкі университеттің бүкіл жұмысы осы талап деңгейінде болуға бағытталған.

Қ. ШАМАЕВА,

Алматы қалалық партия комитетінің кешкі марксизм-ленинизм университетінің ректоры.

## ПАРТИЯНЫҢ АДАЛ ПЕРЗЕНТІ

Серікбай БЕЙСЕНБАЕВ,

Халқымыздың адал ұлы, абзал азаматы — Ораз Жандосовтың туғанына 70 жыл толды. Қалың жұрт оны «Жерді мекендеген сұңқар» деп атады. Ал бала қыранды баулып ұшырған Октябрь революциясы, большевиктер партиясы, ұлы көсеміміз В. И. Ленин.

Ораз Қиқым ұлы Совет өкіметінің алғашқы күнінен бастап бүкіл өмірін адамзаттың жарқын мұратына — социалистік, коммунистік қоғам орнату ісіне арнаған жас революционерлер ұрпағының өкілі. «Аврораның» зеңбіректері азаттық таңының атқанын әлемге жариялаған сәтте Ораз 18 жастағы өрім жігіт еді. Осыдан бір жыл кейін ол большевиктер партиясының қатарына өтті.

Ораз Жандосовтың өмірі, Совет өкіметін нығайту кезеңіндегі, азамат соғысы мен социалистік құрылыс жылдарындағы оның қызметі КПСС-тің жауынгер отрядтары — Түркстан Компартиясы мен Қазақстан Компартиясының сан салалы қызметімен тығыз байланысты.

Ораз Жандосов 1899 жылы февральда Жетісу облысындағы Верный уезіне қарасты Шамалғандары кедей шаруаның семьясында дүниеге келді. Балалық балын татпаса да, тағдыр оған айрықша сый әзірлепті. Ол 9 жасында, яғни 1908 жылы орайы келіп, Верныйдағы гимназияға оқуға алынады. Бұл бір күрделі кезең еді, бірінші орыс революциясының күдіретті дауылы жаңа ғана соғып өткен шақ болатын. Ауылдан келген кедейдің баласы ерекше ортаға — революциялық дәстүрі бар жастар арасына тап болды. Осы гимназияда оқыған Михаил Васильевич Фрунзенің ықпалы мұнда әлі де айқын сезілетін. Верныйда ол бұрын гимназияда оқыған, ал 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің Жетісу өңіріндегі ошағын басқарушылардың бірі болған Тоқаш Бокинмен достасады, революцияны аңсаған орыс жастарымен табысады. Осының бәрі Ораздың болашақ өмір жолын айқындап алуына әсер етеді.

1918 жылдың көктемінде гимназияны бітірген Ораз Жандосов апрель айында-ақ Қызыл Армияның 1-ші социалистік полкіне өз еркімен жазылады. Советке қарсы бүлік шығарып, қаланы қоршап алған ақ казактар мен байшыл ұлтшылдар бандысынан Верныйды қорғауға қатысады.

Бүлікті басқан соң Ораз Жандосов коммунистердің тапсыруы бойынша революциялық рухтағы қазақ жастарын ұйымдастырып, оларды Совет өкіметін орнатуға және Коммунистік жастар одағын ұйымдастыру ісіне жұмылдырады. Алматы комсомол ұйымының Федотов, Ғ. Мұратбаев, Қ. Әміров, С. Тәтібеков, Ш. Артықбаев, А. Шымболатов, С. Есова сынды қайраткерлермен қатар Ораз Жандосовты да өз ұйымының негізін қалаушы деп санауы өте орынды.

Ол кезде ауылды советтендіру мәселесі күн тәртібіне айрықша қойылған-ды. Өрімдей Ораз барлық жастық жігерін, қажыр-қабілетін осы бір келелі де күрделі міндетті жүзеге асыруға бағыштайды. 1918 жылдың майынан октябрь айына дейінгі аралықта Тоқаш Бокиннің басшылығымен Верный Советінің нұсқаушысы ретінде ол Советтер құру, жер-су комитеттерін ұйымдастыру, байлардың малын қаттап, оны кедейлерге бөліп беру ісін жүргізеді.

Ораз өзінің жалынды жігері, еңбекші халықтың мүддесіне деген адалдығының арқасында ауыл кедейлерінің арасында үлкен беделге ие болды. Ол Жетісу облыстық Советінің тұңғыш съезіне делегат (6 октябрь, 1918 ж.), ал съезде облыстық атқару комитетінің мүшесі болып сайланып, ұлт істері жөніндегі бөлімнің меңгерушісі болып тағайындалады.

Ораз Жандосовтың Қазақстан партия ұйымындағы жауынгерлік жолы осылай басталады. Бұл бір аса қиын да қилы кезең еді. Совет мемлекеті даулаған отты құрсауда қалды; Қазақстанның Москвамен байланысы үзілді; Жетісудың солтүстік станицаларында ақ казактар бүлік шығарды; советтік 13 селоның, Черкасск қорғанысының батырлары жау қоршауында қалды; империалистердің астыртын әрекеті күшейді және советтік Жетісуға Батыс Қытайдан ақ гвардияшыл бандылар қатер төндіре бастады; осы қиын-қыстау кезеңде кулактар, бай-манаптар, буржуазияшыл-ұлтшындар мен солшыл әсерлер бас көтеріп, Совет өкіметіне қарсы бүлік шығарды, ұлттар арасындағы алауыздықты қоздырып, шиеленістіре түсуге тырысып бақты.

Осындай қысыл-таяң шақта партия ұйымы Жетісудың еңбекшілер қауымын Совет өкіметін интервенттерден, ақ гвардияшылардан және Алашордадан қорғауға жұмылдырды.

Күрескерлер Совет өкіметін нығайту жолындағы шайқас үстінде шыңдалып, саяси саналылығы артты. Ораз Жандосов та осы жолдан өтті. Өз бетінше оқып, білімін көтерді, сонымен қатар оған Н. Виноградов, С. Журавлев, Р. Маречек сияқты жасы үлкен ағалар қол ұшын беріп, көмектесті.

Маркстік теориялық даярлығың қандай деген сұраққа Ораз Жандосов: «Жүйелі емес. Көбіне партия және совет жұмысының үстінде оқып-үйрендім», — деп жауап береді. Ол осылай өзінің маркстік-лениндік білім дәрежесін үнемі толықтырып отырады. Әйтсе де бұл аса бір қысыл-таяң кезең еді. Кескілескен күрес жүріп жатты, бәрі жаңа. Тыңнан жол тартылып, мүлдем жаңаша қоғам орнатылып жатты. Ол кезде даңғыл жол жоқ-тың. Совет өкіметі үшін күресушілер — көш бастаушылар жаңалық жаршылары болатын. Владимир Ильич мұны әр кез мақтан ететін. Соны соқпақ табу, жаңалыққа талпыну кезінде кейде елеулі қателіктерге ұрынып қалу ражап емес-ті. Өзінің практикалық қызметінде Ораз Жандосов та қателіктер жіберіп алды. Әйтсе де ол қателіктерін партия ұйымының көмегімен тез түзетіп отырды.

Партияның ұлт саясатын жүргізу партия мен совет органдарынан, жергілікті кадрлардан керемет көп күш жұмсауды, бұл күрделі проблеманы дұрыс түсіне білуді талап етті. Ленин бұрын қанаушылықтың құрсауында болған шағын халықтарға байыптылықпен қарау керектігін ескертті. Ол ұлт саясатын бұрмалауға жол бермеуді, ұлы державалық шовинистермен де, жергілікті буржуазияшыл ұлтшындармен де батыл күрес жүргізуді талап етті.

Партияның ұлт саясатын жүзеге асыруда ұлт істері жөніндегі облыстық бөлім үлкен жұмыс атқарды. Ұлт істері жөніндегі бөлімді Ораз Жандосов өзіне тән қажыр-қайратпен, ақыл-парасатпен, байсалды-байыптылықпен басқарды. Қазақ, татар, ұйғыр, дүңған еңбекшілерін совет, шаруашылық және мәдениет құрылыстарына жұмылдыруды бөлім өз жұмысының арқауы етті, ол буржуазияшыл ұлтшындарды, бай-манаптарды аяусыз әңкерелеп отырды. Ұлт кадрларын даярлау, совет қызметіне жергілікті халықты көбірек тарту, мектептер салу және сауатсыздықты жою, қазақ тілінде оқулықтар шығару мәселелерін шешуге де ол белсене араласты. Ораз Жандосовтың инициативасымен 1919 жылы 3 апрельде бөлім орыс тілінен қазақ тіліне аударылатын мектеп оқулықтарына және ұлт тілдерінде жаңадан шығарылатын оқулықтарға конкурс жариялады.

Ұлт істері жөніндегі бөлім Батыс Қытайдан қайтып оралған қазақтар мен қырғыздарға зор көмек көрсетті. Қанаушылық бұрауынан титықтап, тұрғыс тауқыметін тартқан ондаған мың адам өмірге, өндіріске қайта оралды. Қалың бұқара лениндік ұлт саясатының жемісін іс жүзінде көре бастады.

Ораз Жандосов өзін тамаша ұйымдастырушы ретінде тапты. Ол 1919—1920 жылдары Жетісу облыстық партия комитетінің жанындағы РКП(б) мұсылман бюросының председателі болып істеді. Бұл бюро жергілікті халықтардың өз тілінде еңбекшілер арасында маркстік-лениндік идеяларды таратуда, еңбекшілер қауымын совет құрылысына жұмылдыруда, ал олардың алдыңғы қатарлыларын партияға тартуда зор роль атқарды.

Қызметке араласқан алғашқы шағынан бастап-ақ Ораз Жандосов үгіт-насихат жұмысына құлшына араласты. Ол қазақ кедейлерін шаруашылықтың коллективтік түріне көшіруге, көшпелі елді отырықшылыққа айналуға шақырған жалынды жаршы болды. Көп алдында сөйлеген сөздерінде жұртты ескіліктің шырмауынан арылуға, жаңа ауыл, жаңа тұрмыс, озық мәдениет жасауға шақырды. Ораз үгіт пен насихат

жұмысын қарнайым халыққа түсінікті, көңілге қонымды етіп жүргізуге ұмтылды. Халықтың саяси сауатын ашуға ақындардың ауызша туындыларының үлкен өсері бар екенін ол алғаш дұрыс бағалай білгендердің бірі. 1919 жылы оның инициативасы бойынша халық ақындарының тұңғыш облыстық слеті шақырылды. Облыстық атқару комитетінің атына жазған хатында ол слеттің мақсатын былайша түсіндірді: біріншіден, мазмұны бай ауыз әдебиетінің туындыларын жинау арқылы мәдени-ағарту ісінің мақсатында пайдаланылатын жазба әдебиет жасау; екіншіден, өлең-жырлармен социализм идеясын халық арасына кең тарататын жырауларды үгітші ретінде пайдалану үшін оларды әлеуметтік революция идеяларымен таныстыру; үшіншіден, большевиктер программасы мен басқа да қолда бар советтік әдебиет кітапшаларын өлең-жыр түріне айналдырып, кейін оларды дербес жинақ етіп бастыру... Бұл айтылған мақсаттардың мемлекеттік мәні бар, бұған немқұрайды, жатсына қарау — қазіргі дәуір талабынан, халық талабынан қарағанда қалу деген сөз. Иә, ол халықтың мұң-мұқтажын жақсы білетін, оның Совет өкіметіне, Ленин идеяларына ынтық, құштар екенін айқын да кәміл түсінетін. Сол слетке қатысқан 19 ақын ішінде жыр алыбы Жамбыл Жабаев пен қазірде көзі тірі, халықтың қадірлі ақыны Кенен Әзербасев та бар еді.

Үгіт-насихат жұмысының арнасын Ораз Жандосов мұсылман дінінің қараңғы түнетін, патриархтық-феодалдық идеологияны әшкерелеуге бағыттап отырды. Ол қазақ даласында коммунистік идеологияны, социализмнің, бостандықтың, теңдік пен халықтар достығының лениндік идеясын таратуда табанды насихатшы болды. Ол көпшіліктің қалың ортасында болып, еңбекшілермен қоян-қолтық араласты, жиналыс, митингілер ұйымдастырып, оларда өзі үнемі сөз сөйлеп, баындама жасап жүрді. 1919 жылы 25 июньде облыстық атқару комитетіне жол-жөнекей жазған хатында Ораз Жандосов: «Бүгін мен облысты аралауға командировкаға шығып барамын... Мен бұл сапарда Верный уезінің батыс жағындағы... болыстар мен орыстардың елді мекендерін араламақпын...» деп жазды. Ол қазақ еңбекшілерін «жаңа өмір орнатуда өзге ұлттардың пролетарларымен бірігуге, ынтымақтасуға» шақырды. Халықтың ынта-ықыласын, көңіл күйін білдіре келіп: «Қазақтар революция үшін саналы түрде құлақ түре бастады» деп түйді ол.

Республика көлемінде жергілікті ұлт әйелдерінің арасындағы жұмысты алғаш ұйымдастырушы болғандардың бірі — Ораз Жандосов. «Көмек» газеті 1919 жылғы 3 февральдағы номерінде ұлт істері жөніндегі бөлімнің бір қызық анкетасын жариялады. Газеттің үшінші бетінен оған екі бағана орын берілгені. Оның біреуіне 9 сұрақ басылған да, екінші бағана жұрттың жауап жазуына арналып ашық қалдырылған. Солардың ішінде мынадай сұрақтар да бар: «16 жасар қызды күйеуге беруге бола ма? Қалың малға сіздің көзқарасыңыз қандай? Ерлі-зайыптыларды айырылысуға дейін апаратын себептер қандай?»

Сол кезде алгі газет бетінде Верныйда «Қазақ-қырғыз қатындар құрылтайын», «Түрік ұрпақшылар құрылтайын», яғни мұсылман әйелдердің съезін шақыруға өзіндік жүргізілуде деп жазылды. 1919 жылғы 6 февральда облыстық атқару комитетіне жазған хатында Ораз: «Мен бүгін облыстық атқару комитетінің мәжілісіне қатыса алмаймын — әйелдер теңдігі съезінің жұмысынан қолым тиер емес», — деп хабарлайды. Сол күні уезд әйелдерінің тұңғыш съезі ашылды. Съезде сөйлеген сөзінде Ораз Жандосов қазақ, ұйғыр, дүңғал әйелдерін мұсылман дінінің кесепатты кертартпа шырмауын, от басының озбырлық бұғауын сыпырып тастап, теңдік үшін жүреске шығуға, жаңа өмірдің белсенді құрылысшылары болуға шақырды.

Ұйымдастыру және үгіт-насихат жұмысында Ораз Жандосов баспасөзге үлкен орын берді. Оның инициативасы бойынша Верныйда 1919 жылдың январында алдымен қазақ тілінде «Көмек», сонан кейін «Ұшқын» газеті шыға бастады. Ораз Жандосов жақсы журналист болды, баспасөз жұмысына жиі қатысып тұрды. Сол газеттердің тігінділерін ақтарсаңыз солардың сарғайған беттерінен Ораз Жандосовтың мақалалары мен хабарларын, облыстық атқару комитетінің ұлт істері жөніндегі бөлімінің, РКП(б)-нің мұсылман бюросының Ораз қол қойған қаулыларын кездестіресіз.

1920 жылы январьда Ораз Жандосов Ақтөбе қаласында қазақтың әскери-революциялық комиссариаты мен Түркістан майданының революциялық-әскери советі шақырған бірінші Бүкіл қазақтық Советтер конференциясына Жетісу делегациясын бастап барды. Конференцияда коммунистік ұйымдарды біртұтас өлкелік ұйым етіп біріктіру жөнінде шешім қабылданды да, Ораз сол жолы РКП(б)-нің өлкелік ұйымдастыру бюросына мүше болып сайланды. Сөйтіп, бір жарым жыл ішінде жас коммунист Жандосов қатардағы партия мүшесінен республикалық көлемдегі партия органдарының басшы қызметкері дәрежесіне дейін көтерілді.

Жетісуға қайтып оралған бойда ол қазақ еңбекшілерін топтастырып, азамат соғысын жеңіспен аяқтау үшін Қызыл Армияға көмекті күшейте түсуге жұртшылықты жұмылдырды. Партия ұйымының тапсыруы бойынша Ораз Жандосов Абдолла Розы-



бақиев, Юсуп Бабаев, Багаутдин Шагабутдинов, Мараз Масанчимен бірге 1920 жылдың жазында қазақтарды Қызыл Армияға тарту, ұлттық бөлімшелер жасақтау ісін белсене қолға алды.

1920 жылы июньде Верный қаласында кулак эсерлердің бүлігі бүрқ ете қалғанда Ораз Жандосов та Верный коммунистерімен бірге бүлікшілерге қарсы батыл күреске шықты. Түркстан майданының өкілі, үшінші Түркстан дивизиясының комиссары Дмитрий Фурманов өзінің «Бүліңшілік» атты әйгілі кітабында Ораз Жандосовты «тамаша қызметкер», қазақ халқының таңдаулы ұлы деп атады.

Ораз Жандосов кедейлер ұйымы — «Қосшы» одағын құрушылардың бірі. Ол «Қосшы» одағының Жетісу облыстық комитетінің, кейін Түркстан республикалық комитетінің председатели болып істеді. Жарлылар мен жалшыларды ұйымдастырып, біріктіру ісіне, оларды байлардың қанды шеңгелінен құтқарып алып, социализм құрылысына қатыстыруға елеулі үлес қосты. Түркстан Компартиясы Жетісу облыстық комитеті атқару бюросының 1921 жылғы 5 декабрьде берген мінздемесінде Ораз Жандосовтың «қазақ қызметкерлерінің ішіндегі ең бір феодалдық-патриархтық ортапын ықпалынан таза, әрі табанды, әрі теориялық әзірлігі бар партия қызметкері» екендігі атап көрсетіледі.

Жалғыз Жетісу ғана емес, бүкіл Түркстан республикасы коммунистерінің сеніміне ие болған Ораз Жандосов 1920 жылы Түркстан Компартиясының V съезінде, онан кейін де Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланады. Ал 1922 жылы оған үгіт және насихат бөлімін басқару тапсырылады.

Өздігінен оқып, білімін толықтыруды қанағат тұтпаған Ораз арнаулы жоғары білім алуды армандайды. 1923 жылы оның өтінішін ескеріп, Түркстан Компартиясының Орталық Комитеті Оразды Москва қаласындағы Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясына оқуға жіберді. Бірақ академияны бітіріп шығуға мүмкіндік болмады. Орта Азияда өткізілген ұлттық-территориялық бөлінуден кейін Қазақстан партия ұйымына тәжірибелі партия қызметкерлері қажет болды. Ораз Қазақстанға қайтып оралды.

Қайтып оралған соң ол Ұлы Октябрьден кейінгі ауылда болып жатқан жаңалық, өзгерістерді ғылыми тұрғыдан зерттеу ісіне араласады. Ораз Жандосов ауыл экономикасын зерттеу жөніндегі экспедицияны басқарады. Ауылды социалистік жолмен қайта құру жөнінде ірі-ірі шаралар белгілеуге республика партия ұйымдарына экспедиция материалдарының елеулі септігі тиді. 1925 жылдың күзінде болып өткен совет құрылысы жөніндегі Бүкіл қазақстандық бірінші кеңесте сөйлеген сөзінде Ораз Жандосов партияның ауылдық жердегі жеңістері мен жетістіктерін атап айтқан болатын. 1925 жылғы декабрьде болған V өлкелік партия конференциясында өлкелік партия комитетінің бюросы құрылды. Оның құрамына Голощекин, Жандосов, Исаев, Каширин, Нұрмақов, Тәтімбетов, Құрамысов, Арықова, тағы басқа жолдастар кірді. РКП(б)-нің Қазақстан өлкелік комитетінің I пленумында үш адамнан секретариат құрылып, соның біреуіне Ораз Жандосов сайланды.

Өлкедегі идеологиялық жұмысқа басшылық ету үшін ол өздігінен көп оқып, марксизм-ленинизм ілімін жете меңгеруге талпынады. Ораз Қиқым ұлы ауылды советтендіру, ұлттардың өзара қарым-қатынасы, еңбекшілерге интернационалдық тәрбие беру, республиканы өндіріш күштерін өркендету, партия құрылысы, үгіт және насихат мәселелерін, республиканы өркендетуге байланысты басқа да көптеген теориялық проблемалар мен практикалық мәселелерді көтереді. 1925 жылы «Советский Казахстан» журналында жарияланған «Ауылдағы совет құрылысының проблемалары» деген мақаласында ол қазақ еңбекшілерін социализм жолына түсірудің көкейтесті мәселелерін сөз етеді.

Жыл өткен сайын оның қызмет шеңбері де кеңейе түседі. Ораз шаршап-шалдығу дегенді білмейді. Бірде ол конференцияда «Қазақ және орыс кедейлерінің интернационалдық одағы» жайлы баяндама жасаса, енді бірде комсомол жұмысы жөнінде материалдар әзірлейді. Оны аяқтай беріп, өлкенің оқу орындарына оқушылар қабылдаудың қорытындысын қолға алады, әйтпесе партия қызметкерлерін оқытатын курстардың жұмысы туралы мәселемен шұғылданады. Қолы қалт етсе «Қосшы» одағын құруға Жетісу губерниясына командировкаға аттанады. Соның арасында ұлтаралық мәселелерді шешу жөніндегі комиссия жұмысын жүргізеді, үгіт-насихат жұмысы жөніндегі өлкелік кеңесте (24 июнь, 1927 ж.) баяндама жасайды. Енді бірде Октябрь мерекесіне арнап ұйғыр тілінде жинақ шығаруды, оның авторлар құрамына Брназаровты, Розыбақиевты, Тайыровты, Бакиевті енгізуді ұсынады. ВКП(б) Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлімі мен Қызыл профессура институты ректоратының алдына идеология майданының арнаулы білімі бар зиялы кадрларын даярлау жөнінде мәселе қояды.

Бұл Ораз өміріндегі бір жемісті кезең болатын. Өлкедегі идеологиялық жұмысты басқару кезінде оның саяси-тәрбие, мәдени-көпшілік істерін ұйымдастырудағы тамаша

шеберлігі мен дарыны айқын танылды. Жандосовтың тікелей қатысуымен республикада көшпелі ауылдың жай-жағдайына орай саяси оқудың жаңа формалары жасалды. Соның бірі — халық арасына кеңінен таралған көшпелі қызыл отаулар. Қазақстан өлкелік партия комитеті оны тікелей өз қамқорлығына алды.

Ораз Жандосов партияның сара жолынан ауытқығандарға, интеллигенттер мен жастар арасына сіңісіп алуға ұмтылған троцкийшілдерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы бітпес күрес жүргізді.

Орыс халқы мен басқа да бауырлас халықтардың Қазақстанға көрсеткен қалтқысыз көмегін, Коммунистік партияның жетекшілік ролін Ораз Жандосов әрдайым атап көрсетіп отырды. Қазақстан өлкелік VI партия конференциясында сөйлеген сөзінде ол Коммунистік партия Қазақстанда «аса зор беделге ие болды, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының партияға деген сенімі шексіз өсті, партия мұнда бірден-бір жетекші күшке айналды» деген еді.

Ораз Жандосов республикада оқу-ағарту ісін, әдебиет пен ғылымды дамытуға да өз үлесін қосты. Ол барлық ұлттардың жазушыларын жалпы қазақстандық одаққа біріктіріп, қазақ, орыс және басқа тілдерде әдеби-көркем альманах шығарып тұруды ұсынды.

1927 жылдың аяғында Ораз Жандосов оқу халық комиссары болып тағайындалды. Сол күннен бастап ол Оқу халық комиссариатындағы буржуазиялық ұлтшылдық ағымды жоюға, сөйтіп халық ағарту ісін жаңа сатыға көтеруге көп күш салды. «...Партия мен барлық совет жұртшылығының жәрдемісіз, — деп жазды ол өлкелік комитеттің бірінші секретарына, — ескіліктің самарқаулық сарыны ерекше сезілетін халыққа білім беру ісін социалистік жолмен қайта құра алмайтынымыз бесенеден белгілі...».

Республикада сауатсыздықты жою жолында жүргізілген маңызды науқанға ол да белсене араласты. Мәдени революцияның бұл негізгі саласында елеулі табысқа қол жетті. Ораздың ғылыми-ұйымдастыру, педагогика саласындағы жемісті еңбегі өз алдына бір төбе. Ол Қазақтың педагогика институтын ашу жөніндегі ұйымдастыру бюросының председателі болды. Ол — Қазақ ауыл шаруашылық институтының негізін қалаушылардың бірі, қазіргі тамаша кадрлар дүкені болып отырған сол институттың тұңғыш ректоры.

Мұнан соң ол қайтадан партия, совет қызметіне оралады. Кеген аудандық партия комитетінің секретары, кейін Алматы облыстық атқару комитетінің председателі болып істейді. Ораз Жандосов ауыл шаруашылығын коллективтендіру, бұл істегі солшылдық асыра сілтеушілікті жою, жергілікті көшпелі халықты отырықшыландыру саласында көптеген жұмыстар атқарады. Ол көшпелі, жартылай көшпелі аудандарда «бұқараны ұйымдастыруды алдымен коммунистердің өздері үйренуге тиіс», колхоздарда еңбекшілердің көп болуы керек деп білді. «Бұл ретте, — деп жазды ол, — ауылдық қоғамдық-саяси өмірдің ерекшелігін елемей, онан аттап кете беруге болмайды».

Ораз Жандосов — Қазақстан партия ұйымы басшыларының бірі. Оның өсіп жетілуіне, шыңдалуына кадрларды тәрбиелеудің лениндік әдісі, Түркістан мен Қазақстанға келген Лениннің сенімді шәкірттері, партиялық орта күшті ықпал жасады. Ораз елді индустрияландыруда, коллективтендіруде Коммунистік партияның барытын бұлжытпай жүргізді, республиканың табысына айрықша қуанды. «Қазақстан, — деп жазды ол, — қазір тек мал өсірген мешеуліктен социалистік ұлы өзгерістер кезеңіне бір-ақ секіріп отыр».

Қазақ республикасы мен Қазақстан партия ұйымы өсті, ұлт кадрлары жетілді, солардың ортасында Ораз Жандосов та өсті. Оның өмірі мен қызметін республика коммунистерінің басшылар армиясының қызметінен бөле-жара қарау қате болар еді. Ораз қайда жүрсе де өзінің ерен еңбегі мен адамға деген аялы қамқорлығының арқасында қалың көпшіліктің сый-құрметіне бөленіп, ерекше беделге ие болды. Жұрт оны «қажуды, қаймығуды білмейтін біздің Ораз» деп мақтанышпен атайтын.

Ораз Жандосов өзі туған өлкесінің, өз республикасының экономикасы дамыған, мәдениеті гүлденген іргелі ел болуын арман еткен еді. Сол Қазақстан бұл күндері бауырлас СССР халықтарының бақытты семьясында ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алуға қызу әзірленіп жатыр. Қазақстан еңбекшілерінің советтік жолға түсіп, лениндік ілімнің нұр шұрыласына бөленгелі жарты ғасырға жуық уақыт өтіп барады. Бұл елу жылдық та — торқалы той, мүшелді кезең. Өндірісі өрлеп, шаруашылығы шалқыған, мәдениеті мен өнері гүлденген, ғылымы кең құлаш жайған Қазақстанда Ораз Жандосовтың жайсаң өмірінің, адал еңбегінің мәңгі өшпес ізі бар. Оның аяулы есімі әрқашан ел есінде сақталмақ.

## ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ КЕҢ ӨРІСІ

Адамзат тарихындағы тұңғыш социалистік мемлекеттің іргесін қалаған, данышпан теоретик, асқан кемеңгер көсеміміз В. И. Лениннің барлық ғылымның жай-күйі мен даму бағдарын жетік білгені мәлім. Владимир Ильич Совет өкіметі орнаған күндерден бастап біздің болашағымыз үшін аса қажетті ғылым салаларын өркендетуге зор қамқорлық жасап отырды. В. И. Лениннің ерекше назар аударған ғылымының бірі — химия ғылымы.

В. И. Ленин өзінің философиялық еңбектерінде химия ғылымы жайында, экономика мәселелеріне арналған шығармаларында химия өнеркәсібін өркендету турасында арнайы сөз етеді. Химия — диалектикалық материализмнің табиғи-ғылыми негіздерінің бірі. Сондықтан да ол құбылыстардың біте қайнасқан байланысын, қарым-қатынасы мен сабақтастығын, сол секілді санның сапаға айналуын жан-жақты талдап, материалистік диалектиканың одан әрі дамуы үшін нақты деректер береді.

В. И. Ленин идеалистер мен метафизиктерге қарсы күресте химияның соңғы жаңалықтарын барынша пайдалана білді. Владимир Ильич өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» атты данышпандық шығармасында материяның бірінші, ал сананың екінші екені жөнінде тамаша дәлелдер келтіреді.

Қоғамның экономикалық базисінің қарыштап дамуына әрқашан да өндіргіш күштер тікелей әсер етеді. Социализм тұсында ғылым ерекше дамып, тікелей өндіргіш күшке айналып отыр. Елімізде коммунистік құрылыс кеңінен өрістеген сайын ғылымның ролі де мейлінше өсе бермек. Мұның өзі табиғи нәрсе. Өйткені коммунизм тек озық ғылым негізінде, ғылым мен техниканың жетістіктерін өндіріске кеңінен енгізу арқылы орнатылады.

Ғылыми коммунизмнің, диалектикалық материализмнің, материалистік саяси экономияның негізін жасаған данышпан ғалым, ұлы революционер Карл Маркс адамзат химиялық методтар мен реакцияларды толық меңгергенде ғана механикалық өңдеу жұмыстары химиялық әдістерге жол беретін болады деп көрсеткен еді. Ол химиялық процестердің техниканың сан алуан саласындағы қоғамдық еңбектің өнімділігін арттырудағы орасан зор маңызын айта келіп: «Машиналарды, химиялық процестерді, тағы басқа тәсілдерді енгізу арқылы ірі өнеркәсіп өндірісін техникалық базисінде, ал сонымен бірге жұмысшылардың атқаратын функциялары мен еңбек процесінің қоғамдық комбинацияларында да үнемі төңкеріс жасап отырады» («Капитал», I том, 497-бет) деген болатын.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында химия өндірісінің өте нашар дамығанына қарамастан В. И. Ленин химия өнеркәсібін ауыр индустрия-

ның негізгі саласының біріне жатқызды. Сөйтіп ол химия өнеркәсібін дамытуға ерекше көңіл бөлді. Мәселен, ол өзінің «Россияда капитализмнің дамуы» атты еңбегінде химия өнеркәсібін дамытудың әлеуметтік-экономикалық жағына ерекше зейін қойды. Бұл еңбегінде Ленин патшалық Россиядағы химия өнеркәсібінің жаратылысы мен мәнін, ал «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» деген шығармасында Германияда және басқа елдерде химия өнеркәсібінің жоғары дәрежеде топтасуының, шоғырлануының себептерін ашып көрсетті.

Владимир Ильич өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабын жазар алдында Лондонның, Париждің, Женеваның кітапханаларында болып, физика мен химияның соңғы жаңалықтарын аса зор зейін қойып зерттеді. Мысалы, сол жылдары В. И. Ленин физика мен химия саласынан У. Рамсей, В. Оствальд, Дж. Томсон, Ю. Либих, П. Ланжевен, Б. Больцман, М. Фарадей сияқты аса көрнекті ғалымдардың еңбектерімен жете танысады. А. Беккерель, Р. Бойль, В. Вернадский, Г. Кирхгоф, А. Лавуазье, Г. Лоренц, Р. Мейер, М. Планк, А. Эйнштейн, В. Энгельгард сияқты белгілі ғалымдардың еңбектерімен де Владимир Ильичтің әбден таныс болғанын өзінің шығармаларынан айқын аңғаруға болады. Ленин осы аталған ғалымдардың еңбектерін талдап, өте тамаша қорытынды жасап отырды. Мәселен, ол материяның құрамы мен химиялық байланыстың мәнін зерттей келіп: «Химиядағы тектестік электр процестері екені күн санап айқындалып келеді. Дүниенің бірлігін бейнебір келеке қылғандай-ақ, химияның бұзылмайтын, бөлшектенбейтін, бірден-бірге көбейіп келе жатқан элементтері бұзылатын және бөлшектенетін болып шықты. Радий элементі гелий элементіне айналдырылды» (Шығармалар, 14-том, 272-бет) деп жазды.

Э. Резерфорд, Ф. Содди, У. Рамсей сияқты ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, В. И. Ленин 1903 жылы философтар арасында тұңғыш рет радиоактивтілік дегеніміз бір химиялық элементтің екінші бір химиялық элементке айналуы екенін дәлелдеп көрсетті.

1908 жылы В. И. Ленин химиялық және физикалық құбылыстар арасында өзара біртұтас байланыс барлығын дәлелдесе, ал содан сегіз жыл өткен соң ғана Г. Н. Льюис химиялық байланыстың электрондық теориясын ашты. Органикалық химияның әртүрлі қосындылар беретін қабілетін ескере келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Ғылымның басқа тарауларының бәріндегідей, дүние тану теориясында да диалектикалық жолмен пайымдау керек, яғни біздің дүние тануымызды даяр тұрған және өзгермейтін нәрсе деп ойламау керек, қайта *білмеушіліктен білушілік* қалай туатынын, толық емес, айқын емес білімнің қалайынша толығырақ, айқынырақ білімге айналатынын тексеру керек. Адамның дүние тануы білмеушіліктен туып өседі деген көзқарасты қуаттағаннан кейін, сіз тас көмірдің майынан ализариннің табылуы сияқты қарапайым миллиондаған мысалдарды көресіз, тек ғылым мен техниканың тарихындағы миллиондаған байқаулар ғана емес, барлық және әрбір адамның күнбе-күнгі тұрмысындағы миллиондаған байқаулар адамға: «өзіндік заттың» «біздік затқа» айналатынын... көрсетеді» (Шығармалар, 14-том, 103—104-беттер).

В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ коммунизм орнатудың келешек жоспарларын жасағаны мәлім. Сол жоспарларда да кеменгер көсеміміз химия өнеркәсібін дамытуға арнайы көңіл бөліп, қамқорлық жасады, әкелік ақыл айтты.

В. И. Ленин И. Губкин бастаған бір топ инженерлердің сланецтен көптеген пайдалы химиялық өнімдер алғанын сүйсіне жазып, олардың құнды ұсыныстарын қуаттады. Оларды Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтауды және оларға ақшалай сыйлық беруді талап етті. Ұлы көсем сланецті пайдаланудың экономикалық маңызын сол кездің өзінде-ақ асқан кеменгерлікпен болжай білді. Қазіргі кезде бізде сланец қуатымен жұмыс істейтін аса ірі Прибалтика электр станциясы бар. Ал Эстония

мен Ленинград облысындағы сланецті қайта өңдейтін қуатты комбинаттар одан әртүрлі еріткіштер, пластификаторлар, улы химикаттар, антисептиктер тәрізді көптеген бағалы химиялық өнімдер шығарып, халық шаруашылығына миллиондаған сом пайда келтіріп отыр.

В. И. Ленин химия ғылымының практика жүзінде қолданылуына да ерекше мән берді. Владимир Ильич революцияға дейін Д. И. Менделеевтің ұлы жаңалығының (көмірді жер астында газдандырудың) маңызы елеулі екенін ескеріп, бұл әдісті тек социализм тұсында ғана толық жүзеге асыруға болатынын совет ғалымдарының есіне салып, оны аса зор техникалық революция деп бағалады.

Ұлы көсемнің өзі жазған еңбектерін, қол қойып бекіткен документтерін және сонымен қатар Г. М. Кржижановский, И. И. Радченко, И. М. Губкин, Л. Б. Красин секілді жолдастардың естеліктерін оқығанда Владимир Ильичтің көмір мен мұнай өндіруге, шымтезек пен сланецті қайта өңдеуге, тамақ тағамдарын синтетикалық өнімдерге алмастыруға, хлорды өңдеуге, металды цементпен ауыстыруға, тыңайтқыштарды көптеп шығаруға ерекше ден қойғанын көреміз. Сол секілді ол бүлінген заводтарды қалпына келтіруге, Қарабұғаз, Урал, Закавказьенің табиғат байлықтарын пайдалануға, химия өнеркәсібін жедел ілгері дамытуға үнемі қамқорлық жасап отырды.

Химия өнеркәсібінің шикізат қорын іздеп табуға да В. И. Ленин ерекше көңіл бөлді. Мәселен, ол Қарабұғаз шығанағынан глаубер тұзын өндіру проблемасына зор мән беріп, 1919 жылы Қарабұғаз жөнінде арнаулы комитет құрып, оны басқаруды академик Н. С. Курнаковқа тапсырды. Ал 1920 жылы академик Ферсман басқарған Хибин апатит кенін зерттейтін арнаулы комиссия құрылды. В. И. Лениннің ұйғаруы бойынша П. П. Лазарев, А. Н. Крылов, И. М. Губкин сынды академиктердің тікелей қатысуымен Курск магнит аномалиясын жан-жақты зерттеу жұмысы басталды.

Ұлы Октябрьдің шұғылалы аясында, Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының жүзеге асуы нәтижесінде Советтік Қазақстан керемет табыстарға жетті. Қазір ол экономикасы, ғылымы мен мәдениеті гүлденген қуатты республика болып отыр. Бүгінгі Қазақстан — еліміздегі түсті металлургияның, көмір өнеркәсібінің, астық шаруашылығы мен мал шаруашылығының аса маңызды базасы. Өнеркәсіптің жалпы өнімі жөнінде елімізде үшінші орын, қорғасын өндіру жөнінде Одақта бірінші орын, мыс, мырыш, жүн өндіру жөнінде екінші орын, көмір, электр қуатын, астық, ет өндіру жөнінде үшінші орын — еліміздің халық шаруашылығының жалпы балансында Қазақстанның үлесі міне осындай.

Республикамыз химия алыптарының ордасына айналды. Қазіргі кезде Қазақстанның бес облысында аты Отанымыздың шар тарабына әйгілі ірі-ірі химия кәсіпорындары бар. Бүгінде химия өнеркәсібінің өнімі қолданылмайтын халық шаруашылығының бірде-бір саласы жоқ. Осы заманғы химия — табиғатта сирек кездесетін жоғары сапалы да арзан заттардың молшылығы, сарқылмас байлық көзі.

Химия өнеркәсібін өркендету үшін бізде табиғат байлығы ұшан-теңіз. Коммунистік партия мен Совет үкіметі бұл байлықты игеруге ерекше назар аударып келеді. Орыстың ұлы ғалымы Д. И. Менделеев жасаған периодтық системадағы 101 элементтің 60-тан астамы Қазақстан жерінен табылып отыр. Осыған орай республикамызда химия өнеркәсібі жедел қарқынмен дамуда. Химия өнеркәсібін өркендетіп, соның негізінде халық шаруашылығының салаларын шұғыл химияландыра беру — бүгінгі таңдағы басты міндеттің бірі.

Химия өнеркәсібін өркендетуде республикамыздың басқа облыстары секілді Ленин орденді Шымкент облысына да ерекше мән беріліп, қыруар қаржы жұмсалуда. Оңтүстіктің табиғат байлығы да мол. Сондықтан мұнда химия өнеркәсібінің жедел дамуы заңды да. Бұл өлкеде Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін химия өнеркәсібі атаулыдан тек

Шымкент сантонин (дермене) заводы ғана мәлім болған-ды. Ол өткен ғасырда салынған. 1864—1866 жылдары Қоқан хандығының ірі қалалары Ташкент пен Шымкент Россияға қосылған соң, мұнда орыс көпестері мен кәсіпкерлері келе бастады. 1880 жылға дейін бұрынғы Түркстан өлкесінде небәрі 21 ұсақ кәсіпорын болса, ал 1880—1890 жылдар арасында 63 өндіріс орны пайда болды. Шымкент сантонин заводы көп жылдан кейін Түркстан өлкесіндегі ең ірі кәсіпорынға айналды. Оны салуға осында өсетін табиғи өсімдік дермененің мол қоры себепші болды. Дермененің дәнінен баралы өнім — сантонин алынды. 1882 жылы Н. И. Иванов деген орыс көпесі сол кездегі Түркстан генерал-губернаторы М. Г. Черняевтің атына арнаулы хат жазып, одан сантонин заводын салуға рұқсат сұрады. Осы хатында ол заводтың қыруар пайда келтіретінін ерекше ескертті.

1883 жылы Шымкент сантонин заводы салынды. Оның құрал-жабдықтары шетелден әкелінді. Жабдықтар Орынборға дейін темір жолмен, одан Шымкентке дейін түйе керуенімен жеткізілді. Завод өзінің алғашқы өнімін — 189 пұт сантонинді 1885 жылдың күзінде шығарды. Кәсіпорынға керекті көмір Ленгирден түйемен тасылды. Өндіріске аса қажетті күкірт және тұз қышқылдарын өндіруде көп қиыншылықтар кездесті. Ал спиртті жергілікті шарап заводтары жеткізді. Заводта небәрі 70 жұмысшы істеді. Завод шығарған сантонин түгелдей дерлік шетелге жөнелтілді. Патшалық Россия өзіне арнап бар болғаны 2—3 пұт қана сантонин қалдырушы еді. Сантонин сатқан байлар мен көпестер мол пайдаға кенелді. Өйткені сол кездің өзінде-ақ бұл өнім дүние жүзінде өте сирек кездесетін-ді.

Совет өкіметі жылдарында бұл өндіріс аса ірі химия-фармацевтика заводына айналды. Сөйтіп ол Қазақстан химиясының тұңғышы болды. Совет өкіметінің алғашқы күндерінен-ақ заводқа ерекше назар аударылды. Мәселен, 1918 жылдың басында завод мемлекет қарамағына өтті. Ал 1921 жылы ұлы көсеміміз В. И. Ленин қол қойған «Шымкент сантонин заводын басқаруды ұйымдастыру туралы» арнаулы декрет шықты.

Бірінші және екінші бесжылдықтар кезінде Шымкентте Совет Одағындағы ең ірі қорғасын алыбы салынды. Сол жылдары химия-фармацевтика заводы қайта жабдықталды. Өткен жетіжылдықта завод түгелдей қайта құрылды. Осы заманғы техникамен жарактандырылған завод қазір еліміздегі өсімдік шикізатын өңдейтін ең ірі кәсіпорын болып отыр. Завод бұл күндері 30-дан астам дәрі-дәрмек түрлерін өндіреді.

Заводтың өндірістік қуаты жылдан-жылға өсіп келеді. Мәселен, 1920 жылмен салыстырғанда өнім шығару 1966 жылы бірнеше есе өсті. 1925 жылы заводта істейтін жұмысшылар саны 61 адам болса, өткен жылы олардың саны едәуір көбейді. Шымкент химия-фармацевтика заводының өнімі қазір дүние жүзіне белгілі. Заводтың кең де жарық өндірістік корпусы анадайдан көз тартады. Онда істейтін мамандар мен жұмысшылар қазір морфин мен оның туындыларын алудың озат технологиясын игеруде. Сөйтіп, завод шығаратын өнімдерге деген сұранысты толық қамтамасыз ету міндеті алға қойылып отыр.

Шымкентте жана бесжылдықтың тұңғышы, химия алыбы — фосфор тұздары заводының бірінші кезегі іске қосылды. Еліміздің өнеркәсіп орындары Қазақстанның тұңғыш фосфорын ала бастады. Завод фосфор, оның қышқылын, тұздарын, жемдік фосфат, тағы басқа көптеген химия өнімдерін өндіруде. Мұндағы электр-термикалық пештерде фосфор, соның негізінде термикалық фосфор қышқылын, натрийдің триполи-фосфатын, мырыштың фосфидін, фосфор тұздарын алу итерілді. Фосфор тұздары заводы тек Совет Одағында ғана емес, Европада да ең ірі кәсіпорындардың бірі. Ол шығаратын жәй фосфор еліміздің түкпір-түкпіріндегі кәсіпорындарға жеткізіліп, минералдық тыңайтқыштар алу үшін

жұмсалуда. Сөйтіп Оңтүстік Қазақстан Совет Одағының негізгі фосфор базасына айналып отыр. Заводтың қазіргі қарышты қадамы қуанарлық.

Соңғы уақытқа дейін қорғасын заводындағы агломерация цехынан шығатын күкіртті газдар пайдаға асырылмай келген-ді. Күкірт қышқылы цехының іске қосылуы облыс химия өнеркәсібін одан әрі өркендетуге үлкен септігін тигізді. Біздің облыста резина-асбест комбинатының құрылысы басталды. Оның құрамына шина, техникалық резина бұйымдары, релин мен құрылыс материалдарын өндіретін регенератор заводтары кіреді. Осы комбинат шығаратын өнім Орта Азия республикалары мен Қазақстанның қажетін толық өтейтін уақыт та алыс емес. Шымкент мұнай айыру заводы іске қосылған соң, оның өнімдері негізінде бірнеше кәсіпорындар жұмыс істейтін болады.

Ұлы көсеміміздің өсиеттері мен нұсқауларын жүзеге асыра отырып, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын тез жасау мақсатымен Коммунистік партия мен Совет үкіметі химия өнеркәсібін өркендетуге бағытталған аса маңызды шешімдер қабылдап, елеулі шаралар белгілеп келеді. Химия өндірісін өскелең талапқа сай өркендету біздің ұшан-теңіз табиғи байлығымызды неғұрлым тиімді пайдалануға, техниканы үздіксіз жетілдіруге мүмкіндік береді.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, облыс еңбеккерлері химия өнеркәсібін дамытуда біраз жұмыстар істеді. Олар қазір ұлы Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне қабылдаған көтеріңкі міндеттемелерін ойдағыдай орындауда.

Партияның XXIII съезінің шешімдеріне сәйкес республикамызда химия өнеркәсібі жедел өркендеуде. Үстіміздегі бесжылдықтың аяғында химия өнімдерін шығару екі есе артпақ.

Кемеңгер көсеміміз В. И. Лениннің химия ғылымы мен химия өнеркәсібін дамытуға жасаған қамқорлығы арқасында осындай табыстарға қол жетіп отыр. Химия өнеркәсібін шапшаң өркендету жөніндегі көсем өсиеттері бұдан былай да осылайша жүзеге аса бермек.

КПСС Орталық Комитетінің 1968 жылғы октябрь Пленумы ауыл шаруашылығын одан әрі қарай дамыту, оның ішінде әсіресе астық өндіруді барынша молайту міндетін алға қойды. Ауыл шаруашылық өндірісінің қарқынын арттыруда химия өнімдерін көп қолданудың маңызы өте-мөте зор. Осыған орай қазіргі кезде минералдық тыңайтқыштарды шығару ұлғайтылуда. Елімізде минералдық тыңайтқыштарды өндірудің қуатын 1969—1972 жылдардың ішінде 47 миллион тоннадан 95 миллион тоннаға жеткізу көзделіп отыр. Сондай-ақ тыңайтқыштардың сапасы жақсартылмақ. Мұның өзі, түптеп келгенде, астық өндіруді мықтап арттырудың кепілі.

Құллі совет халқы секілді республика еңбекшілері де өздерінің барлық күш-жігерін бесжылдықты мерзімінен бұрын орындауға жұмсамақ.

С. САРТАЕВ.

# Қазақстанның мол астығы үшін

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1968 жылғы октябрь Пленумы ауыл шаруашылығын күрт өрге бастыру, оның ішінде астық өндіруді барынша молайту міндетін алға қойды. Мұның өзі түсінікті де. Өйткені біздің қоғамымыздың алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық міндетті ойдағыдай шешудің негізгі шарты — материалдық өндірістің маңызды саласы ауыл шаруашылығын үздіксіз өркендете беру.

Республика еңбеккерлері октябрь Пленумының шешімдерін басшылыққа ала отырып, үстіміздегі бесжылдықтың төртінші жылында жана жеңістерге жету үшін социалистік жарысты өрістете түсуде. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IX пленумы атап көрсеткендей, бесжылдықтың қалған жылдарында астықтың жалпы түсімін 22—22,5 миллион тоннаға жеткізу үшін республика бойынша соңғы бес жылда орта есеппен әр гектардан алынған 7,7 центнердің орнына 10 центнерден өнім жинау керек.

Мұның өзі өте қиын әрі жауапты міндет. Сондықтан республика партия ұйымдары осы міндетті абыроймен орындап шығу үшін қажырлы күрес жүргізуде. Қазіргі кезде мемлекетке астық сату жөніндегі тапсырманы асыра орындау мақсатында егіс көлемін едәуір ұлғайтуды, астықтың өнімін барынша арттыруды көздеген шаралар жүзеге асырылуда. Қолда бар, бірақ бұрын пайдаланылмап келген резервтерді іске қосудың мүмкіндіктері қарастырылуда.

Егіншілік мәдениетін көтеріп, ауыспалы егісті игеру негізінде, топырақты өңдеудің жаңа технологиясын кеңінен енгізу арқылы биыл республикада дәнді дақылдардың, оның ішінде аса бағалы дақыл бидайдың егіс көлемін көбейту күн тәртібіне қойылды. Облыстық партия комитеттерінің таяуда болып өткен пленумдары мен партия активтерінің жиналыстарында, сол секілді шаруашылықтардағы коммунистердің жиналыстарында бұл мәселе егжей-тегжейлі талқыланып, жаңадан көтерілген межелер белгіленді.

Егіннің шығымдылығын арттырып, астық өндіруді молайту — бүгінгі таңдағы басты міндет. Сондықтан да облыстық партия комитеттерінің пленумдары мен партия активтері егіс көлемін ұлғайтуға, әсіресе бидай егісін көбейтуге ерекше көңіл бөлді. Мемлекетке астық сатудың бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін мұның маңызы ерекше.

Егіс көлемін қосымша ұлғайтып, астық өнімін молайтуда тың өңіріне орналасқан облыстарға жүктелетін міндет ерекше. Өйткені негізгі өнім республикамыздың солтүстік облыстарындағы алтын дән алқабынан алынады. Мұны тың игерген облыстардың партия ұйымдары өте жақсы біледі.

Жоспардан тыс 500 мың гектарға дәнді дақыл егуді белгілеген Қостанай облысының шаруашылықтары дәл осы бағытта жұмыс жүргізіп отыр. Осы облыстың Қомсомол, Бурабай секілді астықты аудандарының шаруашылықтары өз мүмкіндіктерін қайта қарап, әр аудан жоспардан тыс 18 мыңнан 30 мың гектарға дейін егін егуді ұйғарды.

Целиноград облыстық партия комитетінің пленумында қос мерекені татымды тартулармен қарсы алуға жұмылған облыс еңбеккерлерінің биыл Отан қоймасына 175 миллион пұт, оның ішінде жоспардан тыс 45 миллион пұт астық құюға бел байлағаны айтылды.

Қостанай, Целиноград сияқты облыстардың үздік үлгісі бойынша Қөкшетау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды секілді көршілес облыстар да өз міндеттемелерін қайта қарап, өздерінің биыл шығар жаңа биік белесін белгіледі. Қөкшетау, Семей, Алматы, Шымкент, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстық партия комитеттерінің пленумдары, Орал, Ақтөбе облыстары партия активтерінің жиналыстары да егіс көлемін ұлғайту жөнінде нақты шешімдер қабылдады.

Егіс көлемін ұлғайтып, астық өнімін арттыруға бағытталған шараларды қараған партия комитеттерінің пленумдары мен партия активтері барлық облыстарда өткізілді.

Республика шаруашылықтарында биыл жоспардан тыс 2 миллион гектар дәнді дақыл егіліп, жалпы егіс көлемі 24,2 миллион гектарға жеткізілгелі отыр. Бұл — үлкен асу, өрелі іс.

Ендігі парыз осы жаңа міндеттемелерді абыроймен орындап шығуды ұйымдастыруда. Ол үшін республика партия ұйымдарынан асқан шеберлік, үлкен ұйымдастыру-саяси жұмысын жүзеге асыру талап етіледі.



# Бүгінгі күннің тыныстары

## ТАБЫС ҰЙТҚЫСЫ

Облыс өнеркәсіп орындары ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы мерекесіне лайықты тартулармен бару үшін көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған болатын. Сонан бері бірсыпыра уақыт өтті. Не тындырылды, не елеусіз жатыр? Партия ұйымдары жаңаның жаршысы болып келе ме? Өндіріс коллективтері арасындағы саяси-көпшілік жұмыстарының жай-жағдайы қандай? Жақында болып өткен Орал облыстық партия комитетінің бюросы осы мәселені арнайы талқылады.

Бюрода ұлы мерекені табыспен қарсы алу үшін өнеркәсіп орындарының коллективтері социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырғандығы айрықша атап көрсетілді. Мұнда жарыс қорытындысы ай сайын шығарылады, жүлделі орынға ие болған цехтар мен бригадаларға ауыспалы Қызыл Ту тапсырылып, ақшалай сыйлықтар беріледі.

Кәсіпорындардың коммунистері үнемшілдік пен ұқыпшылық күресінің ұйтқысы бола білген. Әсіресе жеңіл өнеркәсіп, тамақ, ет-сүт және жергілікті өнеркәсіп орындарының коллективтері өткен жылы шамамен алғанда 700 мың сомдық шикізат материалдарын, жұмыс күшін, отын мен электр қуатын үнемдеді. Өндіріске жаңа техниканы енгізуден және еңбекті ғылыми негізде ұйымдастырудан түскен пайданың мөлшері 1297 мың сом болды. Рационализаторлар мен өнер тапқыштар жасаған 247 ұсыныс өндіріске енгізілді. Соның нәтижесінде 572 мың сом пайда келтірілді.

Облыстық комитеттің бюросы кеменгер көсемнің мүшелді мерекесін лайықты табыстармен қарсы алуға байланысты нақты шаралар белгіледі.

## ЖАРЫС ЖАЛЫНЫ

«Ленинуголь» тресіне қарасты № 47 шахта коллективі былтыр жылдық жоспарды асыра орындап, Отанға жоспардан тыс 50 мың тонна көмір берді. Кәсіпорының барлық учаскелері мен бригадалары өндірістік тапсырмамен қатар еңбек өнімділігін арттыру, көмір өндіретін комбайндарды пайдалану, өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі міндеттемелерін де абыроймен орындап шықты. Бұл істе шахтаның партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары ұйтқы болды. Олар кеншілер арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетті. Озаттар тәжірибесін таратып, ұқыптылық, үнемшілдік жолындағы күреске мұрындық болды.

## СЕКРЕТАРЬЛАР СЕМИНАРЫ

Қарағанды облыстық партия комитеті совхоз бастауыш партия ұйымдары секретарьларының екі күндік семинарын өткізді.

Семинарға қатысушылар КПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумының (1968 ж.) шешімдеріне байланысты совхоз бастауыш партия ұйымдарының ұйымдастырушылық және саяси жұмыстары жайлы, партияның ішкі демократиясын сақтау және коммунистерді КПСС Уставын бұлжытпай орындау рухында тәрбиелеу жөніндегі бастауыш партия ұйымдарының жұмысы жайлы, совхоздардың басшы кадрларын іріктеп алу, оларды дұрыс орналастыру міндеттері жайлы, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы күнін қарсы алуға әзірлікке байланысты халық арасындағы идеологиялық жұмысты күшейту жайлы баяндамалар тыңдады.

Секретарьлар өзара тәжірибе алмасты. Нұра ауданы, Чкалов атындағы совхоз партия комитетінің секретары Х. Мусин жолдас жиналғандарға цех партия ұйымдары мен партия топтарының жұмысы жайлы айтып берді. Ал Тельман ауданы, «Ленинский» совхозының партком секретары А. Шварцкопф жолдас ұйым қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылау, тексеру тәжірибесін ортаға салды.

## ОЗАТ ТӘЖІРИБЕ — КӨПКЕ ОРТАҚ

Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті «Чистовский» совхозының сауыншысы Екатерина Федоровна Громованың тәжірибесін жинақтап, бюрода қарады. Өткен жылы ол өзіне бекітіліп берілген 34 сиырды механизм көмегімен сауып, әрбір сиырдан 3302 килограмм сүт алды, мемлекетке 104 тонна сүт тапсырды. Еңбекке асқан саналылықпен, жауапкершілікпен қарайтын, жанашыл жан Е. Ф. Громова 32 жылдан бері совхозда сауыншы болып істейді. Осы жылдар ішінде ол 1870 тонна сүт сауды. «Сиырдың сүті — тілінде» дегенді ол бір сәт жадынан шығармайды. Сондықтан да малды бағып-күтуге ерекше көңіл бөледі. Оның қарамағындағы әрбір сиырдың белгілі рационы бар.

Облыстық партия комитетінің бюросы сауыншы Е. Ф. Громованың озат тәжірибесін қолдап, оны кеңінен таратуды партия ұйымдары мен ауыл шаруашылығы органдарына тапсырды.

# Облыстық газеттерден

В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесіне орай көптеген облыстық газеттер тақырыптық беттерді, подборкаларды, рубрикаларды жиі бере бастады. Бұларда Ильич ақыл-ойының парасаты, Ленин идеяларының нұрлы шапағаты, ленинизмнің тамаша салтанаты, лениндік вахтаға тұрған өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің табыстары сөз болады.

## ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЛЕНИНДІК ДОСТЫҒЫ

Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газеті өзінің биылғы 5 марттағы номерін түгелдей лениндік ұлт саясатының тамаша салтанатына, еліміз халықтарының туысқандық достығына арнады. Ол Қазақстан КП облыстық комитетінің секретары Ә. Шманов жолдастың «Интернационализм — біздің туымыз» деген көлемді мақаласымен ашылды. Газеттің ішкі екі беті Солтүстік Қазақстан облысын мекендейтін әртүрлі ұлт өкілдерінің тату, тәтті достық сырын шертеді. «Ерікті ел — армян, қазақ, тәжік, қырғыз, бас қосты алпыс ұлт — жайнады жүз» деген Жамбыл өлеңінің жолдары — бұл беттердің жалпы бас тақырыбы.

«Тар жол, тайғақ кешуде», «Бауырым, Иван, бармысың?...» деген материалдарда Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінде шыңдалған жауынгерлік достықтың мысалдары көп. Еңбек ардагері С. Тұралин «Тындағы туысқандар» деген мақаласында: «Маған тың және тыңайған жерлерді игеру еліміздегі халықтар достығының биік бір белесі тәрізді көрінеді. Біздің Солтүстік Қазақстан облысында тың игерілгенге дейін пайдаланылмай бос жатқан жүз мыңдаған гектар жер болатын. Қазір бұл жерлерге Жамбыл, Докучаев, Тимирязев, Богдан Хмельницкий атындағы, «Украин», «Ишим» совхоздары орнады. Сөйтіп кешегі құлазыған далада бүгін сәнді поселкелер орнап, орыстар, қазақтар, украиндар, армяндар, грузиндер ұйымшылдықпен еңбек етеді» деп жазады. Ал инженер В. Кочемировский «Ынтымақ пен бірлік жемісі» деген мақаласында Петропавл қаласындағы кәсіпорындардың лениндік еңбек вахтасына тұрып, өндірістік зор табыстарға жеткенін, ал мұның өзі әр ұлт жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің ынтымақ, бірлігінен туған жеміс екенін әңгімелейді.

Қаладағы № 2 мектеп-интернаттың пионерлері Украин, Грузия, Эстон, Өзбек республикаларының оқушыларымен хат жазысып, хат алысып тұрады. Міне бұл жөнінде мұғалім Ғ. Қадірәлин қызық-қызық фактілер келтіреді. Соңғы жылдары Н. Погодин атындағы облыстық орыс драма театрында бір жақсы дәстүр қалыптасты. Ол — қазақ драматургтерінің шығармаларын сахнаға шығару. Мәселен, бұл театрда Сәбит Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», Әбділдә Тәжібаевтың «Той боларда» пьесалары қойылды. Міне осы спектакльдерге қазақ артистерінің, әсіресе Қазақ ССР Халық артисткасы Шолпан Жандарбекованың ақыл, көмегін артистка Т. Артюхова шын пейілмен айтып берген. «Ленин туының» осы номердегі «Сіз достықты қалай түсінесіз?» деген интервьюі де, достық туралы мақал-мәтелдері де сәтті.

## ИЛЬИЧ НҰСҚАҒАН ЖОЛМЕН

Данышпан көсемнің туғанына 100 жыл толу мерекесі құрметіндегі социалистік жарысты Ақтөбе облысында бірінші болып бастаған ферросплав заводы. Облыстық «Коммунизм жолы» газеті Ұлы Октябрдің 50 жылдығы атындағы ферросплав заводының өз міндеттемелерін қалай орындап жатқанын «Ленин сөзі — ұранымыз, Ленин өсиеті — мұраты-

мыз» деген арнаулы бетте жан-жақты көрсетті. Завод партия комитетінің секретары Н. Локтевтің, шихта дайындау цехының бастығы Б. Ержановтың мақалаларында Ақтөбе металлургтерінің мереке алдындағы қажырлы еңбегі сарапқа салынады.

Осы бетте «Ленин орденділер сөйлейді» деген рубрикамен әйгілі металлургтер Смағұл Үкібаевтың, Тамара Кондратьеваның, Семен Дроновтың мақалалары жарияланған. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген металлургі, № 1 цехтың пеш бригадирі Смағұл Үкібаев өзінің «Жауапкершілік жүктейді» деген мақаласында былай дейді: «Ширек ғасыр металлург болып істеп келемін. Осы жылдар ішінде өндірістік және партия жиналыстарында өнімнің өзіндік құнын арзандату, пайдаланылмай жатқан резервтерді іске қосу, үнемшілдік жөнінде талай рет ұсыныс жасадым. Атап айтқанда пештерді қайтадан жабдықтау әдісін енгізуден бытыр еңбек өнімділігі 10 процент артты».

Ақтөбе облысында да ұлы көсем есімімен аталатын бірнеше колхоз бен совхоз бар. «Коммунизм жолы» газеті осы шаруашылықтардың кешегісі мен бүгінгісін, болашағын көрсететін материалдар бере бастады. Сондай материалдардың бірі — «Ұлы көсем нұсқаған жолмен» деген мақала Мартөк ауданының Ленин атындағы колхозының өсу, өркендеу белесіне, маңдай алды адамдарына арналған.

### ЛЕНИН ОРДЕНДІ ӨРЕНДЕР

Семей облыстық «Семей таңы», Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газеттері Отанымыздың ең жоғары награды — Ленин орденін таққан еңбеккерлер жайлы очерктер, суреттемелер жариялап келеді. Мәселен, биылғы март айындағы бір номерінде «Семей таңы» «Ленин орденді өрендер» деген рубрикамен «Тұлпар тұяғы» деген суреттеме басты. Онда Абай ауданындағы «Қайнар» совхозының озат жылқышысы Амантай Төлеуғазиннің еңбек жолы, биылғы қытымыр қыстан қоғам малын шетінетпей, аман алып шыққаны айтылды. Суреттемеде мынадай елес бар: «Осы «Қайнар» совхозының атакты жылқышысы Кәрібай Омаров Амантайдың жылқы дегенде құрақ ұшатынын, өз ісіне бекем екенін саралай келіп, көмекші бала етіп алған еді. Содан екі-үш жыл бар тәжірибесін, ақыл-кеңесін оның жүрегіне құйып, балалап баулыған қырандай болды. Ақыры Кәрекеннің жасы келіп, пенсияға шыққанда қолындағы құрығын Амантайға сеніп тапсырған еді. Аяулы қарттың сол сәттегі мына бір сөздері Амантайдың әлі есінде:

— Амантай, «Тұлпар тұяғын тай басар» деген бар. Менің қырық жыл өмірім жылқы бағумен өтті. Сол күндерімді ойласам, бір уақыт шалқын тасып кетемін. Өйткені бұл жылқы мені Кәрекен атандырды. Совхозды былай қойғанда, ауданның, облыстың сыйлы адамдарының бірі болдым. Сол құрметті сен де көр. Елің сыйласын, еңбегін жансын!.. Амантай Кәрекен ақылын кітап сөзіндей жаттап, көкейіне түйді. Аяулы қартқа ұқсап жылқы бағуды азаматтық борышым деп білді. Сол борыш өтелді. Ұстаздан шәкірт озды. Бұл күндері Амантай тәжірибелі жылқышы, омырауындағы Ленин ордені — ерен еңбегінің жемісі».

«Ленин жолы» газеті де «Ленин орденді ардагер» деген рубрика ашты. Осы рубрикамен берілген «Арман күшқан ана» деген очерк Сырдария ауданының «Тартоғай» совхозының майталман бақташысы Үмітай Сырмышеваның еңбек зейнетін, ал «Серғазы Опалхожаев» деген суреттеме азамат соғысы ардагерінің, байырғы теміржолшының өмір асуларын елестетеді.

## АСҚАН ПАРАСАТТЫ АДАМ

Еңбекші адамзаттың данышпан көсемі, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін қалаушы Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекесі қарсаңында Ильич туралы жарыққа шығып жатқан әдеби туындылар қатарында Мәскенің Саяси әдебиет баспасы шығарған «Тақим был Ленин» деген естеліктер жинағы ерекше орын алады. Жақында бұл кітапты «Қазақстан» баспасы «Ленин ғажайып жан еді» деген атпен қазақ тілінде шығарды.

Бұл кітаптан оқушы ұлы көсемнің серіктерімен, шәкірттерімен, оны көріп, сөзін тындаған, кездесіп әңгімелескен, Владимир Ильичтің тікелей басшылығымен еңбек етіп, зор бақытқа ие болған адамдармен бейне бір сыр шерткендей әсер алады. В. И. Лениннің өмірін, еңбекшілердің бақыты үшін жүргізген революциялық күресі мен партиялық-мемлекеттік қызметін, жұмысшылармен, шаруалармен күнделікті қарым-қатынасын күні бүгінгідей көз алдыға елестететін бұл материалдарды оқыған адам жеңімпаз лениндік идеялардың, қастерлі ұлы адамгершіліктің биік мәртебесін мақтан етпей, оған сүйсінбей тұра алмайды.

Кітаптың «Коммунистер партиясының негізін қалаушы және көсемі» деп аталатын бірінші бөлімі жап-жас Лениннің Петроградта алғашқы марксистдердің үйірмелеріне басшылық ете бастаған кезеңнен оның Ұлы Октябрь революциясына дейінгі қызметі мен күресін баяндайды. Владимир Ильичтің замандас достары әрі шәкірттері: Г. М. Кржижановский, И. В. Бабушкин, В. А. Шелгунов, А. И. Ульянова-Елизарова, Р. С. Землячка, Н. Б. Крупская, А. М. Горький, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский және басқалар кеменгер көсемнің революциялық қызметін, жұмысшы табының марксизммен қаруланған партиясын құру жолында жүргізген жанқиярлық күресін, ерен ерлік еңбегін, бойына біткен таланттың сан қырын жан-жақты көрсететін қыруар деректер келтіреді.

Глеб Максимилианович Кржижановский В. И. Лениннің ұмытылмас бейнесін, кіршіксіз таза жая дүниесін оқушылардың көз алдына ерекше айқын елестетеді. Владимир Ильич, дейді ол, дембелше кісі болатын, жылы жүзді бет әлпеті шығыс адамдарының реңіне сәл ұқсаушы еді. Бұл тұлғасымен фабрика кварталдарының қайсысына кетсе де таппас едің, көзге де түспес еді. Айталық, шаруа шекпенін кие қалса, Владимир Ильич Волга бойындағы шаруалардың кез келген тобына сідіп кетер еді. Оның пішінінде халықтың сол төменгі топтарымен тікелей тамырлас, солармен қаны бір тәріздес бейне бар еді. Владимир Ильич қай жерге, кіммен бірге барса да, онда түйінді мәселе жөнінде пікір айтуға тұра келсе болғаны, табанда жұртты ұйытып, өзіне тартып әкететін! Ол сөйлегенде ешқандай лепірме, даурықпа сөзге жармаспайтын, бірақ оның сөзінің бәрі сондай салмақты, терең мағыналы, сондай дәл және әсерлі болып келетін. Бұл кезде В. И. Ленин жұмысшылардың арасында саяси сабақ өткізетін. Г. М. Кржижановский өзінің Ильичпен алғаш рет З. П. Невзорованың пәтерінде «Рынок туралы» деген тақырыпта сабақ өткізген кезде кездескенін жазады.

Ильичтің жұмысшы серіктерінің, шәкірттерінің естеліктерінде оның революциялық қызметінің алғашқы кезеңдері ерекше әсерлі суреттелген. Сол кезде 23 жастағы Владимир Ильич от-жалындай жанып тұрған ғажайып кіршіксіз таза жан еді, мұнысы өзі бекем бел байлап түскен жолда ерлік істер істеуге, ақырына дейін аянбай, жанын құрбан етуге үнемі әзірлігінің белгісіндей еді дейді олар. Осындай жастығына қарамай, оның марксизмді таңғажайып терең меңгере білгені, елдің экономикалық жағдайын жетік білетін сол кездегі марксистдерді бір жағынан қатты таңдандырса, екінші жағынан оларды Лениннің төңірегіне топтастырды.

Владимир Ильичтің албырт жастығына, тасыған жігеріне қарамастан, кереқарыс

мандайы мен асқан білімдарлығы үшін Петербург революционерлері оны «қария» деп атаған. Ильичтің жұртты өз төңірегіне үйірілте білетін шеберлігі, тапқырлығы, өзін жұмысшылар арасында тәкәппар оқытушы сияқты емес, қайта олардың досы, жолдасы тәрізді ұстай білетіні онымен бір сәт бірге болып, достық әңгіме құрған кісінің көңілі жадырап, күш-жігері тасып сала беретін еді деп еске алады Ильичтің замандастары.

В. И. Ленин 1894 жылдың қысында Петербург жұмысшыларының барлық маркстік үйірмелерін «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» біріктіреді. Енді бұл одақтың мүшелері жұмысшылардың шағын үйірмелерінде сабақ өткізуден пролетариаттың неғұрлым қалың бұқарасына ықпал ету үшін кең үгіт жұмысын жүргізуге көшеді, листовкалар, маркстік әдебиеттер тарата бастайды.

Владимир Ильич маркшілдердің жұмысшылар арасындағы ықпалын күшейте беріп, пролетариатты саяси күрес жолынан алаң ететін халықшылдық идеологияның қалдықтарына тойтарыс беру үшін жұмысшы газетін шығару керек деген тоқтамға келеді. Ильичтің өзі мұқият редакциялап, төрттен үш бөлігін өзі жазған «Рабочее дело» газетінің тұңғыш номерін баспаханаға жетпей жандармдар ұстап алып, құртып жіберген.

Естеліктердің бұл бөлімінде Владимир Ильичтің революцияшыл жұмысшы партиясын құру жолында халықшылдыққа, «жария марксистерге» қарсы күресі жан-жақты баяндалған.

Владимир Ильичтің жан жолдасы әрі революциялық қызметтегі серігі Надежда Константиновна Крупская пролетариаттың маркстік партиясын құруда шешуші кезең болған екінші съездің үстіндегі саяси күрестің ұңғыл-шұңғылын, онда В. И. Лениннің атқарған ролін кеңінен көрсетіп берген. Съезд үстінде де Ильичтің әдеттегідей жұмысшылар бұқарасына мейлінше түсінікті, әділетті әрі принциптік саясат ұстағанын, ол жарыссөзде қандай қатал әрі қызу сөйлегенімен, мәжілісте председатель болғанда өте ұстамды, байсалды болғанын мысалға келтіреді Надежда Константиновна. Владимир Ильич бір «центристің»: «Біздің съезде жағдай қандай ауырлап кетті!.. бұл қатты кеткен айтыс қой, бұл жолдастыққа жатпайды ғой!» деген қынжылу сөзіне: «Біздің съезд қандай тамаша нәрсе! Ашық, еркін күрес. Пікірлер айтылды, сарындар айқындалды. Топтар белгіленді. Қолдар көтерілді. Қарар қабылданды. Кезеңнен өттік. Енді алға! — Міне іс болса осындай болсын. Бұл — нағыз өмір. Бұл интеллигенттердің ұшы-қиыры жоқ, жалықтыратын құрғақ сөздері емес; мұндай құрғақ сөздер жұрт мәселені шешкендіктен бітпейді, сөйлей-сөйлей шаршағандықтан бітеді...» деп жауап береді.

Бұл сөздің бүкіл сарынынан Владимир Ильичтің кесек тұлғасы, алдына қойған мақсаты көрінумен бірге II съездің жұмысына берілген данышпандық баға сезілер еді. Шынында да II съезден кейін большевиктер мен меньшевиктердің іргесін аулақтататын негізгі бағыт айқындала бастады. Бұлардың арасындағы съезде басталған күрес шетелде де, Россияда да күшейе түсті. Владимир Ильич осындай қиян-кескі пайқас үстінде біздің партияны баулып шынықтырды, марксизм ғылымын қажымай-талмай дамытып, туып келе жатқан революцияның тактикалық және стратегиялық жоспарын жасап берді, пролетариаттың таптық күресіне басшылық етті.

Кітаптың екінші бөлімі «Революция кемеңгері» деп аталады. Коммунистік партияның көрнекті қайраткерлері, белгілі революционерлер Н. И. Подвойскийдің, В. И. Невскийдің естеліктерінде Владимир Ильичтің Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңісінің дем берушісі және ұйымдастырушысы екені көрсетіледі.

1917 жылы Февраль революциясы Россияда патша самодержавиясын құлатты, соның нәтижесінде жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Советтерімен қоса буржуазиялық Уақытша үкімет құрылды. Сөйтіп пролетарлық революцияның дамуындағы аса бір күрделі, қиын кезең туды. Бұл кезде В. И. Ленин шетелде эмиграцияда болатын. Ол Россияға қалай да тезірек жетуге асықты. Россия пролетариаты мен большевиктер партизасы да өз көсемінің келуін тарат таппай күтті. Өйткені пролетарлық революцияның ендігі даму бағдарын тек Владимир Ильич қана дұрыс көрсетіп бере алатын еді.

Петроград Советінің мүшесі, партияның Орталық Комитеті жанындағы әскери ұйымның басшысы Н. И. Подвойский Ильичтің 3 апрельде Петроградқа келуін, жұмысшылар мен революцияшыл солдаттардың өз көсемін қалай қарсы алғанын, революция күндерінің жағдайын ерекше әсерлі етіп баяндайды. Автор суреттеген мына бір жарқын елес мәңгі ұмытылмастай: «Владимир Ильич негізгі есіктің баспалдағына шығып, сол арада шағын сөз сөйледі, содан кейін оны автомобильге отырғызды, бірақ халық әбден дүрлігіп кеткен, машинамен жүріп өту мүлде мүмкін болмады.

Владимир Ильич автомобильден шықты. Мотордың үстінде тұрып ол жұмысшыларға қарап қысқаша сөз сөйлеп, оны «Социалистік революция жасасын!» деген ұранмен аяқтады, содан кейін автомобильге отырайын деп еді, бірақ бұл мүмкін болмай қалды, өйткені халық үнемі өзінің көсемімен бірге болғысы келді. Осы кезде одан вокзалдың алдына жақындап келіп, автомобильмен қатар тұрған броневикке ауысып отыруды сұрадым.

— Машина жүріп бара жатқанда оның үстінде тұрып сөз сөйлеуге болады, бұл өте қолайлы, — дедім мен.

Жұмысшылар Владимир Ильичті қолдарына көтеріп, оған броневиктің үстіне шығып тұруға көмектесті. Бүкіл алаңды түгел қамтуға тырысып, Ленин қатты дауыстап, айқындап тұрып өзінің даңқты «Финляндия вокзалындағы сөзін» сөйледі. Бұл революцияны онан әрі соза беру жөніндегі жалынды ұран болды. Оның бүкіл жарқын ойы тек оң қолына жиналғандай, оны ілгері сілтеген Ильичке тән қимыл Финляндия вокзалының жанында броневиктің үстінде тұрған Ленинді көріп, оның сөзін естіген адамдардың есінде мәңгі сақталды».

Кітаптың осы бөліміне берілген жұмысшы большевиктер Н. А. Емельяновтың, А. В. Шотманның, Э. А. Рахьяның естеліктері Ильичтің өмірі мен революциялық қызметінің ең бір қиын да қауіп-қатерлі кезеңдерін елестетеді. Буржуазиялық уақытша үкімет 1917 жылғы июль оқиғаларынан кейін В. И. Ленинді түрмеге қамап, оның көзін жойып жіберуге жанталасты, сөйтіп өзінің тыңшылары мен жендеттерін қаптапты. Осындай контрреволюцияшыл күштердің қуғын-сүргініне қарамастан Владимир Ильич астыртын жұмыста да ересен еңбек етіп, марксизмнің социалистік революция туралы теориясын онан әрі дамытты, өзіне тән ғылыми көрегендіктің арқасында елдегі таптық күштердің тамырын дөп басып, асқан табандылықпен пролетариатты, партияны қарулы көтеріліске әзірледі.

Октябрьдегі қарулы көтерілістің нақ алдында В. И. Лениннің басшылығымен өткізілген Орталық Комитеттің төтенше мәжілісі туралы А. В. Шотман былай деп жазады: «Жиналғандардың көпшілігі Владимир Ильичті июль күндерінен бері көрген жоқ еді... Владимир Ильич жолдастар жиналған бөлмеге кіргенде жұрттың бәрі жапатармағай оның қолын алуға ұмтылды, кейбіреулер онымен сүйісіп жатыр, жан-жақтан сұрауды жаудыруда. Владимир Ильич қуанышты күйде күлді, әзілдесті, содан соң жиналысты ашуды ұсынды... Екі сағатқа жуық созылған Лениннің сөзін жұрттың бәрі асқан зейінмен тыңдады... Владимир Ильич өзінің баяндамасын: өкіметті дереу, қазір-ақ алу керек; әрбір жоғалтылған күн өлімге тең деген сөздерді бірнеше рет қайталаумен аяқтады. «Егер біз өкіметті қазір-ақ алмасақ, тарих бізді кешірмейді!» деп мәлімдеді ол».

Бұл нағыз көрегендік еді. Партия мен пролетариат көсемнің бұл нұсқауын орындап шықты.

Біздің партияның белгілі қайраткерлері, Октябрь революциясының ардагерлері В. И. Невскийдің, А. В. Луначарскийдің, В. А. Антонов-Овсеенконың естеліктерінде тарихи Октябрь күндері, Петроград жұмысшылары мен революцияшыл солдаттарының қарулы көтерілісі, Қысқы сарайдың алынуы, оған Владимир Ильичтің қалай басшылық еткені жан-жақты баяндалады. В. А. Антонов-Овсеенко көрсеткендей, бөгелмейтінді бөгейміз деп, өмірдің өзі жоққа шығарғанды құтқарамыз деп жанталасқан орыс жеріндегі ақырғы буржуазиялық үкімет құлады. Советтердің II съезі өкіметті өз қолына алғандығын жариялады, жер және бітім туралы Декреттер қабылданды, пролетариаттың тұңғыш үкіметі — Халық Комиссарлары Советі құрылды.

Американ жұмысшы қозғалысының көрнекті өкілі, жазушы және публицист Джон Рид өзінің осы жинақта жарияланған естелігінде Советтердің II съезін, оған Лениннің қатысуын былай суреттейді: Лениннің келгенін хабарлаған кезде сағат 8-ден дәл 40 минут өткен еді. Лениннің бойындағы асыл қасиеттер — қарапайымдылық, сүйкімділік. Халықтың нақ осындай сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген көсемдер тарихта, мүмкін, небен-саяқ қана болған шығар дей келіп, мұнан әрі ол Ильич сөзін тыңдағаннан алған әсерін: оның бойында жасандылық мінез деген атымен жоқ, көңіл-күйінің құлы болмайтын, айтқанынан қайтпайтын, жылтырағанға үйірлігі жоқ, байсалды да салмақты, бірақ ең қарапайым сөздер арқылы ең күрделі идеяларды аса үлкен шеберлікпен жеткізіп берді, нақты жағдайға жұрт бас иетіндей, ақыла қонымды, алғыр да батыл оймен ұштастырыла терең талдау жасалды деп баяндайды.

Кітапта Лениннің Октябрь революциясының жеңісінен кейінгі өмірі мен қызметін шолатын естеліктерге де едәуір орын берілген. Мұнда Владимир Ильичтің тарихта бұрын болмаған жана қоғамның — социалистік қоғамның сәулетшісі және ұйымдастырушысы екенін білдіретін көптеген материалдар бар.

Октябрь революциясы жеңіп, өкімет билігін өз қолына алған еліміздің жұмысшылары мен шаруаларының халық шаруашылығы түгелдей дерлік қираған, аштық пен күйзеліс жайлаған жағдайда жаңа өмір құруына тура келді. Оның үстіне әлі буыны қатпаған жас Совет өкіметіне дүние жүзінің капиталистері таптық өшпенділігін күшейте түсті, оны қарумен де, экономикалық және дипломатиялық жолмен де тұншықтырып тастауға жанталасты.

Міне осындай қиын кезеңдердің күәсі болған, жаңа құрылысқа тікелей ат салысқан адамдар Ленин бастаған Коммунистік партияның жұмысшылар мен шаруалардың тұңғыш социалистік мемлекетін құру, Советтік Россияны империалистік соғыстан құтқару, Совет өкіметін нығайту жолындағы күресін тебірене әңгімелейді. Олардың естеліктерінде Владимир Ильичтің мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылысқа, Совет үкіметінің ішкі және сыртқы саясатына, елдің қорғанысына, Коммунистік партияның қызметіне, оның бірлігі мен топтасқандығын нығайта беруге қаншалықты данышпандық басшылық жасағанын көрсететін жарқын фактілер келтіріледі.

Қарт коммунист, профессионал революционер В. Д. Бонч-Бруевич Петроградта Октябрь революциясы жеңгеннен кейін шамамен бес күндей өткенде Владимир Ильичтің ел басқару жөнінде ұйымдастыру жұмысына кірісетін уақыт жетті деп мәлімдегенін еске түсіреді. Ленин оның өзіне Халық Комиссарлары Советінің Іс басқарушысы қызметін тапсырады. Міне осыдан кейін Смольныйда басқа комиссариаттардың да уақытша басқару аппараттары құрыла бастайды.

В. Д. Бонч-Бруевич Финанс комиссариатының құрылуына байланысты аса қызықты, әрі сол кездегі жаңа құрылыс кезеңіне тән бір фактіні келтіреді. Финанс комиссариатына белгілі революционер Менжинский жолдасты Халық Комиссарлары Советі түннің бір уағында бекітеді. Бұл оның мықтап шаршап жүрген кезінде болса керек. — Үкіметтің жарлығын дереу жүзеге асыру үшін, — дейді Бонч-Бруевич, — ол тағы бір жолдаспен бірге үлкен диванды алып келді де, оны іс басқармасының бөлмесіне қойды, сонан соң бір парақ қағазға ірі әріппен «Финанс комиссариаты» деп жазды. Осы қағазды диванның үстіңгі жағына жапсырды да, өзі оған жатып ұйықтап кетті...

Владимир Ильич кабинеттен шығып өді, мен оған:

— Қаранышы! Бізде тағы да екінші бір комиссариат ұйымдасты, осы арада, жап-жақын. Сізді онымен таныстыруға рұқсат етіміз, — деп ертіп келдім.

Владимир Ильич жазуды оқып шықты, ұйықтап жатқан комиссарды көріп, бар көңілді кейіппен қарқылдап күлді де, комиссардың жұмысты ұйқыны қандырып, күш жинаудан бастағаны өте жақсы деді. Сөйтіп біз совет аппаратын қаз-қаздап құрған едік, ол көп ұзамай іске кірісіп кетті.

Совет үкіметінің тұңғыш сыртқы істер халық комиссары болған Г. В. Чичерин де Владимир Ильичтің бұл комиссариатты құрып, оның жұмысын жолға қоюға, Совет үкіметінің сыртқы саясатын белгілеуге мейлінше мұқият көңіл бөліп отырғанын жазады.

Ал кітаптың осы бөліміне берілген Г. М. Кржижановскийдің, А. В. Винтердің, Г. О. Графтионың, Л. К. Мартенстің және басқаларының естеліктерінде елімізде социалистік экономиканы ұйымдастырудың мәселелерін шешудегі В. И. Лениннің асқан көрегендігін, іскерлігі мен қайрат-жігерін, оның социалистік құрылыстың жауларына, солқылдақтар мен сенімсіздерге қарсы күресін паш ететін көптеген фактілер келтіріледі.

Бұл кезде ұлы көсеміміз Совет мемлекетінің экономикалық және саяси негіздерін қалыптастырумен бірге халықаралық коммунистік қозғалыстың маңызды проблемалары жөніндегі теориялық еңбектерін жазумен де шұғылданды. Шет елдік қайраткерлер — Клара Цеткин, Уильям Галлахер, Бела Кун, Антонин Запотоцкий, Альберт Рис Вильямс және басқалары В. И. Лениннің халықаралық жұмысшы қозғалысындағы орасан беделі туралы баяндап береді. Естеліктердің авторлары Владимир Ильичтің қандай қиыншылық болса да революциялық оптимизммен қарап, әділетті іс үшін күресте қорқыныш дегенді білмегенін, жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы қолдаған советтік құрылыстың беріктігіне, еңбекшілердің творчестволық күшіне, коммунизмнің сөзсіз жеңетіндігіне көміл сенгенін ерекше сүйсіне жазады.

Осымен бірге олар В. И. Лениннің Россиядағы және халықаралық жұмысшы қозғалысындағы оппортунизм атаулының бәріне қарсы ымырасыз күрес жүргізуге шақырғанын, марксизмді социалистік құрылысқа творчестволықпен қолдана біліп, оны жаңа қорытындылармен байытқанын атап көрсетеді.

Кітаптың бұл бөліміндегі Л. А. Фотиева естеліктерінің орны ерекше. Ол Владимир Ильичтің өмірі мен қызметінің соңғы кездерін — ұлы адамның ауыр науқастығына қарамай ақырғы тынысы біткенше совет елінің жағдайы мен болашағын, халық пен партияның тағдырын ойлауды тоқтатпағанын, оның асқан қажырлылығы мен қайтпас

жігерін көз алдына келтіреді. Бұл кезде Лидия Александровна Фотиева Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің секретары болып, Владимир Ильичтің тікелей басшылығымен қызмет атқарған болатын. «Күндізгі және ұйқы көрмейтін түндердегі талай сағаттарды Владимир Ильич партияға тоқтаусыз нені айтуым керек... нелерді айтып үлгіруім керек деген оймен өткізгендігін зор сеніммен айтуға болады» деп жазады ол.

СССР-де социализм орнату жоспарын тұжырымдап берген өзінің: «Күнделік дәптердің беттері», «Кооперация туралы», «Біз Рабкринді қайтадан қалай құруымыз керек», «Біздің революция туралы», «Аз болса да жақсы болсын» деген мақалаларын, «Съезге хат», «Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына заң шығару функциясын беру туралы» және Сталинге Орталық Комитеттің пленумы үшін сыртқы сауда монополиясы туралы хаттарын Владимир Ильичтің шарасыз ауыр науқасымен алыса жатып, айтып жаздырған әрбір минутын, сағатын Л. А. Фотиева мейлінше дәл де әсерлі етіп баяндап шыққан.

Кітаптың тағы бір үлкен бөлімі «Әрқашан халықпен бірге» деп аталады. Сибирь шаруасы О. И. Чернов, Путилов жұмысшысы А. В. Иванов, темір жолшы С. Терехов, Иваново-Вознесенскінің тоқымашысы Г. Королев және басқа да көптеген жұмысшылар мен шаруалар, солдаттар мен матростар өздерінің В. И. Ленинмен кездескен сәттерін тартымды баяндайды. Бұлардың шынайы да қарапайым әңгімелерінде Владимир Ильичтің әрдайым бұқарамен тығыз байланыс жасап отырғаны, елдің, партияның тағдырына байланысты қандай бір маңызды, күрделі мәселені шешуде жұмысшының немесе шаруаның пікірін партияның Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі мүшесінің пікірінен бірде-бір кем санамағаны нақты мысалдар арқылы сипатталады.

Естеліктердің соңында «Ұлы да қарапайым жан» деген бөлім берілген. Бұл бөлімде пролетариаттың ұлы жазушысы Максим Горький Владимир Ильичке тән теңдесі жоқ дарындылықты, талантты, оның алыстан болжайтын алып ойын, биік парасатын көркем сөзбен өрнектеп жыр етсе, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлері Елена Дмитриевна Стасова, Владимир Дмитриевич Бонч-Бруевич, Александра Михайловна Коллонтай Ильичке тән мейірімділікті, жан жомарттығын, кішіпейілдікті, сезімталдықты шын көңілден сүйсіне баяндайды. Қысқасы, бұл кітаптағы естеліктер Владимир Ильич Лениннің алып тұлғасын, жарқын бейнесін бүгінгі ұрпаққа сол қалпында жеткізіп береді.

Марксизмнің В. И. Ленин сынды кемеңгер теоретигінің, жаңа дүние орнату жолындағы жалынды революционердің бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттер — тарихи дамудың объективтік барысын терең білуге негізделген көрегендік, қайрат-қажырлылық, іскерлік, ғажап кішіпейілдік, қарапайымдылық, шыншылдық, коммунизм ісіне шексіз берілгендік, еңбекшілер бұқарасына деген сүйіспеншілік — совет адамдарының талай ұрпағын тәрбиелеп өсіруде үлгі-өнеге бола бермек.

Қ. ӘБІЛДАЕВ.



# ЖАҢА КІТАПТАР

Лениниана сериясымен «Қазақстан» баспасы ұлы көсеміміздің туғанына 100 жыл толуына әзірлікке байланысты қазақ тілінде бірнеше кітап шығарды. «Ұлы партияның ұйтқысы», «Партия революцияға қадам басты» деген кітаптар бұрынырақ жарық көрген болатын. Осы жинақтардың жалғасы «Ленин идеяларының нұрымен» деген кітап таяуда шықты. Мұнда да алдыңғы жинақтардағы сияқты Владимир Ильичтің серіктері, достары мен замандастары туралы жиырма бес әңгіме берілген. Бұдан бұрынғы екі кітапта Владимир Ильичтің өзімен бірге жүрген жақын серіктерінің арасындағы қарым-қатынасы арқылы көсемнің саясатшы, философ болғаны, Коммунистік партия мен дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің кемеңгер ұйымдастырушысы екені көрсетілсе, бұл кітаптағы әрбір шығарма социалистік мәдениеттің қаз тұруына, өсіп жетілуіне лениндік идеялардың ізгі ықпалын баяндайды.

В. И. Ленин өнердің барлық түрін, ғылымды өркендетуге өнебойы қамқорлық жасап отырған. Лениннің қамқорлығы мен ілтипаты сан алуан болғаны осы кітаптағы әңгімелерден айқын көрінеді. Ол жазушылармен, ғалымдармен, инженерлермен, сәулет өнері иелерімен достасып, хат жазысып тұрған. Қажет болған жағдайда оларға материалдық көмек көрсеткен. Ұлы көсемнің осы қамқорлығына социалистік мәдениет пен ғылымның үздік қайраткерлері Н. А. Андреевтің, М. Ф. Андрееваның, Демьян Бедныйдың, И. И. Бродскийдің, А. В. Вингердің, В. В. Воровскийдің, Максим Горькийдің, Г. О. Графтионың, И. М. Губкиннің, М. Н. Ермолованың, И. В. Жолтовскийдің, Н. Е. Жуковскийдің, Л. Я. Карповтың, Р. Г. Классонның, Ф. Я. Конның, А. В. Луначарскийдің, В. В. Маяковскийдің, И. В. Мичуриннің, И. П. Павловтың, А. С. Серафимовичтің, К. А. Тимирязевтің, К. Э. Циолковскийдің, И. Д. Шадрдың өмір жолынан жарқын да әсерлі елестер берілген.

Бұл кітаптағы әңгімелердің авторлары — советтің аса көрнекті жазушылары.

Лениниана сериясымен шығарылып жатқан кітаптардың «Планетамыздың

лениндік гвардиясы» деп аталатын төртінші, «Біз жаңа, жарқын дүние орнатамыз» деген бесінші томдары да ұлы көсемнің туғанына 100 жыл толу мерекесіне дейін қазақ оқушыларының қолына тимек.

«Ленин бізбен бірге». Ленин әрқашан бізбен бірге, Ленин әрқашан біздің ісімізде, біздің көкейімізде. Бұл кітаптың басынан аяғына дейінгі басты арқауы міне осы. Кітаптағы көркем очерктерде әртүрлі адамдардың — жұмысшылар мен шаруалардың, суретшілер мен жазушылардың, Совет Армиясы жауынгерлерінің және космосты игерушілердің тағдырына лениндік идеялардың, лениндік істердің шарапаты жөнінде айтылады.

Кітаптың тілі көркем, тартымды жазылған. Оны көрнекті жазушылар, журналистер, өнер қайраткерлері жазған.

«Ленин кітапхана ісі жайында». В. И. Ленин кітапхана ісіне өте жанашырлықпен көңіл бөліп, оның жұмысын жақсартуды тиісті адамдардан талап етіп отырған. Ол кітапхана жүйелерінің барынша дамуына, оның неғұрлым жақсы жабдықталуына зейін қойып, көп уақытын бөлді. Оқу комиссариатынан, жеке мамандардан және Жұмысшы-шаруа инспекциясынан осы жөнінде үнемі мәліметтер талап етіп отырды. Владимир Ильич кітапханалар мен оқу үйлері әлі де көп уақытқа дейін әсіресе деревняларда бұқараға саяси тәрбие беретін негізгі орын және бірден-бір мекеме болып қала береді, оларда жұмыс істеу барынша қызықты, жауапты деп атап көрсетті.

Ұлы көсеміміздің туғанына 100 жыл толуы қарсаңында «Қазақстан» баспасы оның кітапхана ісін ұйымдастыру жөніндегі данышпандық нұсқаулары мен ойпікірлерін біздің мәдениет майданының қызметкерлеріне арнап, қазақ тілінде шығарды. Н. К. Крупская В. И. Лениннің зор әдеби мұрасын үнемі зерттей келе, елімізде кітапхана ісін жаппай дамыту жөніндегі қоғамдық қозғалыс кең өріс алған кезде, 1929 жылы «Лениннің кітапхана ісі жайында жазғандары мен айтқандары» деген кітапша шығарды. Осы кітапшаның алғы сөзінде Надежда Константиновна былай деген: «Ильичтің

кітапхана ісі жөніндегі айтқандарын қазір қайталап оқып отырсаң, оның сөздерінің қаншалықты маңызды және өміршең екендігін айқын сезінесің, біраз жылдар өткеніне қарамастан бұл жөнінде жазылған оның мақалалары өсіресе қазіргі уақытта, қай кездегіден де гөрі істе басшылық қызметін атқарады». Көпшілік оқушыға арналған бұл кітапша әр кезеңде бес рет қайта басылып шықты.

«Ленин кітапхана ісі жайында» деген жинаққа Н. К. Крупскаяның, осы еңбегі негізге алынған. Жинақта жарияланған лениндік документтер хронологиялық тәртіп бойынша берілген. Жинақтағы қосымшада В. И. Ленин қол қойған декреттер, сондай-ақ Лениннің кітапхана ісіне көзқарасын білдіретін документтер, онымен етене жақын болған адамдар: Н. К. Крупскаяның, В. А. Карпинскийдің, М. Н. Покровскийдің естеліктері берілген. Сондай-ақ мұнда кітапхана қызметкері В. А. Модестовтың В. И. Ленинмен кездесуі жайында естелігі бар.

Жинақта жарияланған документтер 1905 жылдан 1923 жылға дейінгі кезеңді қамтиды.

«В. И. Ленин диалектиканың категориялары туралы». Философия ғылымының докторы, профессор Ж. Төленов бұл кітабында В. И. Лениннің диалектиканың категориялары туралы маркстік ілімді дамытудағы ролін көпшілікке түсінікті өтіп жазып шыққан.

Лениннің еңбектеріне сүйене отырып, автор философия ғылымында онша көп зерттелмеген қағидаларды ашып көрсеткен. Өсіресе категориялардың қалыптасуы, олардың мәні мен жүйесі, материалистік диалектиканың негізгі заңдарымен байланысы және олардың ғылым мен тәжірибені дамытудағы маңызы жөніндегі лениндік тұжырымдар туралы көптеген мағлұматтар келтірілген.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, философия пәнінің оқытушыларына, аспиранттарға, насихатшыларға, сондай-ақ партия оқуы жүйесінде маркстік-лениндік ілімді үйренушілерге арналып жазылған.

УГ05101.

Зак. 16.

Тираж 44310

**РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:**

**Қ. САҒЫНДЫҚОВ** (бас редактор), **З. АЙТМАҒАМБЕТОВ** (жауапты секретарь), **С. БЕЙСЕНБАЕВ**, **Ж. БЕКТЕПОВ**, **Ш. ЕСМҰРЗАЕВ**, **Т. ЖАНКЕЛДИН**, **С. ҚОЖАМСЕЙІТОВ**, **К. МЕНДІБАЕВ**, **Т. ЫДЫРЫСОВ**.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Қомсомол көшесі, 103.

Телефондар: секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, насихат және экономика бөлімдері — 2-57-23, редактор — 2-23-03

4/IV-1969 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. 2,5 қар. — 6,85 авт. табак.

Қазақстан КП Орталық Комитеті баспасының баспаханасы, Алматы, Ленин проспекті, 4.